

Ж. Махметов

Қаныш

Роман



Құндыз Оразалина
Астана 2019.

ББК 109. Каз 5-57

Ж 96

Ж. Махметов

Ж 96. Қаныш. Астана 2019.

Роман.

ISBN 9267-29-975-9

Ж 728593456-75.2019.
538(05)-07.

ISBN 9267-29-975-9

ББК 106 Каз. 5-57
Астана 2019.

-«Ұшқыннан-от қаулайды»-деген Лениннің сөзін, Чернышевскийдің кітабынан оқып, Қаныш біраз ойға батып, әрбір парағын қайталап оқып, аша бергенде қасына стол басына, егіделеу кісі келіп, ойын бөліп жіберді.

Ұзын бойлы толықша біткен кесек денелі сары кісі, шашын артына қайыра біткен, жалаң бас, күлімсірей сөйлеп, Қанышқа оң қолын ұсына берді: Менің атым Николаев, кел танысалық, қазақ жеріне келгеніме көп бола қойған жоқ, Петербургтен қашып осы қаланы паналап, кітапханаға келіп кітап оқып, болып жатқан патшаның орыс халқына «жауыздық-үстемдігін» біліп хабар алып, отыруды қаладым.

Онда балаларым мен әйелім қалды. -«Қанды жексенбіге» қатнастың деп, қуғынға ұшырағанымызда, соның айғағы, біразын Сибирге айдап әкетті, біз қашып шығып, әрең дегенде өліп-талып, жеткеніміз осы болды, аюшылық жоқ, қаншамасын алаңда қырып, қызыл қанға бояды.

-Мен осында күнде келіп, тұрақты оқырманы болып алдым. -Неше келсемде, сізді көремін, кітаптарды жайып тастап, бар назарыңмен оқып отырғаныңды байқадым.

-Оқығаныңның бәрі «Орыстың ер жүрек Чернышевский сыяқты, ойшыл дана» классиктерінің шығармаларын, орыс тілінде оқып, жатқаныңа таң қалып «қазақтың ұлы даласындада» осындай оқуға құмар, ақылды азаматтары бар екен деп, ой түйдім, сондықтан өзіңе келіп танысуды жөн көрдім!»-деді

Никалаев. Қаныш бірден атып тұрып, қасындағы орындыққа отыруды, нұқсады.

-Сары келген ат жақты сұлу жігіт Қаныш өзін таныстырып, осындағы орыс мектебінде оқитындығын баян етті.

-Николаев өте адал жан, бар шындығын айтып, жайып салды. -Оқыған білімді, нағыз елінің шын патриоты екендігі, Қанышқа біраз ой салды, оның алысқа болжауын қалады. Қаныш орысшаны жақсы меңгерген, шешендік тілімен «би-болыстардың» ел арасындағы, кедейлерге істеп отырған зұлымдық істерін, солардың күңі болып, ауыр жағыдайларды бастарынан өткізіп, ісше тамаққа жарымай «жоқшылықтың» құрсауынан шыға алмағанын сөз етті. Николаев Қаныштың байыптап айтқан сөзіне риза болып: Қазақ даласында осындай ұшқында бар екен, соны барған жерде, көпшілік алдында, айтып шаша беру керек «Ол ұшқын от болып жануы ғажап емес» қазақтың ұл-қыздары түсініп бәріде сенің соңыңнан, еретін болады!-деді. Николаевтің әрбір сөзі, Қанышқа ұнады, зиін қойып, көп мәселелердің жолын түсіндіріп, нағыз ер-жүрек халықы үшін туған азамат екенін танытты. Әңгіме біразға созылды, -Қаныш үшін ой-арманының ашылуы, осылайша керек еді.

-Тоғысқан тағыдыр, күн сәулесін бүркемелеп, қараңғы түнек, ернеуден кетпей, қоюлы қара бұлт басқан сар даланың, өңі өзгеріп, шықпауға батып, қалған тағыдыр қаншама жанның кең дүниедегі өмірін өшіріп, сұрыптал үмітке шыға алмай, қайранда қалып, мүсәпір болып, қайғымен жалғасты.....

-Николаев Қанышқа өзінің сонау Петербургтан әкелген, орыс классиктерінің шығармаларын беріп, ұсынды Қаныштың оқып, кең жарық дүниеден сезім алып, жарық сәуленің қазақ жеріне түсетінін біліп ойға орала берді. Ол болашақтың тұңғыш қадамы деп, түйіндеді.

Жол серік деген осы, Қанышпен дос болып, болып жатқан Ресей жеріндегі сойқын патшаға қарсы, Пугачев бастаған, Қазан жеріндегі Юлаев көтерілісі, кешегі «Қанды жексенбі» қаншама қарапайым халықтың қанымен жуылды.

-Бұл бірақ мәселе «декабристердің» патшаны өлтіріп, тынғанымен оларды патша әскерлері ұстап алып, «дараға асып, казнит» еткен сұрапыл істері, ұмытылар емес, жас қыршындар өжеттілігімен өмірден өтті, кім-кімгеде аюшылық жасамады, оны Александр Уляновтың өзі басқарып, белсенділік көрсетті. Бұлар өте қаталық жасады, патша өлгенмен, оның «тақ мұрагері» орнын басады, біз бұл жолмен жүрмейміз «бүкіл халықпен қарулы көтеріліс ұйымдастырып, патшаны құлатып төңкеріс жасап, Ресей жерінде совет үкіметін орнату керек» сонда ғана ісіміз орындалады!- деген Лениннің сөзін айтып Қанышқа түсінік етті.

Николаевтің осындай жалынды сөзі Қанышқа өте ұнады, зиін салып, бар ынтасымен тыңдап отырды.

Бұл бір ғана кездесу емес, әліде талай жолығамыз деп, сөз беріп Қаныш екеуі қол алысып қоштасты. Олар аулаға шығып, біраз жерге дейін Николаевті шығарып салып «ағалық ақылды» сөзіне рахметін айтып, топайкөгімен, Дүзбай ауылына тартып отырды.

-Қоржыны толған кітап, жанарына байлап, ат тізгінін жібере тартып, желумен қара жол бөктерін өрлеп, кең жазыққа шыға берді. Ауыздықпен алысқан топайкөгі, ел бағытына өзі тартып, жайлы –жұмсақ жүрісімен арғымақтай аяқ алысы шыдатар емес.

-Қанышта ауылын сағынып, оқудан енді ғана босанып, бітіріп шыққаны осы болды. Ат үстінде жаңа ғана қоштасқан мезетте Николаев досының: Сен ауылға барып жүріп қалма, Петербургке барып оқуға түс, сенің болашағың мол, халқыңа қызымет ет «жол бастаушы» қазақ даласында біреу болуы керек, ол сенсің деп, - айтқан сөзі есінен кетпестей болып, Қаныштың жүрегіне «мәңгілік» болып орнағандай болды.

-Сол сезіммен кең дала төсінде ұзақ жүрді. -Әсем біткен осы өңірдің келбеті -Қанышқа ой салғандай, күш жігер беріп, кең даланың күмбезіде, күн сәулесінің жерге түсіп, жарқыраған аспан әлемі бойын жылытып, баю соққан желдің лебі, жұпар иіске толтырғандай бойын алумен болды.

-Бір жағы өзінің сағынған қызы Маралдыда ойлаумен келеді. Кейде ойына түсіп, сол жылдардағы алғашқы кездесуі, көрші үйдің тойында, мөлдір көзін алмай, ән шырқағаны есінде.

Сұлу тартқан әсем келбеті, Қаныштың өзі ғашық болып қалғандай, домбырасын ұсынып, Маралдың әніне қосылып, тартқаны көз алдына елес берді, ұмытқан емес. Жылдар өтіп кетседе, Маралды көруге асықты. Жайқалған көк майса толқынды дала гүлі, сағым тартқан жолаң жердің беткейіде, тұтаса біткен, көгілдір жапырақты орманды ағашымен, көрініп қояды. Жол

асуыда, кең арнасымен алыстан жылтырап, күміс шашқандай, көз қаратпай, сәулелі күнмен қоса жарқырап, Қаныштың ойын бөліп тастағандай, құбыла берді.

Ол терең өзен, Қарасу, Есілге қарай құбыла тартып, жазық даланың төсімен алысқа созылған. Дауылды күндері арнасынан шығып, толқын гүрілі, ауыл аймаққа естіліп, қорқытып қояды.

Қаныш талай өзенді бойлап, балық аулағанын, құста осында екенін, бұрыннан білетін. Қайран балалық шақ!-қазірде өтіп кеткені, өкінерлік. Ат үстінде Қаныш алысқа көз тігіп, сол өзеннің бойына, тіккен ақ үйлерді көзі шалды, олар жеке қаптаған сыяқты. Аяқта кілең қоңыр үйлер, лашық сыяқты, топтаса бітіп қоныстанған.

-Жақындай түсіп, жыртық жамаудан туырлықтары құралып, қисая біткен шаңырақтарыда, уықтарымен ұнаспай, жүдеушілік қалпын беріп, кедейлердің қоныс тепкен жерін, бірден аңғарасың.

-Қанышқа бір құбыжық сыйқы кеткендей, жоқшылықтың бейнесін көрсеткендей елес берді. Сол үйлердің алдына тартылған қой желісі, қойды қосақтап, сүт саууды ұмытпаған болуы керек, табын қойды айдап, ақбоз ат үстінде қыз бала, әдемі салған, шырқаған дауысымен, қой табынын, өзен бойына созылған, артқы бетін қайтарып, әнімен ауыл шетіне кіре берді. Қаныш ат желісін тоқтатып, бірден тұрып қалды. Кешкі дауыс, алысты алып кетіп жатты.

-«Қой келді! Қой келді!» деп, дүркіреп шыққан қыз-келіншектер, лашық үйлерінен шығып, тез жиналып,

қойдың алдынан шығып, тартылған желге қосақтап, жұмыла саууға беттеді.

- Қаныш ат үстінде әлі отыр, өзіне таныс әнді, кім айтқанын білу еді. Қойдың соңын алдына салып, ақбоз ат үстіндегі қыз ауылға кіре берді. Алыстан кім екенін білмеді? Әні таныс, кім айтқанын тойдағы есіне түсіре алмады.

Қолында шелегі бар, жас қыз, аттының алдынан шығып: Марал қойдың артын бері қайтаршы?-деді дауыс шығарып. Қазір!-деді де, атының басын қайта бұрып, түгелдей айдап, алаңға кіргізді. Топайкөгімен шауып барып Қаныш: Марал!-деп, алдынан шыға келді, қыз бірден таңырқап тұрып қалды. -Ол Қанышты келет деп, ойламаған еді, іздегені басқа біреу-ме? -деп, жалт қарады. Өзінің көп күткен Қанышы, үзенгімен жарастырып, амандасып бірін -бірі білісті. Мөлдір көзімен ұзақ қарап, Қаныштың оқудан оралғанын біліп, қуанды. Қыз салған жерден: көп боласың ба? –деді. Оны неге сұрадың?! Қайдам! Жұрт тағыда Ресейге оқуға барады екен деп, алып -қашып жүр, соған қарап айтқаным ғой!-деді қыз. Ол алдағы іс, әзірше үйде боламын, өзіңмен осы жағадағы өзен бойында кездесіп тұруға қалай қарайсың?-деді Қаныш.

-Кететін адамның уақыты болмайды? Неге әуре боласың!

-Мен ертемен тұрып, қойды өріске айдаймын, мынау құрбыларым сұранған соң, қой табынын әкемнен ұлықсат алып, қойдың сүтін сауып ішшін деп, әдейі бағып, айдап әкеліп отырғаным еді «әке-шешелері» анау тұрған топ ақ үйлердің шаруасымен, ауқаттылардың

жалдама жұмыстарын істеумен күндерін өткізеді, осындағы лашықтағы солардың үйі бал-шағалары, күн көрісі болмаған соң, қой сүтін сауып, тіршілік қылуда!- деді Марал.

-Мен бәріне қанықпын, ауыр тұрмыс, жоқшылық қазақ халқының басына түскен мұңшылық, ауыр-азаптың күнін кешкен, кедейлердің тұрмысы мынау емеспе?-деп, Қаныш лашықтан тұрғызған жыртық кигіз үйдің тобын нұсқады. Үзенгілері жалғасып, бір-біріне түйісіп қалды, көп жылғы сағынышы Қаныштың бойында болатын. Мөлдір көзінің астымен қараған қыздың, көз алдында кетпестей, түйілген шұғыла, төмен түсіп, көзінің маңайын ойыс қылып, уаймнан ірең алғандай, томсара берді. Қуаныш жүзінде байқалмады.

-Тек күбірлеген ауыз сөзі, салғыртылықпен әрең шығып, сарқылған сырларыда айтылмай қалды.

Жібектей созылған, жіңішке белі, қызыл қамзелінің етегі желмен ашылып, сұлу тартқан денесі, Қаныштың көзін алып, сағыныш сезімін оятқандай болды. Жігітке қолын ұсынып, жүр дегендей, ақбоз атының басын бұрып, тоғай маңына қарай беттей берді.

Қаныштың ойында ештеңе жоқ, соңынан ере түсті, бірақ Маралға деген сағынышы, ұйықтамай түндер өткізгені әлі есінде, жатталып қалған. Сол ой жетелеп, қатты қысып, құшақтап, аузынан бір сүйсем деп, армандағанын есіне алды.

Қабағы түйюлі мұңды қыздың сырын кім ұққан? Тек өзі ғана шешілер деген үмітте болды, Қаныштың ауыр күрсініп, уайымға батқанын бірден байқаған қыз, аттың басын бұрып, қатарласып, мөлдір көзімен бір шолып

өтіп, бір ауыз сөз қатты: Мен айтпайын деп едім, өзіңнен еш хабар болмаған соң, қаладан әдемі сұлу бикештермен күн өткізіп, елес болмаған соң, далада қой соңында әнімді салып, кең даламен тілдесіп, уақытымды өткізіп, күдерімді сенен үзгенім біраз болды, қимастық ойымды, әнмен қайтарып серік еткенім, осы болды!-деп, Қаныштың жүзіне қарап, ат үстінен көзін алмады.

-Боюдай терлеген Қаныштың, самайынан тамшылаған тер, маңдайын қоса жуып, сұлу тартқан жүзін жасырғандай қайта-қайта, қолындағы Маралдың арнап берген жібек орамалымен сүртіп, бойын серілтп, шапанына дейін шешіп тастады.

-Ашаң жүзі ашылып, сұлу келбетін, қызға беріп күлімсіреген бойы, қолын соза түсіп, қыздың белінен құшақтай алды. Қаныш сөзге келіп: Марал! Жаным! Олай деп, ойлама мен өмірлік жарым деп, сөз бергенім «мынау сол сөзімнің дәлелі, өзің беріп кетерде серт еткен орамалың» әрбір күн сайын есіме алып, жұпар иісінді иіскеп, көңілім тояттап, сағынышымды басқандай боламын!-деді.

-Қыз күткеніде сол еді, Қанышқа иіліп, оймақтай аузын түйістіріп, сұлу бетін беріп, мойнына орала түсті.

-Қаныштың жалынды келбеті, алып ұшып, қыздың мойнына оралған ыстық қолын, түгелдей денесімен өзіне тартып, атүстінен алдына өңгеріп алып, армансыз сүйе бастады, сағыныш сезімі, алай-түлей болған жүрек соғысы, еріксіз қызды құшақтап, мауқын басқандай болды. Қаншама уақыт өтті дерсің, қызда аянып қалған жоқ, өзі сүйгенінің бауырына оралып, біразға дейін

құшақтары ажырамады, бұл ауылдың шет жағындағы, ағашты жердің, қалың саясы болатын.

-Қаныш кездесу уақытын белгілеп, сол саяда болатынын, Маралдың есіне салды. Олар иек қағысып, аттарына мініп, Қаныш үйіне бет алды. Ол кез кешкілік уақыты болатын.

-Марал қойдың табынын ауыл сыртындағы алаңға иіріп, құрбыларына барып: Ертең бәріңді де өріске әкетіп, қой қырқып, далада шашылған тобылғы бойындағы жүндерді жинап, қой табыны жайылған сайын жүндері сол тобылғыға жабысып, жаңғақтанып қала берген, оның қарасы бүкіл өріске шашылған селеу құсап, желмен қоса желбіреумен, елең етеді.- Көптеп жинап әкелуге, бәріңді жинағаным сол еді, содан соң жыртық қостың бәрін жаңартып, текемет басып, туырлықтарын түгелдей жаңартып, сәнді кигіз үй тігеміз!-деді.

Қанышқада бұл лашықтың түрі, қоспақ кигіз үйлер, ұнаған жоқ, олда бар көмегін беруге уәде етті. Қыздар қуанысып: Әрине барамыз, түгел қалмаймыз, қанар қапшық болмаса, жинап алып, кең маталы затқа орап, алып келеміз, осындағы әжелеріміз, текемет басудың әдісін көрсетіп, көпшілік болып іске асырамыз!-десті.

Маралдың аппақ жүзінде, нұр сәулесі бейнеленгендей, қуанышта болды, күлімсіреген бойы, қас-қабағының реңі ашылып, мұңды өлеңі бойынан кеткендей, бүгін ерекше, Қанышты көріп бар бақыты, жаңа орнағандай, асыл жүрегі орнына түсіп, сүйген жарының сағыныш сезімін бірге арқалап, енді арманына жеткендей болды, сырларымен бөлісіп, асуларға бірге

қолтықтасып баруға «мәңгілікке» уәде етісті. Қаныш топайкөгімен, жақындай бергенде, үй маңында жиналған қыз-келіншектер қарасы көп болды, алдынан жүгіре шыққан анасы Балшөкен қолын жайып: Құлыным! Келдің ба? Біраз күттік!-деп, аттың тізгінін ұстап, баласын бірден құшақтап, екі бетінен сүйе бастады. Қыздар жағалай қоршап алып, Қанышты сағынған болуы керек, сол жерде шашу шашылып, ән шырқалды.

-Қаныш жас кезінен, ауылдың балаларын жақсы көріп, өзіне тартып, ойын-сауықты бірге өткізетін, өзі басқарып, тартымды етіп, әсер қалдыратын. Сондықтан олар қимай қай кезде болмасын Қаныш десе, жиналып дайын тұратын.

-Сол қалпы әлі ұмытпаған, достары Алмас пен Әсетте, Жандоста осында. Балшөкен жастарды үйге кіргізіп, Қаныштың келуіне арнаған көк төбел бағыланды сойғызып, ас беруге дайындалып жатты. Көп арасында қыздарда, Маралға арнайы кісі жіберіп, келуін күтті. Хабар жетісімен, лашық үйлердегі құрбыларын ертіп, Марал бастап үйге кіре берді.

-Балшөкен бірден тамаша қызды көріп, үй ернеуінде тұрып қалды. Бірақ еміс-еміс естуі бар, Қаныш өте жақсы көріп, ұнататын көрінеді. Сол үміт есіне қалай түскені, жанына келген Қанышқа: Шақыршы Маралды бетінен сүйіп, танысайын!-деді.

- Қаныш ішке кіріп кетіп, Маралды алып шығып: Бұл менің анам!-деді. Кел Құлыным сенде менің баламсың, Қаныш келгеннен соң бәріңде қуанып келіп жатсыңдар!-деп, бетінен сүйіп жақын тартты.

Қаныш: Апа! Жүр төр бөлмеге, қазір Марал ән шырқайды, соны естіңдер деп, жиналып қалған көрші-көлемдегі, үлкен-кішілі, егіде тартқан ауыл адамдарын, есікті ашып, кіргізе бастады.

Марал өте пысық, сол кешті өзі басқарып, ауылдың «алты ауызынан» бастап, шырқатып ала жөнелді. «Заман-ай» әнінен бастап, ашық зарлы дауысы, кең алқапты алып, ауыл маңайына естіліп, шарықтай бастады.

Мұңды әнін естіген жұрттың бойын алып, көздеріне жас алды. Шіркін-ай қандай керемет дауыс дерсің!-Бәрімізді жылатып, мұңды өмірдің қапас құршауында қалып, азап шеккен халықтың мұңын сөз етті, әнге қосып жыр етті!-деп, көпті көрген Балапан әжей: Менде шыдай алмай, егіліп отырдым!-деді. Әлден соң, қоңыр дауысты Қаныш домбырасын қолына алып, қағып-қағып жіберіп, Маралмен қосылып шырқай түсті, зор дауыс аспанда қалықтап, бүкіл аймақты шарлап ала жөнелді.

-Қалың жұрт қол соғумен болды. Сықырлап есік ашылуы мұң екен, қыздар күлкісімен жарасып, Маралдың осында келгенін біліп, құрбылары Шара, Толғаным, Ақкүміс, Күлімкөздер келіп кіре берді. Қаныш пен Марал ұшып тұрып, қарсы алып, құрбыларын төрге шығарып, жігіттердің арасына отырғыза бастады, той болғаннан соң, бірге қосылып ән айтуларын қалаған да, Маралдың өзі еді.

- Біржағы көңілді, думан қыза түсті. Шықалған ән түн ауғанша толастамады, көптен бас қоспаған жастардың бұл кеші ұмытылмастай болып қала берді.

Қаныш Маралды шығарып салып, ұзақ тұрып жалынды құшақтарын, әрең айырып, уақытша қоштасқандай болды. Қаныш ертеңіне шебер балташы Әукенді тауып алып, лашық үйлердің уықтарымен керегелерін, талдан жасатып, мүсіндей ғып, отау үйдердің қаз-қатар бой көтергенін бірақ аңғарды.

-Туырлық кигіздер жабылып, жылы отау жаңадан орнады. Ол кезде болыс сайлауы етек алып, қалың сүгірдің ортасынан шыққан Досмағанбеттің беделі дүркіреп, сонау Қарамендіден басталып, Дүзбай ауылдарын басып, Көкталдың Қарасуын жағалап, жазық даламен ұштасқан таулы бөктерлі жері бар Қанжатқанға бас тіреді. Атқамінерлер, толып кеткен жақтастары елді аралап, ас бергізіп, халықтың түгелдей дауыс беруін қалап, Досмағанбеттің беделін өсіре бастады.

-Қанды белсенді, кедейлер үшін аюшылық жасамайтын өте қатал адам екенін, бүкіл ел біліп, қабыл алмады.

-Ұйымдасқан жерде батыл айтылып, Қаныштыңда қолдап сөйлеп, басқа адамның болғанын қалады. Сын көп айтылғанмен жағымпаздар бедел алып, көпшілікке тізесін батырып, күн көрісіне тосқауыл жасап бақты, жалданған еңбектеріне мал бермей, ақысыз қалдырды.

Қаныш бұл істеріне әптен шыдамы кетіп, ауыл жастарын соңына топтастырып, біртіндеп жағымпаз-шабармандарына тосқауыл жасап, аямады. Толқыған халық басқа біреудің болғаны дұрыс!-деп, отырып алды. Қаладан оязды нөкерлерімен шақырып, тыныштық орнатамыз деумен, жабық түрде берініп «малды

түйдегімен аямай» болыс болып шыға келді. Тізгін кімнің қолында болса «сол болатыны анық» деумен елеусіз қалған халық, атқамінерлердің жалшысы болып, тоқырауға түсті.

Болыс болды, билікте сонда, біреуден айғырды үйірімен алса, екінші біреуден қойды торпағымен алып кетіп, жүргеннің өзі емеспе? Ол өзінің аздай малына мал қосып, жемқор атанған болысты «сен алма» деп, ешкім алдынан шығып айта алмады.

Қанышта қынжылып, бұл бәлекеттің қашан тиылып, үстемдік алған жемқорлардың, ел ішінде, ашықтан өрлеп беделіне басып «ұзын арқан кең тұсау болып» жең ұшынан жалғасқан озбырлық тоқтамауға бекінді.

Қатты дауылда, қалған меңіреу далада Қаныштың өзі туып өскен еліде, Дүзбай жеріде, қазір мейрімсіз болып, ел тағыдыры ыдырап кете бастады, қайда барып күн көрер саяда жоқ, жалпақ түздің бос қалғаны жұртқа батты.

-Кеусен іздеп, қаншамасы ел кезді, кезікпеді қой сауып, ірімшік жасап «нан орнына» қорек ету, «өлмешінің күнін көру» ғана қалғанын аңғарған Қаныштың өзі, би-болыстың билеген заманы, құрдымға кетпей, еш қандай жарық сәуленің болмағаны, қазақтың кең даласы, қара түнек дауыл басқан, мұңды ел болып қала берді.....Қаныш қолында кітабы бар, айтылған осы бір сөзі: Өмірде бір бастаушы адам болса, көп қостайды, сенім артып соңынан ереді, заман өзгеріп, жарқыраған күн туар еді!-деп жазылған.

- Көп ойланып, жалғыз үй ішінде, таңды атырып, түні бойы оқыған кітаптан көзін алмай, әкелген қоржындағы кітаптың бір шамасын аяқтауға да айналды.

- Қаладағы досыда: Сен ел ішінде көп болма, оқуыңды жалғастыр Петербургке аттан, оқу мектебінде қоштасарда оқуыңды жалғастыр, қазақ даласында бас көтерер адам жоқ, Ресейден тәжірибе алып, орыс халқының болашақ жолындағы күресі, бізгеде келер өмірдің есігін ашқандай көмегі болар!-деп, айтқан еді, сол өмірдің жолда қалмасына сенім артқан Қаныштың бүгінгі ойы осылай жалғаса берді.

-Қатыгез күштің, әділетсіз бейнесі, зорлық-зомбылықтың жазықсыз жандарға, істеп отырған айла - тәсілін, бүкіл ел қорланып сезгендей болады. Қайырымсыз қылықтың жан ұшырып, жапан түзде адасқан адамның, өмірге деген құлшынын бір уыс етіп, құрытып тастады.

-Дала төсінде өңменінен атып, тіршілікті бума етіп, табан жолын кескенде сол үкім. Таң біліне мал басында болып, жайлымға шығарып, бағатында, кедей әулеті. Жуандардан ешкім шықпай, ел кезіп қыдырып, қазы-қарта жеп, сары қымызға тояттайтында солар. -Қаныш өз көзімен көріп, сайпауыттардың ісіне ызалы қалпы, сөз қозғап барған жерінде бастарын қосып болған жайыттарды айтып жайып салып жүрді. Жолы түсіп, басқа елмен кездесіп, халқымен тілдесу үшін шыққан еді, бір жағы сол елдіңде тұрмысын білмек болды.

- Бүгінде олар Алмас пен Божанды ертіп, топайкөгіне мініп жол тартты, бағыты татан ауылы

Көктал бойындағы үлкен Қарасу өзенінің құламасындағы Құмтас ауылы. Түс ауған кез болатын.

-Кең даланың биік тартқан дөңесі, ирелең тартқан жол табаны, шұбалаң тартып алысқа созылған, жазық даланың беткейімен ұштасып, көсіле түскен.

Топайкөк арғымақ дерсің, желумен желдей есіп, бастап келеді. Адымды жүрісі, сатырлаған қатты жолдың табанын мыж-мыж етіп, құмын шығарып боратып қояды.

Қанша жүріскеде шаршайтын емес, Алмастыңда тортөбелі, жарысқа шапқандай, ойнақшып алға шыға берді. Жайлым басқан көгілдір аймақ, көз алдымызға үйірліп, жұпар иісімен орай бастады. Қандай тамаша ауа дерсің, ақ толқынды сағым құшқан, аспан әлемімен жалғағандай боласың, бұлда табиғаттың айнымас айнасы!-деп, ой саласың.

-Ауа райыда, кейде бұлт басқан күн көзін жасырып, әлде бір ойнақшып шыққан, қатыгез жалындай, шашыла түсіп, аспан көгін қызыл түске бояғандай сән береді.

-Жарық сәуледе күмбездің қилысын басып, жарқырай түседі. Лаулаған жалындай, кернеу толған құбыла, бұлтты ысырып тастап үлгіреді. Ақшыл күмбезге ұласып, көгілдір қалпын сақтағандай, аспан әлемі түсті боюға малынғандай, жарқырай түседі. Күмістей жарқыраған өзен бетіне, күн сәулесін беріп, тамылжыған жаздың жылы бейнесін беріп, толқын соққан желдің баю қозғалысы, бойыңды ала түседі. Ұшқан құста, су бетіне алыстан келіп, қонып ұялап тобырына қосылып жатқанға ұқсап, кезекпен ұшып

келіп жатты. Қаңқылдаған дауысы, маңайды шарлап, әкетіп барады.

-Бізде дөңестен түсе бере, Қаныштың топайкөгі, жол бастап алып ұшып отырды. Тоң мінез торыларда қалысар емес. Қоңды аттары, бұл жүрісті елең етпейде, бәйгеге қосатын аттар құсап, көсілтіп барып, баурын жазғандай болып, жанып түсіп, ойнақшып келеді.

-Сол жағаны бойлап, өзенге біткен талды ирімді жолға тастап, құба жонның келтесін сүзіп, періп келеміз.

Сөз арасында Қанышта бұл аймақта бірінші болуы, Алмастың туып өскен жерін көріп «бай өлкенің» кереметтігіне ой жүгіртіп келеді. Шалқыған кең жазық далада, өрістегі қаптаған малда, табынымен қалың өскен жайлымды бойлап, шырқырай түскен. Тұнып тұрған көгілдір шөпте, жусан басқан жол бойындағы жұпар иісі, мұрныңды жарып, бойыңды серілтіп, күш-қуатын беріп тастағандай, әсер алумен, көңілімізді көтергендей болады, ғажап бейненің келбетін бергендей ес аласың.

Бір кезде ауылға жақындаған соң, Алмас, Қанышқа жетіп алып, үзенгілері жабыса түсіп, қатарласып барып, ат үстінен сөз тастады: Менің саған айтпағым бар еді, осы біз түсетін қоныста, бұрыннан өзімнің сөз байламым Тоты деген қызбен уәде еткенім бар еді, сол қыз хабар жіберіп, құда түсіп, қалың малымен келіп, мені күз әкетуге, екі жақтың келісімі болғанын айтып хабар етті!-деді.

-Қаныш жұлып алғандай: Сен мана шығарда неге айтпадың, тек қызбен қабарласуға барамыз!-дедің. Олай

болғанда, қол жинап, алып кететіндей болғанмыз дұрыс еді!-десті барлығыда. Ендеше өзің баста, мынау қатар тігілген көп үйлер, қайсысына түсіп, қыздың анық-қанығын білу керек!-деді.

-Ауылға жақындай бергенде, алдарынан шәуілдеген топ иттер, қоршап алып, ат бауырына жармаса түсіп, жүргізбеді. Божан қатуланып, ауыр салмақты ұзын шыбыртқысын алып, пергілеп бетін қайтарып, қыңсылатып артқа айдап тастады.

- Жол ашылып, алты қанат ақотауға, қыз айтқаны бойынша, аттан түсіп, алдына барып «қонақпыз» деген Қаныштың сөзін естіген, үй иесі: Келіңіздер! Кеш келген қонаққа кетпегіміз жоқ!-деп, ат тізгінін ұстап, тұрған арбаға аттарын байлай бастады. Қаныш жол бастап отау ішіне кіре берді. Төрде төселген көрпе үстіне барып жайғасты, жастық тасталып қонақты күте бастады. Бірінші келулерің, бізде бір елміз, қонағасы жеп кетіңіз!-деп, сыртқа шығып, бағылан союына бұйрық етті.

-Танысып біліскен соң, қыз ағасы Рым егіде тартқан, ұзын бойлы денелі кісі сөз бастап: Әкеміз дүние салғаннан соң, бар малымен үй шаруасы, менің мойнымда қалды, қайтар алдында өсиет етіп: Тотымды жыламайтын, жақсы жерге бер!-деп тапсырған.

-Сол жердегі қыбышақ баласы Баққазы деген құда түсіп, күз алмаққа уәде етті, бірақ ол көпті көрген көнеге кісі, бәйішесі бар, малды тұқым, соған тоқтауға тура келді, жыламас!-деп ой қорыттық.

Қаныш бұл қылығын бірден ұнатпады, әдемі үлбіреген сұлу қызды, қарындасыңызды қайтып, егіде-шалға бермексіз, ойладыңыз ба, өз теңі емес, әйелі бар

адамға беріп «жыламасқа» кім кепіл, сол үйдің бүкіл шаруасы, кемпірінің бұйрығымен «отымен кіріп, күлімен» шығатыны сөзсіз «жылағанның әкесі сонда болады» қазақтың нағыз «күң» келіншегі атанып, жылаумен тағыдыр басқан өмірін өткізетіні әптен!-деді.

- Алмаста: Мұныңыз дұрыс емес, әкеңіз жыламайтын «өз теңіне бер»-деген сөзін қата түсінген боларсыз!-деді.

Әңгіме сыпайшылықпен ұзаққа созылды. Рым мырза жылқының көптініне қызығып, бай болғанын қалаумен, өзінің жағыдайын ойлап, байлықтың сабасынан шыға алмай, қонақтардың пікіріне келіспей, сырт айналумен болды.

Қобалжыған Қаныш: Ол өзінің талғамы, бойына әптен сіңіп кеткен, оны бұзып, қызды азаптан құтқару жолын іздеудің кепілін табу керектігін!-сездірді. Күзге жеткізбей, қызды алып қашудың жолын іздеді. Алмас кешкілік Қанышқа сездіріп, қызбен кездесуге бел буды.

Ел жатып, маңайдағы тыныштықты күтті. Қанышта алып қашудың уақытын белгілеп, нақтылы сөз пісіріп келуін тапсырды. Оларды ертеңіне, көршілері шақырып қонақ етті.

-Алмасты бәріде біледі, тек өзінің шаруасымен, жылқы өрісін іздеп келгенін айтып үлгірді, жерсінбеген малы, бөтен жерге тұрақтамай әбігер-сәрсеңге салғанын жеткізді.

-Оны білетіндерде сөзін растап: Жылқы малы, үйренбесе ұстау қиын!-деп, болжам айтты. Қаныштың аңғарғаны, келген бетінде, отаудан шыққан әдемі әнді, құлағы бірден шалып: Мынау біздің Марал емеспе?

Әніде, соның дауысы, бойымды алып, бірден сол үйге бет алып, кірсем ба?-деп, ойлап сездірмеудің амалына көшті. Алмаста естіген бойы ойланып тұрып қалды. Бұл ән Тотының салған әні, құдалары кетісімен, ауыр мұңды өлең-жырын айтумен, уайымға батқанын сездірумен болғанын баян етумен, дамылсыз жырлады.

Есіктен сығалап, ернеуден қарап, Алмастың келгенін көріп, көңілі босап, аңсары ауғандай, асыл бейнесін өзіне тартып, тоқтамға келді. Шын өзі сүйген жігіті, ақшыл тартқан сұлу бейнесін көріп қуанды. Қаншама жыл артқа салсада, бұрынғы өзінің сүйген жігіті, кемеліне келіп, пісіп отырған кезі, аңсаумен болғанын есіне алып, ой жүгіртті, талай құшақтап, жұмсақ аузынан айрылмастай сүйіп, бар арманы Тотыда екенін талай айтып сездіргенін, «бақыт құсым» деп, ант еткені қоштасарда айтып үзілгені жүрегінде сақталғанды.

-Кешкілік кез ымырт жабыла бастады, қонағасы дан кейін аттанар алдын да шай қойылып, сар самаурынды қайнатып, алып келді, дасқархан жайылып, Тоты бәрін өзіжасап, тездетіп қонақ шайын беруге асықты, оның салалы ұзын саусақтары, иіле біткен денесі, аппақ тартқан қолды білегі тез қимылдап, кеселерді бірінен соң-бірін ұсынып, бәйек болды.

-Алмаспен көз жүгіртіп, шығуға белгі беріп, уәделескен жерде күтетіндігін сездіріп үлгірді. Ол оның ақылдылығымен жарасқан тапқырлығы деп, Қаныш бірден ұқты.

-Сөз арасында Қанышта: Айтқан әнің менің Маралымнан аумай қалған дауысыңды естіп, бұл мұнда

қалай келген!-деп, қалдық. Бақсақ Тоты сен екенсің!-деді Алмас, қара көзін өзіне тарта бұрып, сұлу мүсінімен Тоты Алмастың бетіне жалт қарады «басын изеп мен едім дегендей» ылтипат көрсетті.

Шай ішіліп болған соң, қонақтар кетуге дайындалып жатты. Кешкі салқын таза ауа, ат терлемеске ыңғайын күткеніде, сол шаруаның Алмас үшін болғанын қалады.

Қалдыруға болмайды, қыз қолды болып, айттырған жері бірақ түнде алып кетуі ғажап емес, ағасыныңда көксегені сол болды, уақыт кетірмей қабарласып, көп жылқыға ие болуды қалап «бай» атанғысы келіп, сөз арасында қонақтарға сездіріп үлгірді.

-Қаныш рахметін айтып топйкөгіне мініп, бастап жөнелді. Көп ұзамай, өзен бойындағы, ескерусіз алаңда күтті. Алмас пысық жігіт, күреңін тасаға байлап, ақырын дыбыс шығармай, Тотынының айтқан жеріне барып, тұра бергенде, қарайған адамның жобасын көріп, тездетіп келе жатқан Тотының алдынан шығып, көтеріп алып, тасадағы атына мінгізіп, алдына өңгеріп алып, құшақтаған бойы, Қаныштарға жетіп үлгірді.

-Жарық айда шайдай ашылып, жол танабын басып, Дүзбайға бет түзеді. Алмастың сағынышы соншалық, қызды еркіндеп, баурына тартып, сүйумен жарынан бір сәт, құшағын алмады.

Қуанған қызығы мол жарының ыстық денесін өзіне тартып, жан-тәнімен жабысып сүйе берді, арасында «Жаным!» деген жалынды сөзін айтып, қайталай берді. - Тотыда қара көзін Алмасқа беріп: Мен мұндай бақытқа жетем деп, ойламап едім, нақ кетерде шалға

барғанымша, жақын өзеннің, тік жары бұйырар!-деп, топшыладым. Өзіңнен хабар болмады, жылдар күттім, сағындым ұмытқан шығар депте ойладым, талай жылап, әнмен уақытымды өткізіп, сүйеу еткен кездерім, есімде қалды!-деді.

Таң шапағаты елең беріп, жаңа туа бастады. Қаншама жол жүріп, ауыл шетінеде келіп қалды. Қаныш олард тоқтатып, Алмастың үйіне өзі барып, хабар ету еді.

Божан мен Жандосты тез жіберіп, ауыл жігіттеріне хабар етті, «сақтықта қорлық жоқ» деген, Құмтастықтар келуі мүмкін!-деп, жорамал жасады. Құмтөбедегі дөңеске қарап, жол бойында шаң көрінбеді, олардың кеш біліп қалғаны!-деп, болжам етті.

Қаныш бірақта сақ болуды ескертіп, отызға тарта жиналып қалған жігіттерді, кіре беріс жол бойын бөгеді, қолдарында шоқпар қарулары бар, садақтанда құр емес, егестік жолында тұрды. Алмас Тотыны атынан түсіріп, құшақтап көтеріп алып, тегіс алаңға қарай, шығара бергенде, жапырлаған ауылдың көп қыздарымен әдемі киінген келіншектері, қолдарында перделі атлас «жібек» шымылдықты алдына ұстап, Алмастың үйіне бағыттай берді.

Өлең-жыр айтылып, той басталып кетті. Естісімен Маралда құрбыларын алып, сұлу тартқан тамаша жүздерін көрсетіп, қалың жұртқа келіп қосылды.

Марал тойды басқарып, асқақ әнімен көпшілікті көтеріп тастады. Жоқ! Бұлай құрғақ ән шырқағанымыз дұрыс емес «құрғақ қасық езу жыртады» домбырасыз ән-ән болып шықпайды!-деді.-Маралдың айтқаны

дұрыс, Қаныш домбырасымен, әнге қосылып жетектегені «көркем гүлдің» келбетіндей әсем шығады емес пе?-десті көпшілік алып-ұшып.

Қаныш домбырамен құбылтып, қаншама ән – жырларды өзі тартып, Маралмен қосылып айтқан әніде көпшіліктің бойын алып, көңілдерін көтеріп тастады, шырқалған ән «екі ғашықтың» мұңымен жалғасып, асыл ойдың нұрын шашқандай елес береді, жүздеріде арман дүниесіне шұғыла сәулесі түскендей болып, қуанады.

- Қатал өмірдің қабырғасы сөгілдіма, Досмағанбет болыс болғалы, халықты дүрліктіріп, кедейлерге қатаң тәртіп орнатып, бастарына қара бұлт ойнатып, жуандардың біріңғай масатты, өмір сүруіне кең жол ашып, мүсәпірлердің тойға барып ән тыңдауына, тиым салып үлгірді, тек қолын босатпай, күндіз-түні мал соңынан шалыс кетпеді тапсырды. Қаныш бұл қылығына қарсылық көрсетіп бақты, өзі дұрыстаған үйлердің иелерін тойға шақырып, ән тыңдауын қалады.

-Бірақ «қамшы мен дүреден» қорқып қалған халықтың, көбі келмеді. Өмір бойы мал сауып, егіде тартқан Балыш-апаның өзі, қыздарын Асылым мен Күлдірді жібере алмай қамықты.

- Олардың киетін көйлегіде жоқ, жамау басқан жыртық көйлегінен ұялып, отырып қалды, тек алыстан, үйінің есігін ашып тастап ән тыңдаумен болды. Жұбайы Құмаш денсаулығы сыр берседе, мал бағып, табынды бақылап, түнде қос басында жатып, күзетумен болды.

Қақаған қыстада қарға баурын төсеп, денесіне сыз өтіп, аязда тоңып, ауру табқаныда содан. Ол! Ол ма? Сағын, Мұқат, Дәурен, Әйтінде аурудан кемістік тауып,

үйінде жатып қалды, Қаныш оларды аралап, көзімен көріп, сойған малдың етін таратып, айығып кетуіне қаладан арнайы Жандосты жіберіп, дәрі-дәрмек алғызып, Маралға айтып, емдеуді тапсырды. - Шалғынбек жылқы сауып, қаншама жылдан бері, қымызбен бөксе қарын Мыртықбайдың жалшысы болып, қымызын дайындаумен жүрді. Үйіне орнатылған мол сабаны, пісіп жуандардың қымыз ішіп, қызып алған, бейнесін көргендер «қыз ойнақпен» өткізген күндеріне ызаланып, қандары қайнаумен ішінен тынды.

-Қаныштың құлағына жетуі мұң екен, тойдан шығып, топайкөгіне міндіде, Балыш апайдың үйіне тартты, атынан түсіп, қоңыр үйге кіре берді. Балыш ошақ басынан оралған беті, сүт тартып, көже ұйытып, ірімшік жасауға кірісе бастаған еді, қыздарыда қасында, шелек жуып, анасына жәрдемдесіп жатты.

Екеуіде боюдай болып жылаған ақшыл жүздері қоңыр тартып, жүдегенге ұқсайды, көздерінің алдына түйілген тамшы, жасаураған бойы рең тартып, төмен қарай берді. Оларда жас емес, ержетіп кемеліне келген қыздар «бара алмағанына өкініп» денелерін сұлық ұстап, мұңды болып бекіген. Қаныштың қолында «қытай жібегі» әдейі екі қызға арнап әкелген көйлектік матаны ұсынды. Қуанған қыздарда шек болмады, бәрін ұмытқан сыяқты.

Балыш бірден көзіне жас алып: Біздіде ойлайтын осындай құлыным бар екен-ғой, айналайын тізеңді азғана бігіп, мынау көжеден ауыз тиші!-деп, тостағанға құйылған көжені ұсына берді. Қаныш: Апа көжеңіз қандай тамаша еді, қымыздан кем емес, қазір

қыздармен Марал келіп, екеуінеде түні бойы отырып, көйлек тігіп береді, ертеңгі болатын Алмастың тойына киесіңдер!-деп, қыздарды көңілдендірді.

-Көп ұзаған жоқ, Марал бастап, үйге кіріп келді. Той екі күнге жалғасты, тамаша киінген екі құрбы, Маралдың қасында отырып, бірге ән салды. Жандос Күлдірді көрісімен ұнатып, Марал бастаған түрлі ойындарда, танысып бірге отырды.

Божанда Асылымның апақ жүзіне қараумен болды, көзін алмай сүйіп қалғанын бірақ аңғарды. Екі қызда айтулы, сұлудың өзі болатын, кемеліне келіп қалсада, сол бір жоқшылықтың құрсауынан ұялып шыға алмағанын Қаныш жеткізіп, жолдастарына сездірген. Қаныш ол кезде, тойдан соң, алысқа жол жүруге дайындалып жатты.

-Әкесі Қуанбекте қарсы болмады, жинаған малыда жетерлік, керемет бай болмасада, жалғыз баласын оқуға жіберіп, бақытына бөгет болмады. Ауыл адамдарыда Қаныштың бұл талабын қоштап, жолдастарына дейін ауызынан тастамай «Қаныш қайда болса-біз сонда»деп талай рет жиналған жерде айтып жүрді. Сол Қаныш, өзінің қаладағы досы Николаевпен жолығып, сондағы таныстарына хат жіберіп, Қанышты таныстырам деген болатын. Петербургтегі шын достары, бұрын өздері, талай патшаға қарсы қозғалыс ұйымдастырып, сәтсіздікпен аяқталғанын айтып, сездіргені Қаныштың есінде қалған еді.

Бірақ ол мойыған емес, қайраттанып, қазақ даласынан да көп жолдастар тапты. Сол төңкеріс кезінде, патша әскерлері, қойдай қырып, қанға бойалған

достарын, іздеумен болғаны, шын орыс елінің ержүрек берілген адамы.

Әділет іздеп, қасықтай қаны қалғанша, ұлты үшін күресе білген, адал азаматтығына көзі жеткен Қаныштың бір сәт, ойынан шығар емес, пар ат жеккізіп, кимелі арбамен Алмасты алып, қалаға бет түзеді, біржағы қоржынға толтыра кітаптарды ала келу еді.

Көк майса толқын атқан жер танабы, даңғыл жол, ортада өзінің топайкөгі, жүйіткіген тұлпар бейнесімен, сағыммен қоса жарысып, Мөлдір, Отар, Күркетал ауылдарын артқа тастап, шың басына шыққандай құба жонмен дүркіреп келеді, өкпекті желді елер емес. Қанышта жағалай көз салып, қайран есіз даланың, ұшы-құйры жоқ, сар даланың өңіде-түсіде өзгеріссіз, қуарған қалпы. Тар заманды тарылтқан, өңшең билермен қошшылар, патша әмірінің нұсқауы деп, қара қазақты, қысымға алып, бойын құрсауда ұстап, дамылсыз жапан түздің, серігі қылып, ен жайлауда жалғыздан-жалғыз шаба тоқып, мұңды қылғаны, кетпес дүниенің, бір уыс қайғысы. Болыстың ызғарлы үкімі, ел ішін улап тастады.

Шабармандары келіп, қоңыр үйдің жанына жинап алып: Жылқымен қымыз сауып жүрген Нақау мен Көшекке, Тоған мен Бегімге сендер сауынды тастап, тойға бармаңдар, онда сендердің не теңің, шақырған ешкім жоқ, қаладан ояз келеді, бір топ нөкерлері бар, оларға қымыз керек, соны ұмытпассыңдар, бұл Досмағанбеттің берген тапсырмасын, орындамай көрсеңдер, бұл өмірмен қош айтысуларың ғажап емес!-деп, ат басын бұрып жуандардың ақотауына кетіп

отырды. Не істерін білмеді, бұлардың келуін Қаныш айтып, Алмас екеуі хабар еткен болатын.

Абыржыған олар, ең болмаса ән тыңдап, қайтқысы келді. Әсін-әсін болыс тыңшыларын жіберіп, бақылап бақты.

-Түн ауа ұрланып барып, үйдің тасасында тұрып Қаныш пен Маралдың салған әнін тыңдап, естері шықты, бұрын олар өмірінде мұндай қос дауысты, әдемі әнді тыңдаған емес. Әлден соң қайтып оралып, аз ұйықтап, таңсарыде қайтадан жұмыс басты болып, шыға алмады.

-Қаныш тойдан кейін Алмасты қасына алып, қоңыр үйге барып қайтуды, ұмытпады олардың қал жағыдайын білу еді, келе алмағаны есінде, кейістік пен өткен күнеріне демеу жасап, сабырға шақырды. Жұлым құрт құсаған болыстың ісіне іштей, ызасы қайнап Қаныштың бірнеше күнге дейін, есінен шықпады.

-Қаныш арба үстінде, кетіп бара жатып естігені, жуандардың малшыларына тиым салып, қыздарды бақытынан айырып, үйінен шығармай «ойын-сауық» не теңің, сен кедей-күң тобы емессің ба? дегені, жәбірлеумен кемітіп, өздері бай тұқымымыз дегені, әркімгеде қатты батты.

-Сол бір шырым тал, дұзақ болып бекіді. Бұзар күш, қайран табар, қажымас бірлік, ел ішінде керек етті. Сұрапыл толғау күш, жуандардың қолында, болыстың әмірлігінде болды. Бірақ бірлі жарым, бас қосқан жиын, ел ішінде тоқтамады.

Қаныштың ойы астан-кестең, ойламасқа және болмайды, ауыр азаппен, әмірлік тоғысы басым етіп,

сорлыларды сыққанда сорын шығарып, бұзылмас қорғанға бекіген, заманның зұлым құршауы қазақ даласынан да орын тепкен. Көреген халық сол жуандардың, әділетсіз зорлығын, жазықсыз жандар намыстанып, ашумен сезініп, көпшіліктің білікті қолдарына сеніп, тойтарыс жасаудың амалын іздейді, бірақ қолға түсіп біліп қалса, аяюшылық болмайтынымен тынады. Қаныш қайда болсада да, халық үшін жанын салуға баратынын айтып, Алмасқа жеткізді.

Досан мен Жайлыбайда Қаныштың әр қашан оңды шешімін күтетін, халықта Қаныш жағында, оның оқуға баруын қостап, достары қаражат беруге, ұйымдаса бастады.

-Қаныш алмайды, әкесінің бергеніде жетеді, жалғыз баласына топты малдың осындайда жұмсамағанда несіне ұстадым?!-деп, дос-жарандарға да айтып құлағына салған. Мамандық алып қайту Қаныштың мақсатыда сол болды, бір жыл оған жеткілікті болды.

- Көп оқып, кітаптардан зор білім алды, тағыда кездесіп, өзінің досынан қоржынға толы кітаптар алып қайту, негізгі шаруасының бірі болды. Қала мұнартып көріне бастады, тоқтаусыз жүріс ілезде қала ішіне алып кірді. -Бірден Николаев досының жалдамалы үйіне бас сұғу еді, атының басын, көше бойындағы бірнеше қабат кірпіш үйге бас тіреді. Арбадан түсіп, үйден шыққан адамдардан сұрастырып, ішке кіре бергенде, Қаныш!-деген дауыс құлағына шалынды. Николаев жоғарғы қабаттан көріп қалып, бірден өзіне шақырды.

-Үй іші әдемі жиналған, қабырғаларында полка толған кітап, қарсысында өзінің жұмыс столы, оймақтай бөлменің іші рет-ретімен жинақталған. Әлден соң үлкен әжей үй иесі, алдымызға шай әкеліп, бізді оңаша қалдырды.

-Николаев ысылған, жас болсада, табан жолын білетін қайратты кісі, ол бірден өзінің достарына дайындап қойған хаттарды ұстата берді, адресіде толық көрсетілген, қала үлкен, нақты көшені тауып алу Қаныштың санасында болды.

-Николаев: Сен кітапханаға барма, мен саған барлық кітаптарды дайындап қойдым, қоржыныңды әкел!-деп, ұмтылып сала бастады. Оның бір айтылмай қалған сыры бар болатын.

Ақырын ғана құлағына сыбырлап: Сенің жауың көп, бір күні олар абайсызда мерт қылады, сондықтан мен өзіммен бірге алып келген «тапаншамды» саған беремін!-деп, жанарынан алып ұстата берді. Қаныш бірінші көруі сасқалақтап, отырып қалды.

Жарайды! Сен қорықпа, денең үйреніп, тастамайтын боласың, бұл өзіңді қорғайтын болады, мұндай қару қазақ жеріне әлі тарамаған, осының дауысынан да сескеніп, қас-дұшпандарың бет-бетіне қашып пана іздейтін болады!-деді. Сенің қазір уақытың бар, сенімен бірге көше бойымен, өзен жағасына барып, айдалада үйретемін, алғашында жүрексінесің әрине, бәрі орнына келеді, мұның бәрі сенің амандығың, ертең қазақ ұлтын, Кім бастап? Кім қорғайды? Тек сен ғана соларды бастап, соңына ертер, сәуле шашқан нұрлы

аспанның жарығыда, қазақ жеріне түсер әлі, осыны ойлада, жатыңнан шығарушы бол ма?!-деді.

-Адам білмейтін тасалау жерге апарып, Қаныштың қолына ұстатып үйрете бастады. Біраз айналған соң, Қаныш тез ұғып алды, қорқыныш бойынан кетті, ішкі шапанының ішіне, арнаулы тағыммен, білдірместей орнықты, жетерлік оқ дәрініде қоса ұсынды. Олар сол бетімен қайтып оралып, досымен құшақтасып айрлысты.

-Шығарып салған Николаев біраз жерге дейін, көзін алмастан Қанышқа сәттілік тілеп, қимастықпен ұзатып салды. Жолы түсіп, сол күні кештетіп елге оралды. Кетерде Маралмен кездесу керектігін ұқты. Ертеңіне Марал ақбоз атымен, табынын айдап, ән айтумен ауылдан ұзай берді. Қанышта топайкөгіне мініп алып, соңынан салды. Жаңарған дала төсі, жауыннан кейін көгеріп, алқап толған малда, жайлымға толы қалың біткен майса шөптен, басын алар емес.

-Үйір жылқыларда етек алып, қырат бауырына қарай, бағыт ұстаған. Айнадай біткен көлшікте, қойторқанның мекені еткендей, бәріде су маңына қаптай түскен. Маралдыңда табыны сол бағыттан кетер емес, ешкі құраң бастап, ағылуда.

Соңынан бұлдыр тартып, сағым басқан жер аймағын шауып өтіп, Маралға келіп, жақындап барып үзенгілерін түйістіріп, кілт тоқтады, топайкөк оқыранып төбесін көрсеткендей аяғымен тарпып, ауыздығымен арпалысып барып, басылды.

Айғырдың жылқы көрсе, шдамы кетіп, оқыс мінез танытатынын, Қаныш сезіп жүрді. Марал қорқып кетіп,

атының басын бұрып үлгірді. Қанышта састы, атының бұлай нос көрсетуін, Маралдан ұялып, кешірім сұрады. Айтылған сөз тағыдыры, жарының сұлу жүзін, дала өңірінен бірінші көруі, ажарына нұр сәулесі түскендей, елес берді, айтамын деген жігіт сөзі, тағыдырдың бақытына байлам жасап, Қаныш қосқолымен ат үстінде ұмтылып, жібектей созылған жіңішке белінен шап беріп ұстап үлгірді.

Қызу тартқан сүйген жарының денесі, бірден бойын алып, жігітті сағындырған жүрек толқыны, алып кетті. Шырқалған қыз әні, назды дауысы, үміт жолына өрлеумен жігіттің бойына қолын соза түсіп, бар арманымен денесін бұра түсті.

- Желпіген желдей ескен асыл денесі жігіттің құшағында болып, қызуын баса түскендей, сағыныш сезімге орала берді. Мөлдір көзінің, қиғын бір тастап, Қаныштың әдемі жүзінен көзін алмай, әнін жалғастырып, кең далаға шашу шашқандай, асыл бұйым, жан сырын қоса шырқап, алысқа жайды, бұл оның қуанғандағы, назды үні болатын. Қаныш қарулы жігіт, ер тоқым үстіндегі қызды көтеріп алып, алдына отырғызды, қыздың ақшыл бетіне, бетін жақындатып, жұқа аузынан сүйе бастады.

-Қызда мойнына орала беріп, оймақтай аузын ұсынып жігіттің еркіне жіберіп, сұлу келбетіне жабыса түсті. Қаныш беліне орала беріп: Марал сенің шырқаған әнің, сол тойдағы, жұрттың бәрін елең еткені, қандай ән еді?-деді.

-Марал мөлдір көзімен тесіле қарап: Ол өзімнің шығарған «Жылама құрбым!» әнін, өзінің теңін таба

алмай, қалың малға сатылып, шалға тиген құрбымның, ақырында ауыр азапта жүріп, асылып өлгенін жыр еттім!-деді. Қанышта күйзеліп: Қандай бақытсыздық? Ақырында құрбан болып, өзі өмірден қыршын кеткені, тар заманның тарлығы, елді билеген би-болыстардың зұлымдық, әділетсіз істері емес пе?

-Кімнің малы көп, соның жағыдайын қолдап, қол соққан аймауыттар, ешкімді де аяр емес!-деді. Марал күрсініп, көзіне жас алып, айтпақ ойы бар екенін жасырды. Қаныш сүйіп қаншама бауырына тартсада, көңілінде бір қылау бар, кетер емес.

-Бойына қатқан секілді мұздай болып ерімеді, ойлағанда денесін суытып, төмен қараумен, Қанышқа білдірмеске тырысты. Оны уайымға салып қайтемін, жақында Перербургке аттанбақ!-деді. Қаныш қыздың сұлық денесін бірден байқап қалды, не болғанын өзіде түсінбеді.

-Қаныш құшағын босатып, қызды ертоқымға отырғызды да: Саған не болды, көңілің жоқ, әндіде айтуды қойдың? Мен білмейтін ойыңда астарлы бірдеңе бар, соны білгім келеді, мен сенің өмірлік сүйген жарыңмын, сырыңды жасырма, мен ойлаумен қалай сені тастап кетпекпін? Барған жерімдеде, уайыммен күн өткізіп, сенің не болғаныңды біле алмай қамығумен өлемін? -Сондықтан кеш болмай тұрғанда, ашылып алғанымыз дұрыс, сол себепті жаным, мендесең бар сырыңды жасырма, іштегіңнің бәрін ақтар, мен тыңдайтын болайын!-деді. Көзіне жас алып, сен айтқызбай қоймадың?

-Жақында жол жүресің, менің сырым саған кедергі болып, бөгеймін деп қорықтым, неде болса өзім көрермін деп, шешкенім еді! Қап! Енді қайттым! Масыл болғаным ба?Түп тәуекел, сеніңде білгенің дұрыс «жаман айтпай жақсы жоқ» айтайын!

-Менің әкем Жәутік өте қатегез, қатал адам, өз айтқанынынан қайтпайды, жақында үйге бір-екі адам келіп кетті, оларға мал сойып қонақ қылып, кетерінде жасырын: Батпаққарада Мұжар баласына сәлем айтып, екі үйірдің жылқысын айтып хабар етті, байқауымша қатын жіберген, егіде тартқан орта жастағы, алпысқа тайанған кісіге, беруге уәде еткенін, есік саңылауында тұрып, анық естідім!-деді.

-Менің қызымның жасы келді, отырған қыз атанбасын деп, кемеліне келгеннен соң, енді күтуге жағыдайым жоқ, тез келетін болсын «алмақ бар да, бермек бар» деген дана халық, малды түгел қайтарсын «сөзім-сөз!» -деп, әлгілерді шығарып салып, кеш оралды.

Осындай әке сөзін естіп, қатты қиналдым, сол күні кеште жылаумен жатып қалдым!-деді. Неге маған уақытында айтпадың, жасырдың? Сол мезгілде хабар еткенде, келген қуларды ұстап алып, келген бағытын білместей етіп, жіберетін едік!-деді. Менің айтпағаным, сенің бақытыңды байлап, кедергі жасаймынғой!-деп қорықтым. –Жоқ бұлай болмайды, менің әліде бір айдан артық уақытым бар, құда түсетін күнін жасырын сұрап біл, сосын тез хабарын бер, егер ұзаққа созылып кететін болса, басқа бір жағыдайды ойластырармыз!

-Мен тірі тұрғанда сені ешкім басынып, қатын ете алмайды!-деп сөзін түйіндеді. Алып күштің қақары

сыртта жатты. Жәутік малдың көбіне масаттанып: Қызым орынды жерге барады, байлыққа барып күмп ете қалады!-деп масаттанумен болды.

-Оған керегіде, қыз емес малдың тұяғы көбейгенін қалап, жау тышқан құсап, жалбарынан шыққан, ақымақтың ісін істеп, есіре түсіп, байлықтан есі кетті. Астам сөйлеп, билік айтып, қара тоқпақ заман тұлғасынан ешбір хабары жоқ, бау кеспенің өзі еді. Шабыла түсіп, айдаған малдың бағытын күтіп, жолын тосты. -Өзі хабар жіберіп, қыз әменгері Сарыбаханды күтумен болды. Жолын торулап, шыдамы бітті. Асқар таудай асыра сілтеп, алты қанат отау орнатып, қыз жасауын жасап, түрлі -түсті кілемдер ұстап, бағалы матадан шымылдық ілгізіп, Маралды отаудан шығармай, жақын ауылдан өзінің таныс егіде әйелдерді алғызып, бүлік еткізбей, қамауда ұстады.

Ақбоз атын қараңғы қораға тығып тастап, ешкімге білдірмеді. Қой саууда бетіне қалды, басқа бақташы жіберіп, құдалар келіп-кеткеше, ауылға жолатпауын тапсырды. Жәутіктің бұл қылығына, ағайын-туғандарыда үйіне бас сұқпады.

-Жылқышы Жүргінді жіберіп, өзінің үйірінен, оншақты биені болыс Досмағанбетке асырды, пәле-жаладан қорғайды деп, ауыз бастырыққа беріп, беделін өсірді, шенеуліктерге жағымпазданып көрініп қалудың жолы!-деп тайраңдады. Марал қараңғы түнекке енгендей болып, мұңды әнімен зар жылаумен болды.

-Басына түскен қайғыдан енді шыға алмасын білді. Әкенің қабағынан қар жауып, аязды күнді шақырып, маңайына жан жолатпай ысқырумен болды. Алма кезек

дүние төңкерілгендей, астан-кестеңі шығып, дауылды күнге ауысты.

Сұрапыл соққан желде Жәутіктің қайтпас қахтары!-деп болжам жасады. Тіршілік дүние осымен бітті. Кеше жүрген жарының, аймалап сүйген түріде қашып, Маралдың тек солыған қу денесі, күңгірт тартқан келбеті, мөлдір көзінің шұғыласы кетіп, сығырайған көзі қалды. Күндіз-түні жылаумен, мойыншақтай болған көз жасы бетін жуып, құратып тастады. Құлаған арман бақытына жете алмай, сағым айдаған жел құсап өте шықты.

-Күңгірт тартқан күн көзіде көрінбеді, тек сығалаған қара бұлт, айналып өтіп, түнектен кетпеді. Маралдың құрбыларыда жақындап, отауға бара алмай, маңайында болып, бірге жыласты. Оның айтқан мұңды әндері, кешкілік маңайға тарап, бүкіл ауылды алып кетті. Халықта үй ішімен, есігін ашып тастап, әнін тыңдаумен болды.

Қарсы тұрар айла болмады, болыстың шабармандары дамылсыз келіп, үй маңын торлаумен, топты ыдыратып, қамшымен сабап бетін қайтарып отырды, көпшілік «лағнат» айтып: бұл болыс Досмағанбеттің ісі!-деп, бағалады.

-Қаныш болған жағыдайды білісімен, Алмасты пары атпен, арбаға жеккізіп, таң сәріде қалаға аттандырды, Николаев досын алдыруға, байлам жасады! Ол Қанышқа: Қандай қиындық болмасын, мен сенің жәрдемшіңмін, сондықтан маған хабар етуді ұмыт па?

-Бірге көреміз, мен талай қантөгіс соғыстың ішінде болып, патшаға қарсы көтерілістің ортасында жүріп,

шыныққан адаммын, сол айдаудың салдарынан қазақ жеріне келіп, паналағанымды талай рет сенің ойыңа салғаным есіңде!-деп, ескерткен болатын. Сол ойлы сөз Қаныштың бүгін ашылар күні, сүйген жарын құтқару керектігін, ойластырып Божан мен Жандосты, ауылдың бүкіл жігіттерін көтеруді тапсырды. Олар аттарына мініп алып, алып ұшып түгел жинады, қолдарында шоқпар мен садақ, кейбіреуі сойыл ұстап, ауыр салмақты, тобылғы сапты шыбыртқыда бар, аянар емес.

Алыстан бұрқыраған шаң көрінді, қара жол үстімен, алдында ат үстінде біреу, түйе жетектеп, бірнеше аттылар мен көліктің қарасы көріне бастады. Көп ұзаған жоқ, шаң басылып, ұзын көш, Жәутіктің үйіне бет алып, жағалай қоршап, тоқтай бастады.

Жәутік оларды қарсы алып, алтықанат, үйге көрпе төселіп, қонақтарды жайғастыра бастады. Жылқы малы сойылып, бүкіл еліне хабар етті. Түйеге тиелген, бағалы жағалы киімдерді, үлестіріп, қытай кездемесін, көршілерін шақырып, бүкіл аулада тамақ дайындап, шай қойып жатқан әйелдерге бір-бір көйлектік жыртыс үлестіре бастады. Қыз әмеңгері, алпысқа келіп қалған кәрі құртаң, басында бір қылтаңы жоқ, сопиған біреу, адам көргісіз, өзі бастап, әкелген жағалы киімдерді таратып жатты. Қыз жасауыда, молынан келді.

-Түгелдей қонақтарға Жәутік өзі бастап, отау ішіне кіргізіп, қолдарына су құйылып, ас берілді. Сары қымызда күбісінен, құйылып көк тостағанмен таратыла бастады. Тамақ ішіп тыңая бергенде, даладан оқ атылып, мылтық дауысы «гүрс» етті. -Бұл не болып қалды, өмірі естімеген мылтық дауысынан бәрі шошып

«тұра-тұра» бірін-бірі басып, далаға ұмтылды. Атқан Николаев: Тез арада көздеріңді құртыңдар!

-Мен Россияның адамымын, ешкімге аюшылық жасамаймын, жас қызды сүйгенінен айырып, шалға беріп, малға сатқандарың бұл қай басынғандарың, ешқашан бұл жаққа аяқ басушы болмаңдар!- деді қатал дауысымен құлақтарына жеткізіп.

-Аттары үркіп, өздері жалаң аяқ -жалаңбас түйелерін жетектеп, аттарына мініп, арбаларын тастап шаба жөнелді. Жәутік басы айналып құлап түсті. Екінші рет тапаншадан оқ атылды. Ол Қаныштың өзі болатын. Ол кезде Қаныштың маңына жиналып қалған отыз шақты жігіттер қайран қалып, Қаныш оны қолына қайдан түсірген, бұрын-соңды көргеніміз жоқ!-деп, таңырқады. Құдасымақтар қарулы топтан бірден бәрі ығысып, басын сауғалап, шаң басқан қара жолмен кейін тартты, соңынан қуып соққыға жығып, енді бұл жаққа мойын бұрып, қыз дәметіп келмейтіндей етіп, дөңес биігінен асырып тастады.

- Жиналып қалған ауыл адамдарының алдына шығып Қаныш: Мұндай зорлықты кім көрген, Әкесі Жәутік ұялғаннан, көпшілікке қарая алмай, құлап түсті, Мен Маралымды үйге апарып, келін ғып түсіремін!- дегенше болған жоқ.

-Марал басындағы орамалды жұлып тастап, қасындағы кекше әйелдерлің қолын сілкіп тастап, Қаныштың сөзін естіп, есікке қарай жармасып, жұлқынып отаудан шыға келді, жүгіріп келіп, қарсы жүрген Қанышты бірден құшақтап, көрісіп жылай бастады.

Қанышта сүйген жарына деген, қуанышы мол, қызу оты молайған ғашығын баурына тартып, жан-тәнімен құшақтап, одан сайын сүйіп жабыса түсті. Сол бетімен қолынан ұстап, үйіне бет алды, соңына ерген бүкіл жұрт қуансып, үлкен тойға орлды.

Николаевта қызықтап, бірінші көруі қайран қалып, қол соғумен болды. Қыз-келіншектер Маралды ортасына алып, ақжібек көйлек кигізіп, ақ отауға кіргізді. Беті ашылып, тамаша ән шырқалды, Николаев ұлттық қазақтың дәстіріне риза болып: Бұл керемет той!-деп, бағалады. Қаныш әкесі екі бірдей жылқы сойып, көптеген көрші елдің жастарын шақырып басын қосты, өлең -жырлар айтылып, асқақ әндер дамылсыз шырқалып, кең даланы алып кетті.

Мұндай той, ешқашан бұл өңірде болған емес!-деп, келушілер таңғалып, екі жасқа ұзақ өмір тілеп, ауылдрына тарады. Николаев досы: Қаныш бұл оқиғадан кейін, саған енді қалуға болмайды, болыс Досмағанбет бірдеңе ойластыруы мүмкін, қастандық жасауы мүмкін, Маралды тастама бірге өзіңмен алып кет, екеуің болсаңдар алаңсыз өмір сүретін боласыңдар, жаңа ғана қаншама қиындықтармен қосылдыңдар!-деді.

Бұл пікірге әкесі мен анасы Балшөкенде қарсы болмады, қайта қуанып, Қаныштың алаңсыз оқуына жол ашылады!-деп, ұғынды. Алмас пен Әсетте, Божандарда қостап, шығарып салуға дайындала бастады. Қос ат жегіліп кимелі арбамен қасында Николаев бастаған досы бар, Алмас кең жол танабымен қалаға бет алды.

-Жәутік сол жатқаннан мол жатты, аяқ-қолы істемей, кемістік көріп, қараңғы бөлмедегі төсағашқа таңылды. Ешкім: Сен қалайсың?-деген жан болмады, болысқа берген малынан, ешкім келіп бас сұқпады. Көрешегін көріп, асқынған аурудан, көп ұзамай көз жұмды.- Қыз анасы Ажаркүлді туыстары көшіріп алды. Жалпақ дала, меңіреу дала, ұшы құйры жоқ созыла бітіп, кең алқапқа құлаш ұрған. Асау толқынды өзенде, дауыл тұрып, бұрқана толқып, жағаны соғып, астаң-кестең етумен, қалып барады. Жағадағы құрақты жапырып, аспанға атқан көбікті суы, жиілеп барып, жағаны шайып өтіп, көк шөбінде ысыра түскен.

-Әлден соң жел дауылы басылып, күн сәулесі жарқырап, күмістей жылтырап, көл бетін әсемдей түсті. Бұл тосын табиғаттың құбылмалы, кезегі!-деп, ой түйесің. Қаныштың ондай сахара жерінде туып-өсіп, қатал суығымен, аңызғақ соққан, дала ыстығыда, ұмытылмас өңірдің, бүгінгі бақа тірес келбеті, өгей анадай болып, қалыптасқанына өкінесің, жазықсыз жандардың жапа шегіп отырғанына, қатты намыстанып қынжыласың.

-Өмірде нағыз ырыссыз жан, қазақ елі, бүк түсіп қалың көрпе астында, ұйқыға кеткен, қара түнектен жарық сәуледе түспей, надандық елді тұтас жайлаған. Басып айтар, зұлымдық жолын айтар, тек болыстар қана, ел билейміндеп, ақ деп, бір алып, қара деп, екінші алып, қамбасын асырып, қылмысын жасырып, биліктің тұтқасын берік ұстап, қараңғы халықтың дыбысын шығармай, ойына келген үстемдігін жасаумен, айласын асырумен жүгендердің өзі емес пе?!

-Қалағада келіп жеттік. Темір жол станциясы. Николаев өзі бастап, Қаныш пен Маралды Петербург қаласына шығарып салды, Алмаста қош айтысып қала берді. Ұзақ жол, тамақта жетерлік, анасы кетерде, арнайы семіз бағылан сойғызып, екеуінің жолына!-деп қоржынды толтырып берген-ді.

Қос құлыным!-деп қайта-қайта сүйіп, Балшөкен көзіне жас алып «бақыт» тілеумен қоштасып қалды, ана жүрегі қимастықпен ұзақ бойына көзін алмай, қараумен болды.

-Николаев досы Қанышты баурына қысып тұрып: Өзіңе сақбол «қанды жексенбі» қаласына барасың, патшаға қарсы халықтың өкпеі басылар емес, қаруыңды тастама, өзіңнің қорғануыңа керек, Маралды қасыңан тастама, ол сен үшін бар жанын салып, әкенің аюандық ісіне қарсы тұрып, сенімен «мәңгілікке» бақытын байлады, ол қазақтың ержүрек тұңғыш қызы екенін білдім!-деді.

-Жүйткіген поезд, Петербургке бағыт ұстады. Қаныш Маралды сыртынан келіп құшақтап, ыс -тық лебін өзіне тартты, ақшыл мойны аққудың жәрасымды, келбетін бергендей, қолаң шашын бір жағына қайырып тастап, сүйе бастады, бетін беріп, мөлдір көзімен қарай бергенде, жалын оты құсап, Қаныштың ерні, мөлдір көзінен сүйіп, Маралдың бет ажарын өзіне басты.

-Қаныш жарының денесінен ләзат алғандай: Осы бір мөлдір көзің, менің жүрегімді бірден өзіңе тартып, еріксіз толқытып әкеткендей болады. Алғаш көргенімде де, көзіңнің мөлдірі бірден, денемді баурап алды, қайта-қайта қараумен сағыныш сезімімді білдіре алмай

налыдым! Көз алдымда, ғайып болып, құрбыларыңмен кетіп қалғаныңды білмей қалдым, артынан өкініп, бір сөз алалмай, уайыммен оралдым. -Сондағы менің көзіме «перінің» қызындай, сұлу тартқан, ақшыл ажарың, қомды қара шашыңды өріп, беліңе жіберіп, қою қара қасың, мөлдір көзіңмен, жүзіңді әсемдеп, жібектей созылған денеңе, жарасымды көк желеткесі, бойына бітіп, қызыл мәнерлі көйлегіде, ажарын ашып түрлендіре түскен.

-Сол аңсаған жарым, міне өзімнің қасымда, өмірлік қасымда!-деді. Марал мойнына оралып: Менің аңсаған жарымда, жанымда сен, көп ойлап, көп жылап, әнге қосып айтқан жырларымды, өзіңе арнап шырқаған сырларымды, сағыныпен басқандай болып, ұйқысыз өткен күндерім, әлі есімнен кетер емес!-деді.

-Маралдың келбеті әсемденіп сала берді, жүзі толған қуаныш, денесін түгелдей Қанышқа беріп, алдына жатып алды. Шашынан сипап, кең маңдайынан сүйіп, асыл денесін өзіне тартып, отыра берді. Маралдың жүдеген жүзінде орнына келіп, екі беті толығып, ашылла түсті. Қаныш аймалаумен, жарының бетіне бет беріп, оймақтай жұмсақ аузынан сүйе берді.

-Маралда солай болғанын қалап, жарының алдынан шықпады. Қаныштың ойы, Николаев айтқанындай, инженер болып оралуға, адресін беріп, тек сол оқуға түсуін қалады. Қаныш уақытын кетірмей, қолына кітап алып, дамылсыз оқу үстінде болды.

Маралда Қаныштан сұрап алып, жеңіл кітаптарды оқып, орыс тіліне, тілін жаттықтыра бастады. Марал ауылда алғаш молдадан сабақ алып, ауылға орыс жігіті

мұғалім болып келгеннен кейін, ғана орыс классына барып, оқи бастады, алғашында қиын болсада, өз талабымен зирек бола бастады.

Бірақ әкенің қатыгездігінен, оқу жайына қалды. Мал соңында жүріп, жалпақ даланың оты көп, жайлымды іздеп, суы мол жерлерге қоныс аударумен уақытын өткізіп жүре берді. Марал алған кітабын тез оқумен, Қаныштың қойған сұрақтарына жауап қайтарып, өзінің алғырлық қабылетін көрсете бастады. -Меніңде арманым бар, аз болсада білім алып, мұғалім болып, ауылдың қалың жұртын оқытып, сауатын ашсам ба деймін?-деп, ойын түйіндеді. Әрине болады, сенің қолыңнан келеді, мынау мен оқыған кітаптардың бәрін біртіндеп, оқып шық!-деп, Қаныш кітаптарды Маралдың қолына беріп, ұсынды.

-Ол кітаптар орыстың «керемет» ойшыл классиктерінің шығармалары болатын. Бір ғажабы ауыл қызының бұрын болмаған орыс тілін тез меңгеріп кетуі: Ауылда орыс мұғалімінен сабақ алып, тез үйренуім соның айғағы болыды!-деп, Қанышқа баян етті.

Қаныш таң қалғандай: Осы кітаптардың бірнешеуін оқып шықсаң, орысша жақсы сөйлейтін боласың!-деді. Маралды құшақтап сүйіп «жарының ақылдылығына» риза болды. Көп жүріп, бірнеше күнді артқа тастап, Нева өзенінің жағасындағы, зәулім қалаға келіп жетті. Жалдамалы үй тауып алып, орналасқан соң, оқу орнын тауып алып, Қаныш оқуын жалғастыра бастады.

Николаев айтқан жолдастарын кездестіріп, Маралдыда мұғалімдік оқуға қабылдатты. Күн санап Маралдың аяғы ауырлай бастады, бірақ оқуынан

қалмай, оқу орнындағы концертке қатынасып, ән шырқады. Алғашқы Маралдың әнін естігендер таң қалып: Қандай керемет дауыс «дала бұлбылы» -деп, атап үлкен сахналарға шақыратын болды. -Марал орысшаныда жете біліп, күн сайын кітаптар оқып білімін шыңдаумен болды. Қанышта оқуда көріне бастады, ол белсенділік танытып, ұйым жұмыстарына қатысып жүрді. Кішкентай ер бала дүниеге келді, ауылына хат жіберіп, немерелі болғанын айтып қуантты. Зымырап уақытта өтіп, бір жылда, екеуіде мамандық алып елге оралды. Ол кезде Европа мен Орта Азия арасын жалғайтын темір жол, Құшмырын кентін басып Есілге аспақ деген қауесет, ел ішіне тарап үлгірген, қалың жұрт ешқашан поезды көрген емес тек «көшпелі арба» деп, келген.

-Сол ұғым шындыққа айналып, Россия жерінен құрлысшылар келіп, қолымен жер қазып, тачкамен жер тасып үйіп, кейін өгіз арбаны пайдаланып, ат арбаныда қосты, бірақ бәріде қол күші, көп адамның күшін керек етті.

-Ауыл тағыдыры сол қалпы, бақа тірес, болыс билеп, өкілеттігін жасап, ауыл азаматтарына дүре соғуын қойған емес, жуандар болысқа арыз түсіріп, кедейдің малға шыға алмай, ауырып төсек тартып жатып қалғанына сенбей, о жарлық жасап «дүре» соққызған, бұл бір емес қайталаумен болған. Қанышқа келген бетте Алмас баян етіп, жақында тағы болатынын айтып үлгірді. Сол болған дүреден Құмар, Төлеу, Балғынбектер айыға алмай, аяқтарын баса алмай қалды, араша түскендерді, қамшымен ұрып тойтарып,

денелерін жаралады, Құмардың әйелін өңменінен итеріп, құлап жатқан күйеуінің маңына жолатпай қойды, Құмар «елу дүрені» көтере алмай бауырлап барып қара жерде біраз жатты.

-Қаныш кейістікпен: Бұл иттердің мұнысы қалай, жауыр-жапа шегіп жүрген кедей сорлыларды тірідей азаптауы қалай? Ендігі болатын күні қарулы топ ұйымдасып, бәріміз бір жерде болайық!-деп, уәделесті. Алмас пен Әсет бәріне жеткізуге сөз берді, ешкім сезбеуге тиіс!-деп ескертті.

-Біліп қойса, оязын шақыруы мүмкін, олар күш алып кетуі ғажап емес. Қаныштың айтуымен, алаңға адамдар жинала бастады, көптен көрмеген жұрт, Қанышты сағынды оның халыққа айтпағыда бар еді. Естіген елеулі адамдардың бәрі жиналды, Алмас бәріне хабар жіберіп, ауырып жатып қалған, Құмарға дейін, жүре алмасада, әйелінің сүйемелімен алаңға жетті.

-Қаныш жұрт алдына шығып: Мен сонау, алыс жатқан, Рессейдің патшалық мекен еткен, аймақтан оралдым. Ондағы орыс халқыда жауыр-жапа шегіп, патшаның қуғынына түсіп, дамылсыз Сибирге жер аударумен, қаншама халықтың отбасын тас-талқан етіп, «көтерліске» қатынастың деп, айыптап, азаптап жатқанын көзім көрді, күндіз-түні көше бойындағы патшаның атты әскерлері, «қанды қолды» жандарымдары, аюшылық жасамай «дубинкамен» ұрып соғып, ашық кіріскен!

Оған мұқалып жатқан халық жоқ, патша сарайының алдына жиналып, тікелей қарсы тұрып, айбатшылық көрсетуде!

-Ашынған халықты, қайдан тоқтатсын, әрбір жексенбі сайын «дүркіреген халықтың күші» бетін қайтарып, патшағада қол салуға бағыт ұстады, қанша тырыссада, сәтсіздікпен жолын кесуде, бірақ қайтпас, дауылдың күшін жеңу қайда, топтасқан халық «таудыда бұзады» деген бар!

-Олардың ырысы мол, алдарына түскен жарық сәуле, елес беріп қояды-ол өздерінің аңсаған болашақ өмірге қол жеткізуі, жарқырап күнде шығуы ғажап емес, «бақытты өмірдің, ерлік пен теңдіктің, адамзат көрмеген бірліктің кілтіне қол жеткізу» үміті кетер емес, бойларын билеп, сеніммен қадам басып, жылжуда!-деді.

Кешеғана сау жүрген, Құмардың кеміс болып қалғаны, аюандардың істеген ісі ұмытылмас дақ болып, дүре соғып, момын қой аузына шөп алмайтын, айтып айдағанына жүретін, адамға істеген зорлығы, ертең тағыда басқаны жазалауы әптен. Болыстың орындаушы шабармандары «бір сөзді-көп сөз ғып, жеткізіп қайтпас бұйрығын орындаумен -арандатып» қарапайым халықты, ешқандай қорғанышы жоқ, адамдарға тісін батырып, ел мазасын кетіруде.

Ондайларды еркіне жібермей, тісін қағып тастау біздіңде қолымыздан келеді «тек ұйымдасқандай болуымыз керек, қанды соғысқа тойтарыс беру, біздіңде қолымыздан келеді»-деді.

- Қаныш тағыда менің бір айтарым: Менің Николаев досым қалада тұрады, көрген боларсыңдар, соның айтқан Петербургта достары мені қарсы алып, жақын көріп, баурына тартып, олар сондағы Путилов заводының белсенді жұмыскерлері, менің оқу бітіріп

кетерімде әдейі жиналып шығарып саларда: Сен енді «бақатірес қазақтың кең даласындағы ортаға барасың, олар қараңғылық пен үстемдікті басым етіп «білгенін істейді» сондықтан солардың құрбаны болмас үшін «қорғаныс» деп, өздері жасаған бірнеше «тапаншамылтықты» сиға тартты, Сол себепті, Алмас пен Әсетке, Божан мен Жандосқа беремін!-деп, ұсынып қолдарына ұстатты.

-Қиындығы жоқ, тез үйреніп, қорғанатын болады!- деді. Қаныш сөз аяғын: Қасымдағы менің жолдасым Марал орысшаны жақсы меңгеріп «мұғалімдік» мамандық алып, бірге оралды, мақсаты елдің жасынан - кәрісіне дейін, армандаған өзінің құрбыларында оқуға тартып, сауатын ашу еді.

Қаншама менің оқыған кітаптарымды оқып, білімін көтерді, соның арқасында, орысшағада қол жеткізіп, тіл үйренді. Маралда сөзге бай, халыққа қарап сөз алды: Бізде қазір арнаулы үй болмаған соң, осы алаңға жиналатын болыңдар, көк майсалы, балғын жер, отыруғада ыңғайлы, алғашқы сабақ осында өтеді!-деді.

Халық Қаныш пен Маралға риза болып «ду қол соқты» алғыстарын айтып, үлкендер батасын беріп жатты. Жиналған көпшілік: Айналайын Қанышжан! Қайда жүрсеңде, өзіңнің туған халқыңды ұмытқан емессің, оқуда жүрсеңде «елім менің, сүйген жерім, жанашыр жұртым» деген әрбір сөзің, халқың үшін аянбастай күресе білгенің, қара түнекке саңылаудан сәуле түсіріп «ұшқыннан от қаулайды!»-деумен жиналған жұрт бір ауыздан, қол соғумен болды.

Ертеңіне қаптаған жұрт, қыз-келіншектер легі, алаңға толып кетті, бәріде Маралды қолдап «сауаттарын» ашу еді, өмірге деген талпыныс, тұңғыш рет Дүзбай жерінде болғандай еді.

Қашанда біреудің бастауы, басқаларының қостауы, жаңа дәуірдің, ел ішіне кіруі, Марал қыздың алғырлығы деп, түсіндірді. Ой арманда, өз талабымен келеді. Саналы мақсат тұтқан адамның, қабылеті дерлік. Сол есім, ойға оралып, жарық жұлдыздай болып жер бетіне, сәулесін беріп, көк аспанның мөлдір тартқан құбыласымен ілескендей болып, ашыла түседі.

Қаныштыңда ой арманы, асыл дүниенің, есігін жаңа ашқандай болып, соңына ерген бүкіл жұрт, масатыдай құлпыра біткен жас дәуреннің басын шалғандай болды. Ол болашақ есім, келер күн, туар өмірге, жаңа заманның есігін қағып белгі бергені, белестегі асулармен ұштасып құс қанатындай, жалпақ түзді кешіп келеді.

- Қаныш Құмардың қасына келіп: Құмар аға қалың қалай еді? Бұрынғы кескінің жоқ, ауру батып, мүдем жүдегенсіз? Балғынбек пен Төлеудің де жағыдайы мәз емес, қазір үйге барыңдар, Жандосты Құшмырын кентіне дәрігерге жібергенмін, қазір келіп қалар, дәрі-дәрмектіде әкелуін тапсырғанмын, мен Маралмен сіздің үйде боламыз!-деді. -Жандос қазірде дәрігері қасында, біз барғанша, Құмардың үйіне кіре берді. Қоңыр тартқан отау үй, шағын албарымен қоршалған. Есікті ашып, бізде Марал екеуміз үйге кіре бердік. Дәрігер орта жас шамасындағы әйел, үй ішіне шешініп жіберіп, бірден ауруды қарап, арқадан өткен қамшының ізі, жолақ

болып әлі біте қоймаған, кеудесінде де ақау барын дәрігер жасырмай айтып салды.

Мұндай жүгенсіздік, адам баласын осыншама, қинағаны «өліпте кетуі» мүмкін еді!-деді. Жас қой әліде үміт күтуге болады, бүгін емдеп, тиісті дәрілерді беріп кетемін, келер жетіде көлік болса, келемін асқынбай тұрғанда емдеп жазуымыз керек!-деді.

Құп айтқаныңыз мақұл көлік болады!-деді Қаныш салған жерден қуанып, дәрігерге риза болып, көңілденіп кетті. Үй ішінде мәз болып қуанысып қалды, Асырап отырған, жалғыз Құмардан айырылса, шиектей бала шаға дағыдыры не болмақ? Жандос арбасына мінгізіп, Төлеу мен Балғынбектің үйіне бет түзеді.

Қаныш түгелдей үйлерді аралап, ауырғандардың жағыдайын біліп, Марал екеуі үйіне оралды. Біраз күндерден кейін, айығып еңбекке оралды. Кеш болып қараңғы түсе бастағанда, Алмас асығыс бойында ызалы сыры бар, ашу тартқан қалпымен Қаныштың үйіне келіп бас сұқты. -Қаныш мұндай Алмастың түрін бұрын-соңды көрген емес, айтар сөзін кекештеніп, жеткізе алмай Болыс! Болыс!-деумен ұзарта түсті. Қанышта сасқалақтап: Алмас ашуыңды бас, асықпа мен алдыңдамын тыңдаймын!-деді.

Әлден соң ашуын басып: Болыс Досмағанбеттің жендеттері, өзеннің жағасынан жеке үй тіккізіп, қолдарында жазылған тізімі бар, өзіміздің Досан, Жайлыбай, Жарас, Айтандар бар, ертеңіне оларға кісен салып, жағадағы үйге әкелетін көрінеді, мен анықтау үшін үйлеріне барып шығып едім, түгелдей қайғырып

жылау үстінде: Күніміз енді не болмақ!-деп, егілуде шыдай алмадым.

Мұндай сұмдықты кім көрген!-деді. Естіген Маралда ыршып түсті. Қаныш: Саспаңдар! Біз олардың бұлай істеуіне жол бермейміз, Әсет пен Жандосқа тез хабар жеткіз, жігіттер қаруымен өзен жағасындағы үйді қоршап, жендеттерінің сыбағасын береміз!-деді.

Алмас үйден шығысымен күрең төбеліне міне салып, Әсеттерге хабар жеткізді. Ашынған халық, жағаға толып кетті, үйді қоршап алып, Қаныш үй ішіндегі жиналған он шақты бас кесерлерге: Тоқтат! Бұл қылығыңды, жазықсыз адамдарда, қандай құндарың бар, әлде алалмай жүрген өштерің барма? Неге бұлай лаң саласыңдар? Мен жиналған халықтың атынан келіп тұрмын!-деді.

- Болыстың оң қолы Бөшбай ашуға басып: Сен кім едің біздің ісімізге араласатын? Кім сені шақырды?-деп, сөйлеп. Қанышқа тік қарап, қызарған отты көзінің, лебін шашып, қара мұртты, қысық көз, келте мұрын, екіре сөйлеп, өзінің әкімдігін жария еткендей, шікірейе қалыпты. Қанышта тайынар емес: Мен сендей, атақ құмар, әліпті таяқ деп, білмейтін қуларды баяғыда көргем, соның біреуі сенсің, дереу тоқтат, әйтпесе мынау үйіңді өзіңмен бірге төңкеріп тастаймыз!-деді.

Сол кезде, түндіктің үстін ала, мылтық дауысы «гүрс» етті. Бәріде сасқалақтап, орындарын тастап, дүркіреп далаға шыға келді. Жағалай қоршаған қарулы топты көріп шошып кетті. -Жалма жан байлаулы тұрған аттарына ұмтылып, кетуге бет ала бергенде, қарулы топ ортаға алып, таяқтың дүмбісімен, сілікпелерін

шығарып, жаю қоя берді, енді келместей аттарынан айырлып, қарасы жоғалды. Жиналғандардың алдын тоқтатып Қаныш: Бұл мұнымен бітпейді, олар қаладан жендеттерін алғызуы мүмкін, сондықтан бәріңде осылай, бүкіл ауыл болып, көтергеніміз дұрыс, сонда біз күш аламыз, арамыздан ешбір азаматты бермеуіміз керек, халық күші сарқылмас күш болмақ!-деді.

- Бәріде бірауыздан шу ете қалды: Әрине ел азаматын бермейміз, қасықтай қанымыз қалғанша күресетін боламыз, бұрын осылай жәбірленгендердің қалдары мүшкіл, әлі айығып кете қойған жоқ, дәрігер уақытында келмегенде, ушығып өліп кетуі ғажап емес еді!-десті ауылдың Асылхан, Бақым, Орал, Жұбандар ашына сөйлеп, Қанышқа қолдау көрсетіп.

-Қаныш жалғыз бұл емес: Болыс Досмағанбеттің сайлауға түсіп, дайындалып жатқандағы сол бір істің азабы ұмытылар емес. Қаныш қаладан келген ояз Махновскиймен танысып: Мында не болып жатыр, халық сізге ренжімей ме? Не қылғаның? Жылқыбай мен Байдәулетті тергеп, он қамшы бермекке бұйыра ұмтылды.

Ешкімдіде тыңдайтын емес, арқасын төсеп, Жақыпбекке онбес дүре деп, оқып орындалуына Махновский иек қақты, екі дүреден кейін Жақыпбек ойбайлап, жатып қалды, Қаныш байқап қалып шап беріп қолынан ұстап: Тоқтат! Деп, айғай салды, көрмейсің ба? Өңменінен өтіп, құлап түскенін.

Сен адамды жазалау емес, өлтіруге келген, «қанды қол» қарақшысыңдар!-деп тік тоқтатқызды. Қаныштың орысша сөзі басымдық танытып, бірден Махновский

тоқтатындар!-деп бұйрық етті. Қаныш бірден сырттағларға бұйрық тастап: Қиратындар үйді, қарап қалмаңдар!-деді. Айтуы мұң екен, керегені арқанмен байлап тартып қиратып, уықтардың быт-шытын шығарып, атпен арқан байлап, төңкеріп тастады. Махновский Қанышқа жақындап: Сен оқыған кісісің, бұлай істеуіңе болама?-деді.

Қаныш: Сен неге жазықсыз момын, қара халықта не аларың бар, ашынған жұртты тоқтату қиын, сен өзің жаралы болмай тұрғанда орныңды тап!-деді. Жарайды онда бізден бір қаталық кетті Қаныш мырза! Осымен бітісейік, енді гәрі, халықпен санасуым керек еді!-деді. Ендеше солай болсын, өзіңнің аман кеткеніңе тәуба де, келеріңде не үшін келгеніңді бізге білдір, біз осы елдің азаматымыз, Россиядан келгеніміз жоқ!-деді.

Осымен жабулы қазан жабуымен қалсын, сен болды деп, айтпа? Мен ешнәрсе бүлдіргенім жоқ!-деймін деп, екеуі қол алысып, татуласып тарқасты. Махновский Қаныштың қолын алып қоштасып: қалаға келсең маған соқ, біз енді доспыз!-деп, кимелі арбасына мініп жүріп кетті. Қаныш өзі өскен елінің тыныштығын, қарапайым елінің адамдарының жапа шекпеуін қорғаумен болды.

-Қаныштың қарсы алдындағы, толқынмен ағылған сағымдай болып, ендігі тіршілік мақсат тұтқан қиялдай болып, рахат өмірге бағыт ұстап, барғандай ағылады. Болашақ үміттің сәулесін тапты. Сол бағытты ұстап, асыл дүниенің сеніміне кіріп, халқын жырға қосқан ақындар құсап, бикке өрлегендей болды.

-Бұл оның ой көңіліне қосқан, жастық серпіні еді. Кейде Маралмен қосылып шырқаған әні дала өңірінде

ұмытылмас болып, қорған болып бекіді. Бұл шаттықтың әні болатын. Алғаш рет ақбоз аттың үстінде салып шырқаған Маралдың өзі болатын. -Сол жол махаббат жолы, сүйіспеншілік жолы болып, алғашқы жарымның қадамы, осылайша дала өңірінде, әнмен ашылғаны, есімде. Кейде ойға түскенде, Маралдың өзі әзілдеп «мен дала қызымын» дейтін, алғашқы Сағыныш әнін айтып, еске салатын.

Менде қайырмасына қосылып, жапан түздің әлеміне жеткізіп, үйге бірге оралатынбыз. Топайкөкпен ақбоз аты жараса бітіп, кейде үзенгілеріміз, қағысып қалып, кілт аттың басын бұрып, әуежай бағытымен, қыз соңынан ұзақ жүретінмін.

Шыдай алмаған Маралдың өзі, қайта маған атының басын бұрып «қатарлас»-деп, бұйыратын. Бағынбасқа болама «дала қызының» сөзі, жұмсақ тиіп, бойымды жылытып, жүрегімде ала түсті, бірден менде ұнатып, сұлу жүзінен бір сүйеге ынтығып, көзімді алмай қараумен, ауылға келіп қалғанымды бірақ білетінмін!- деді. Біз Марал екеумізді, Әсет, Божан, Жантастармен, Алмастың туған нағашысының жалғыз баласының үйлену тойына, көптеген ауыл адамдары мен туысқандарын қоса Сазды ауылына шақырып кетті. Алмас өзі келіп: Маған нағашым әдейі соғып Қаныш пен Маралдың келуін күтеміз!-деп, асығыс айтып тапсырған еді. Ертеңіне Маралда ақбозатымен, бірнешеу болып, Алмас бастап жолға шығып, Қарақамысты басып, Шалғыннан асып, түстік жер, ұзақ жол Саздыға барып бір жола аялдадық.

-Алмас: Ұмытып кеткенмін, жүрмегесін есімде болмады, әйтпесе Саздыға төте тартып, мана келетін едік!-деді. Қаныш: Енді келдік қой, қайтарда сол жолмен өзің бастап, апарасың!-деді. Жандоста қостап: Ат аяғына бәрбірғой, арбамыз жоқ!-деді.

-Аттан түсе бергенде үлкен топ ауыл адамы, Қанышты құшақтап: Естігеніміз болмаса, көргеніміз жоқ!-деп, амандасып Марал екеуінің тізгінін алып, аттан түсіріп «келгендерің жақсы болды ғой!» деп, бәйек болып, жылы шырай танытып, қыз-келіншектер Маралды ортасына алып, алты қанат ақотауға кіргізе бастады, бізде соңынан жүре түстік. Отау іші, тамаша әшекейленіп, кілемдер төселіп, тұсқа ілінген, қызылды-жасыл көрпелер төселіп, Төрден орын алып отырыса бастадық. Маралды шымылдық ішінде, қыздардың ортасында, жаңа түскен келіншектің жанынан орын берді.

-Сірә ауылдың жігіті болу керек, қолында домбыра, өлең айтумен болды. Алмас түгелдей жиналған ауыл адамдарына, жолдастарын таныстырып шықты. Бәріде Қанышты білеміз!-десті. Алты қанат отау іші лық толы болды.

-Алмас өзінің нағашысы Сәбенді таныстырып, баласы Сағынышты Қанышқа айтып үлгірді. Той қыза түсті, маңайдағы жақын Сүзген, Шүмекті, Отар ауылынан адамдар толып кетті, бәріде әнші, қыз-жігіттер, әсем киініп, түрлі тағымдарымен жал-жұлт етіп, қамзеліндегі сөлкебайлары сылдырлап, сұлу жүздерімен көпшілікке иіле амандасып, отау ішінен орын ала бастады.

-Тойды қыздыра түсті, келген қыздар кезектесіп ән айтумен болды. Той айтысқа ұласты «қыз бен жігіт айтысы» көпті күлдіріп, қызықтады. -Әлден соң, Дүзбайға жақын аулдан келдім, деген орта жастағы әйел: Біз Көктал өзенінің бойындағы, Қарасу жерінде жаз бойы жайлау етіп, үй тігіп бірнеше ауыл жұрты көктемнен бастап, мал жайып, Дүзбай малшыларымен көрші болып, біте қайнасып араласып, отыра беруді әдетке айналдырып алдық, қонақ жайлығымыз үзілген емес! Осында Марал келді деп естіп қатты қуандым, оның шыраған дауысы ақбозат үстінде отырып, отарын қайтарып, кешкілік айдап әкететін, сол дауысы әлі құлағымнан кетер емес, біз ылғида әсіресе кешкілік түндікті ашып қойып тыңдаушы едік, кейде оның айтқан мұңды өлеңін естігенде көзімізге жас алып, жылапта алушы едік!

-Көптен көрінбей кетті «күйеуге шықты»деп, естіген едік!-деді. Алмас қарқылдап күліп жіберді: Апа ол қызыңыздың күйеуі мынау отырған Қаныш деген жігіт, Марал шымалдықтың ішінде, келін баланың қасында отыр!-деді. Әлгі апай ұялып төмен қарады, Қанышты білмеген көрінеді, тек естуі ғана бар.

-Алмас олар менің жан жолдасым: Жақында оқуларын бітіріп Петербургтан оралды, Марал қазір мұғалім, ауыл адамдарының барлығын «алаңға» жинап, сауатын ашуда, Қаныш болса инженер!-деді. Айналайын Маралжан, ең болмаса бір көрінші, көп жылдар өтті көрмегенім!-деді.

-Көп ұзамай, шымалдықтың шетін ашып, Марал-қыз шыға келді, басына киген камшат бөрік, бойына

жарасқан қызыл көйлегі, көк желткесімен денесіне жараса түсіп, қомды шашын артына жіберіп, сұлу тартқан ақшыл жүзі ашыла түсіп, иіліп барып, төрдегі әлгі апайдың қолын алып амандаса бастады. Апай атып тұрып Маралдың екі бетінен сүйіп, құшақтап баурына басты. Әлден соң Марал қолына домбыра алып төрдегі Қанышқа беріп, қосылып ән айтуға биім етті. Қаныш бірден домбыраны алып, құлпыртып тарта жөнелді, Маралда асқақ дауысымен қосылып бірге шырқады.

-Екеуінің шырқаған дауысы, бүкіл жұрттың бойын алып көңілді жүздерін жарқыратып, шыға бастады, асыл денелері шапағат құшағына оранғандай, болып естері кетті. Бұл бір ән ғана әліде қаншама ән айтылмақ. Маралдың өзі шығарған әнін тыңдалық!-деген дауыстар шығып жатты.

Қаныш Маралдың қандай әні болмасын, домбыраға салып, үйде айтумен болатын. «Мұңайма құрбыжан», «Жылама құрбым», «Сағындым сені анашым», «Үзілдау сенің бақытың», «Қоштасу болдау арманың» әндерін естіген жұрт көздеріне жас алып, қайғы басқан, мұңды құрбылары, өкінішпен, өз теңіне тие алмай, шал қойына барып, үміті үзілгенін сөз етіп «бақытсыз болып қалғанын» жыр етті.

-Ақырғы күні «қоштасу» әнімен зарлы мұңын жеткізіп, бүкіл жұртпен қоштасып, көзінің жасын «төгіп-төгіп»енді мұндай өмірден бір жола қол үзгенін, жырмен жеткізе білді «тар заманның құрбаны» болып, малға сатылып кете барды...

-Марал әнін аяқтай бергенде, сыртта ат дүбірі, елең етті. Әлден соң бойларын күлкі билеген сұлу Шараның

қолынан ұстап, Ғанида отауға кіре берді. Артын ала түсіп, Аққыз бен Толысбек, Ғалияш пен Досандарда ере келіпті.

Марал қуанып, құрбыларын қарсы алып, Қаныш екеуі, достарының келгеніне «бәйек» болып, Сәден мен Алмаста тік тұрып, қонақтарына төрден орын бере бастады. Алмас оларды Дүзбайдан қыздарды, жас жігіттерімен әдейі шақырған.

Ғани Жандостың әнші інісі, бетін қақтырмай, Шараны бұрынан өзі бауырына тартып, қатты сүйген. Қызда әнші жігіттің келбетті ажарын көріп, салған әніне ұзақ қараумен естіп, өзінің әншілігінде көрсете білді. Екеуіде жарасып, өзен бойында жүріп сайрандап, ән додасын кезектеп айтып, бір-бірімен қосылыпта шырқаған.

Қаныш бірден мақұл көріп: Кезекті Ғани мен Шараға береміз!-деді. Жұрт ду қол соғып, екі жасқа қошемет көрсетумен болды. Ғани мен Шарада жаңа әнмен өз өнерлерін көрсетпек. Домбыраны алып, Ғани Шараға қарап, көзін алмай отырды да: Ал бастайық!-деп, домбыра үнін қатырақ шығарып, Шараның әнімен, шырқата салып, ауа толқынымен кең аймақты ауыл үстінен алып кетті.

-Ай жұлдызыда түнектен сығалап, отауға түскен, осы бір жарық сәуе, екі жастың ажарын ашқандай, сұлу беттеріне түсіп, көңілді жүздеріне шапағат атқандай нұрлана түсті. Бұл олардың қосылып салған тамаша үндері болатын. Қаныш бұларға дән риза болып, бірін-бірі сүйіп тапқанына, «ғашық» жандар»-деп, тұжырым

жасады. Салған әндеріде жарасымды, ой тастап, көпшілікке ұнады.

-Биік белесте осылай көрінсе!-деп ой қорытты. Шын махаббат, жарасымды назды үндері, көгілдір аспан әлемін шарлағандай естілді. Шараның ақшыл жүзінде, көңілді күлкі байқалады, қалың қасымен кең маңдайы жарқырап шығып, жігіт бетіне сәулесін шашқандай, елес береді. Жігітте қатар отырып, жіңішке белінен ұстап, өзіне тартып, жақын отырып әнді шырқағанын жақсы көрді.

-Оның аппақ саусақтары, Ғанидің қолын ұстап, ұзақ отырып, ешбір қозғалыс жасамады. Тек әнге бұйып, қосылып айтуды әдет қылып алғанға ұқсайды, Шарада әннен тартынбады, жігітінің бойын ала берді, асыл денесімен қатар отырған қалпын сақтады. Шара Уақтың ішіндегі ең сұлуы, ақылдысы болатын. Қанышта бұрын естігені құлағында. Жігіт еркелетіп, мақтау айтады. - Шара сүйген жігітіне сенеді. Бірде сүйгенін көре алмаса, іздеумен кейде ат сабылтып, соңына түседі. Бар жаны қыз үстінде болып, көре алмаса жоғалтқандай тыпыршып, үйге симайды.

Асыл жүрек, Шара!-деп, сабасынан кетірмей, үн қатумен ұйқысыз күндерді, көз алдына елестеткендей болады, бұл оның шын сүйген, жары болып, ойын қосады.

Шараның кішкентай қара көзінде, кетпестей бір нұры бар, кейде сол нұры көзін ашып, сұлу бейнесіне, шашқандай болып, ажарын одан сайын құбылтып, жарасымды әрі сүйкімді етіп көрсетеді. Жігіті сол кезде, дамылсыз құшатап, баурынан шығармай, оймақтай

аузынан, ернін алмай, жабыстырып тұрып қалдады, ол оның тартымды қасиетіндей болып көрінеді.

Жігіттің сол тартымды кезі, жарқын көңілі кеңірек ашылғаны байқалады. Әнді біраз айтқаннан соң Марал кезек: Басқаға берілді!-деп, Ғалияш пен Досанға ауысты. Бәріде Маралдың құрбылары, ауылда өздері бірге өсіп, ауыл мектебінде бірге оқыған, аттарына мініп алып, жақын ауылдың тойларында болып бірге әнде салған.

Сол аттарына мініп, жігіттерімен бірге келгеніде сол еді. Бәріде Маралдың жүзіне қарап қапты. Марал жайдарлы келбетін беріп: Жаңа ғана сендер кіре бергенде Қаныш екеуміз біраз шырқағанбыз, енді кезек, сендердікі!-деді.

-Қаныш шертіп тартып отырған домбырасын Досанға ұсынып: Сал назды дауысыңа, тайынба біз көршілерден кем түспеуіміз керек, Ғалияштыңда дауысы сыңғырлап тұр, нанбасаң бүкіл жұрт қазір қол соғуы әптен!-деді. Шамасы осы сөз Ғалияшқа өтіп кеткені ма: Тарт домбыраңды, шығар үнін!-деуі мұң екен, Досан күмбірлетіп ала жөнелді, әнде қоса ілесіп шырқала түсті.

-Тамылжыған дауысты естіген жұрт «ду» қол шапалақтап: Қандай керемет дауыс, бұлар біз көрмеген шетінен артистер ғой!-деп, мақтауын асырып жатты. Ғалияштың әсем келбеті, ақшыл бет ажары, сұлу болып біткен, жібектей созылған денесі, жұрт көзіне түсе бастады.

- Досан жігіттің төресі, домбырамен бітіскен саусақтары, өте икімді, дүмбірлетіп салған әнді, жанарынан кетпестей етіп, ұмытылмас ән болып,

естерінде қала берді. Ғалияштың түріне кім қызықпайды, отырған ауыл адамдары көзін алар емес, оның айтқан әндеріне ауыздарын ашып, қыздың аппақ тістеріне дейін көріп, есі шығып, назарымен булығып отыра түсті. -Ауыл жігіттерінің қызға деген, адал көңілі еді. Бақылап отырған Марал: Ән кезегі өзіңе келді! Аққыз енді сен айт!-деді. Досан қолындағы домбыраны Аққызға ұстата берді.

Үй іші тегіс Аққыздың жүзіне қарады, салалы саусақтары, иіліп барып, домбыраның перделерін басып, тарта жөнелді. Қарап қалған жұрт: Қандай кермет тартыс!-деп, Аққыздың сұлу біткен ажарына қарап, қапты. Шырқата салған ән, домбыраның тамаша үнімен, отау ішін алып кетті, қалықтаған ән көпшіліктің көңілінен шығып, отырғандардың мауқын басты.

-Әуен мен үн табысқандай болды. Күміс қоңырау, алып ұшқан қыз жүрегі, Толысбекке үн қатқандай, көзінің қара нұрынмен қарап өтіп, көзін алмады! Айтқан әнінде, сол жігіттің асыл бойымен, сұлу тартқан келбетін, өзіне тартып, әсем әнімен, серікке бірге шықсайшы, деумен жырлады. Өзінің ал-қызыл аппақ тартқан, ақ тамағын ашып тастап, толқынды желек атқандай болып, сездіре түсті.

-Кел! Өнеріңді көрсет, жігіт болам, десең іркілме, меніде еліктір өзіңмен, қол ұстасып биікке бірге шығып, бақыт құшағына оралғандай, аша түс сенде өнеріңді!-деп, Аққыз домбырасын жылжытып, жігітінің қолына ұстата берді. Байқап қалған Қанышта: Бұл өте керемет, енді қайтып тартынбақсың!-деді Толысбекке қарап. Шынайы сөз, әзіл болып жарасты. Маралда Аққызға

сүйсіне түсіп, айтқаның орынды болды!-деп, құлағына сыбыр етті.

Толысбек бір қызарып, бір ағарып Аққыздың сүйкім тартқан, бейнесінен көзін алмай, күлімдеген жүзіне сүйініп, кетер емесін аңғартты.

-Қыздың жіңішке тартқан тал шыбықтай беліде, отырған отырысы, иіліп барып, жібектей созылған әдемі денесі, сұлу келбетімен жарқырай түсіп, сәулелі күннің елесіндей, көз алдына келе берді. Толысбектің алғашқы қызға деген махаббаты, қос жүректің соғысындай болып, алып ұшқан денесінің бейнесін, іркіліп барып, әрең тоқтатты. Бұл оның қызға деген шынайы сүйіспеншілік белгісі, онсыз өмір маған болмас деген асыл ойдың жалын атқан отты назы болса керек. Толысбек осыны іштей қорытып, барлық сырын Аққызға жеткізу еді. Соңынан!-деп, тежелді.

-Қолындағы домбыраны көтере тартып, құйғылжыта алып жөнелді. Домбыраның назына келтіріп, шырқай жөнелді, назды дауысы, домбыра күмбірімен қоса шығып, асқақ дауысының үнімен алысты барлады, естілмеген әндер айтылып, қалың жұртты көтеріп тастады. Аққызда Толысбектің әніне балқумен болды, оның әдемі жүзіне көзінің қиғын тастап, күлімсіреген келбетін беріп, жүрегінде сарқылмас қуанышы бар, қызу тартқан денесін, жақындатқысы келді.

-Сырға толы жүзінің, ойында айтқысы келді. Астан соң, қымыз әкеліп, сарала тостағандармен қонақтарға ұсынып жатты. Марал тостағанға толы қымызды Қанышқа ұсынып, қолына ұстатты.

Тағыда бірнеше қайталанып, Марал өзі ішпей Қаныштың ішкенін жақсы көріп, ұсына түсті. Кім қымызды жақсы көрмейтін, қымыз қыздырып көтеріп тастады. Тойып алғандар тыңдайтын емес, әнге басты. Бұл өңірде мұндай той, болған емес, келмеген адам жоқ.

Алты қанат үйге симаған жұрт, тағыда үй тігіліп, есіктерін қарсы ашып тастап, ауыл адамдары, сонда отырып, үлкендер ән тыңдаумен болды. Шара отырған қыз атанғанмен, ешбір әңгіме ол туралы, шыққан емес. Сүгірдің дара қызы, ақылдылығымен қалың жұртқа танылып, сұлу келбетімен көпшілікті өзіне қаратып «қайран» қалдырды.

-Қаныш бірге ауылдас болған соң, өзінің қарындасындай көрді. Оның бойына біткен, қайраттылық пен жарқын мінезді салмақ бар, тіліп өтер өжеттігіде бойына біткен. Ғани қанша жақындап көрседе, Шараға үзіліп, жалынды сезімін білдіріп көрген емес, ашылар кез Шара үшін керек болды, қаншама жырға бой ұрсада «ғашықтық» оты сөнбегендей, қыз жанарында ұстады. Шара қыздың ойында бір мұң жатты.

-Тарқатар ешкім болмады, бірақ Қаныш сезіп жүрді. Боқырау күзінде қыз әкесі Бөшбай, Уақ еліне барып, алдына салып, бір айғырдың үйірін беріп тастап, өзін үлдемен-бүлдеге оранып келгені, қыздың есінде болатын, ұмытқан емес. Содан бері қаншама уақыт дерсің, қыз кемеліне келіп, бой жетті. Қызды содан бері қатал ұстап, кешкілік жүріп-тұруына, құрбыларымен қыдыруға тиым салды.

-Кейде қызына зекіріп, ауыр сөзбен, тұйыншықтырып отырды. Әйелінен естіген Ғанидің жөнсіз келуін ұнатпай: Мұндай сорлы кедейге берер қызым жоқ, қызым барса бай қуатты адамға ғана барады!-деді. Бөшай жасырын хабар жіберіп: Келсеңдер ешкімге білдірмей, ауыл жатқанда барып, бір жола әкетуге келіңдер!-деп қадап айтты.

Қыз әмеңгері, орта жастағы шал кісі, әйелі бар Әукен деген. Малы көп, баратын жері бай адам, Мойынтас ауылы, жаз жайлауға шығып, суы мол Шалқыма жерін жайлап, малына өріс қылған, көптігінен көше алмай, күздің қара суығына дейін отырған. Қыз сол Шалқыма жеріне түсіп, алтықанат отау дайындатып, қыз жасауын жасатып, әкесінеде таныс еткен.

-Отау есігі, Шалқар өзенінің, кең алыбына қарай, жарқыраумен күмістей болып, күн сәулесін өзіне тартып, дамылсыз соққан баю жел, таза ауаның жұпар иісіне көміп тастағандай боласың.

-Кейде толқын көтеріліп, дауыл тұрып, су беті буырқана түсіп, жиектегі жағаны соғып, тік жарлы аймаққа ұласып барып, басылады. Шалқар өзені «бұзық» өзен!-деп, атап кеткені және бар. Қаныш Алмасты шақырып алып, түгел ауыл адамдарына ескертіп үлгірді. Қаныш бірақ Бөшбайдың «найза» бойламайтын ойын білген емес.

-Шара бір сұмдықтың боларын білді, тек ішінен тынып, ешкімге тіс жармады, тіпті жақын құрбысы Маралғада айтып сездірген емес. Тек анасына: Сендер керемет бай болып, қуаныштарың қойындарыңа симай, өмірі көрмеген үлдемен-бүлдеге оранып жатқандарың

қай жетістік? Менің дағыдырымды ойладыңдар ма? «тоқал» болып, қуарған шалға денемді бергенше, құздан құлап, жер қойнауына кіргенім артық!-деді көзіне жас алып өксігін баса алмады.

-Анасы Шөкім: Құлыным! Саған не айтайын, көп мал алып, уәдесін пісіріп келген, обалың әкеңе болсын! Мен бір сөз айтсам болды, басыма таяқ үйіріп, қолымды кеміс қылғаны, есінде болар, сен кетсең мен бұл үйде бір күн тұрмаймын, бетім ауған жағына қаңғып кетемін!

Шалдың кесірінен туған інің Әуезбек қыршын кетті, асау жылқыны үйрет деп, болмаған соң, қолына арқан байлап, шешілмей асау жылқы артқы аяғымен теуіп, біраз сүйретіп, табанда жан тапсырды. Ешкім араша тұра алмады!-деп, қызын құшақтап, дауыс қылды.

-Күз кезі. Аймақтың бәрі сарғайып, сар түске боялған. Ағаштыңда жапрақтары түсіп, жалаң болып, селдірей бастады. Жалпақ даланыңда оты кетіп, сарғайды. Қараңғы түн, көзге түртсе көрінер емес. Аспанды басқан қара бұлт, көк күмбезден кетер емес, жарық жұлдызда, аймен бірге ұрланып, көрінбегені біраз болды. -Бөшбай түн бойы, үйден ұрланып шығып, маңайды шолып жатпады. Келуін күтті. Күн санап, ағарған таңды бірге атырып жүрді. Тағыда жылқы алмаққа бекіді. Күйеудің өзі: Қанша алсаңда қолың ашық «тек Шараны құтты қонысқа қондырсаң» болды!-деген.

Бөшайдың сол ойында, қыз кетісімен, соңынан екі жылқышыны жіберуге уәделесіп: Бір үйірді айдап әкелсеңдер, бір-бірден таңдаған жылқыны алатын

боласыңдар!-деді. Сол кеште түн ауа бергенде, екі атты, албарға кіре берді.

Ұйықтамаған Бөшбай, далаға жүгіре шықты. Оларды ақырын үйге кіргізіп, қызының бөлмесін ымдады. Олардыңда күткені сол еді, қолдарында арқан мен қаптал мата, қыз жатқан бөлмеге кіре беріп, бас салды, айқайлауға шамасын келтірмей, аузын басып қапталмен орап, арқанмен байлап, көтеріп алып далаға шықты да, атқа өңгеріп, жол беткейіне қарай шаба жөнелді.

Зар жылаған анасы, аяғына кебісін кейе салып, көйлекшең Ғанидің шет жақтағы үйіне қарай, жүгіре жөнелді. Барған бетте терезесін қағып, үй ішін тегіс оятты.

-Жалма –жан кине салып, сыртқа шықты, жылап тұрған Шараның анасын көріп: Апа! Не болды? Шара аманба?-деді. Тағыда сұмдық жаңа ғана Шараны атқа өңгеріп, екі қарулы жігіт дыбысын шығармай, алып қашып кетті, олар Шалқар өзенінің бойынадағы қоныстағы үйлерге әкетті!-деп, өксігін баса алмады.

Ғани байлаулы тұрған, кер төбелін мініп, артынан салды. Судай қараңғы, көзге ешнәрсе көрінер емес, тек жол танабының ізімен, шауып келеді. Ұласқан күште солардың қолында, қалайда Шараны құтқармақ болды. Ол өзінің өмірлік сүйген жары. Жақында айлы аспан астында, сұлу бетіне бетін тақап, аузынан жабыса сүйгені, ақырғы қоштасуыма, ол алаңдап, қолымен мойнына оралып: Шіркін! Өміріміз осылай болса егер!-деп айтқаны, күдікті ой туғызып, асыл денесін беріп,

баурыма кіріп, біраз тұрып, қимастықпен айрылысқаны, әлі есімнен кетер емес.

Көрер азаптың тықырын сезіп жүр екен ғой!-деп, ой қорытты. Асыл арман бір жола кеткені ма? Қайтып оралар ма?-екен. Сол арман жетелеумен Шалқар өзеніне бағыт ұстаумен келеді. Талай белестерді басып, қыраттардан асып, түзгінін жібере ұстап, дөңестен құлай бергенде, таң жарығы білініп, Шалқар өзенінің жалпақ суы, жалтырай бастады, алыстан көз тартып, таңмен қосыла атқандай, алыс бейнесін, мөлдір суының бетін сәуле шашқандай, ақ тұман орап, үйлерді орап, көрсетпей қойды.

-Келе бергенде алтықанат ақ үй, есіне түсіп, бірден орала берді. Атынан тез түсіп, ішке кіремін ғой деп, есікке келе бергенімде, айқара ашылған, арқаны кесіліп, салбырап жерге түскен, үй ішінде жан адам жоқ! Шошып кеттіде жүгіріп, өзен жағасына келсе, тік жар, жар жағасында Шараның үйдегі киіп жүрген кебісі мен мойнына ораған орамалы жатыр. Түбі жоқ «шыңырауға» секіргенін біліп, меніңде есім шығып: Шара! Шара! Шара!-деп, айқайлаумен, құздан менде құлай бердім, үйілген лай балшық, батпаққа белшесінен кіріп кетті, есінен айырлып талып түсті.

-Ес-түссіз біраз жатты. Ауыл адамдары түгелдей жиналып, бұл сұмдықтың қалай болғанын сұрастыра бастады! Ешкім айтпады, тек қыздың құлағанын, киімнен жорамал жасап, Құзға қарап, үңілумен болды. Өте қауыпты терең құз, адамның жаны түршігелік!-деп, айтумен болды.

-Сол кезде Қаныш бастаған отыз шақты, көп аттылар, үйлерді қоршап алып, жағадағы топты көрді, тез аттарынан түсіп, жүгіре басып келсе, құздан құлаған қыздың киімін көрсетіп, оларда жылау үстінде, бір сұмдықтың болғанын жайып салды.

Қаныш бірден: Мынау Шараның кебісі мен мойнынан тастамайтын қызыыл орамалы!-деді. Әлден соң, маңайда тұрған Ғанидің атын көріп, Алмас жетектеп, көпшілікке алып келді! Олда осында, екеуі бірдей тік жардан секіріп, қаза болған!-деп тұжырымдады.

-Қаныш сұрап білгенен соң: Алмасты жігіттермен жіберіп, үйлерінен түгелдей суырып алып, өлімге қатысы бардың бәрін жинап, жағаға әкелуге бұйрық етті. Оншақты үйден ешкімді шығармады, айыптылардың бәрі осында ұйыққан. -Көп айналған жоқ, қыз әмеңгері Әукен бастаған топтың қолын қайырып, тепкілеп денелерін қан етіп, жағаға сүйретіп, әкеп тастады! Қаныш қатуланып: Бұларың не аюандар, екі бірдей адамды өлтіріп, қандай алалмаған өштерің бар? Мынау тұрған халық куә, екеуі бірдей тік жардан секіріп, жанын қиған!

- Біз бұлай енді сендерді тірі жібере алмаймыз, бүкіл осы жиналғандардың шешімі сол, мынау алып қашқан қарулы сайдауыттар, адам өлтіріп, жер бетінде қалай жүрмек? Адамбыз дей ма? Адам емес, барып тұрған аюандар, қаны қарайған бас кесерлер, олар сол үйреншікті қылығын, жас өсіп келе жатқан қыздардың, бақытын айырып, құрбан етпек!

-Сондықтан жиналған көпшілік, қандай шешімдерің бар? Жасырып, қорқып қалмаңдар? Біздің мына тұрған жігіттер бәріне дайын, олар бұлардың туғандары, бірінің қарындасы болса, бірінің ағасы, бала кезінен бірге өскен ауылдастары, сондықтан олардың өлімін көзбен көре тұра, мынандай жауыздардан кегін алмай қоймайды! «Қанға-қан» болып шешілуі әпден!-деді.

-Жұртта «шу» ете түсті: Біз қосыламыз қандай шешім болсада, өздерің біліңіздер, жан иесі сендер!-деді көпшілік бір ауыздан «қарғыс» атсын деп, тұрып алды. Қанышта солай болғанын қалады.

Жұрт қалай болсада, екі жастың денесін арқан байлап, шығарып алуды ұйымдастырған дұрыс!-десті. Қанышқа келіп, Әсет, Божан, Жандостар, мынау істеген екі қуды түсірсек қалай қарайсың, өздері істеді мойнымен көтерсін, қызды алып қашқанда, бар күшін аямады, енді терең құздан шығарып көрсін!-деді. Қаныш: Оларыңда дұрыс, бірақ негізгі бау кеспенің өзін түсірейік!-деп, Әукенді тез дайындап түсіруге бұйырды.

-Оған ең бірінші қыз денесін, жігітті қоса байлап, тек белінен жарақаттаушы болма!-деп, ұғындырды. Әлден соң үңгірден ыңырсыған дауыс естілді. Бәріде жүгіріп келіп, жағаға құлақ түрді. Тағыда дауыс шықты. Естіген жұрт қуанысып: Олар тірі!-десті.

-Қанышта қуанып күліп жіберді: Қандай тамаша болғаны, бүкіл ел қуанады, тірі болса екеуінде бірге қосып үйлендіреміз!-деп қарық күлген Алмас, Жарас, Жайлыбайлар ала жөнелді. Әлден соң үңгірден айқай шықты: Біз тіріміз!-деп қосыла айтқан Шараның сөзі естілді. Қалың жұрт қуанып, қуаныштарында шек

болмады, бірін-бірі құттықтаған ауыл жігіттері: Шараның тойын өзіміз өткіземіз!-деп уәделесумен, екі жастың шығуын күтті.

Арқанмен екеуін қоса байлап, тартып шығарып алды, үстері белшеден батпақ, киімдерін шешіп тастатты, басқа киімдер кигізіп, тамақ ішкізіп әлдендіріп болған соң, ауылға бет алды. Шара қорқып қалған, біразға дейін көз жасын тие алмады. Қаныш Шараны өзінің қарындасындай көретін: Енді жылама, біз бірден Ғанидің үйіне түсіреміз, оған қалай қарайсың, өз үйіңде әкең, бетін қалай көресің, реті келмес!

Өзіңнің сүйген жігіттің, бүкіл тойды, аман қалғаныңды қосып, тойлайтын боламыз, бәрімізде көмектесеміз ол жағын уайым етпе, ал үйде киімің болса, Марал өзі барып әкелетін болады, ол сенің қасыңнан ешқайда шықпайды!-деді.

-Күнде жаңарып сала берді, баю жел, жазғы ауа, тамылжыған шақ, күн көзінің сәулесімен жылытып үлгірген. Айдың көлдің сағымыда, қатар соғып, көк әлемнің жигін жасырғандай, жұпар иісін дала өңіріне еркін ашып қояды.

-Ат жүрісінде, бәйгенің аттары құсап, құс қанатымен жарысқандай елес береді. Алмас, Жандос, алға шыға берді, тез хабарын жеткізіп «жаңа келінді» қарсы алу расымын ұмытпаған дұрыс деген Қаныштың сөзі оларға бұйрықтай болды. Ауыл қарасы көрінісімен, атқа басты, біраз жер озып өтіп, ауылға құлай берді.

-Мұндай қуанышты ешкімде күткен емес. Қаныш осында келерде: Біріңде тартынып қалмаңдар, бір-бір малдан беріп, мен тойды түгелдей өз міндетіме алып,

алдына сауын сиырды беремін, Ғани мен Шараны қатардағы үй сыяқты, кедейліктен көтеріп тастауымыз керек!-деген болатын. Қаныштың бұл сөзін бәріде қостап, бірауыздан сөз айтты. Ауылға тақап келе бергенде, атбасын тоқтатып Қаныш аттан түсе бергенде, қаптаған ауыл адамдары, қолына ұстаған ақ шымылдығы бар әсем киінген қыз-келіншектер алдын орай берді. Бұларды Марал бастап, келіп үлгірді, бірден шашулар шашылып, бауырсақтар жан-жақтан жауып кетті.

- Әсет қарқылдап күліп: Бұларың өте жақсы болдығой, қарнымыз ашып келе жатқанда, тойып алайық!-деп, шашылған бауырсақты Қаныштан бастап бәріде теріп «мәз-майрам» болды. Қаныш Маралдың бетінен сүйіп: Сенің ойластырғаның өте керемет болды, жүрек жалғап алдық!- деп, күлімсірей түсті.

-Келгендердің ішінде Шараның анасыда, қызын құшақтап дауысын қылып, біраз жыласып, Шарада көз жасын баса алмады. Көрген жұртта бірге жыласты. Арты қуаныш, керемет тойды бүкіл ел болып «екі ғашықтың» өлімнен аман қалып, қосылуы, керемет оқиғаның, ел құлағына жетіп, жақын ауылдарды «дүр» сілкіндірді. Оларда көруге тайлы-таяғымен Дүзбайға жинала бастады.

Тойды Қаныш пен Марал басқарып, өздері тамаша дауыстарымен әнмен ашты, қосылып салған ән кең аймақты алып кетті, ауа толқынымен ауылды аралап, кешкі дауыс алысты шарлады. -Той бітісімен Ғалияш пен Досан, сол бір кеште ән ырғағымен, жалғыз оңаша жүріп, жарық айдың сәулесімен бойларына түсіп,

Ғанияшты еркіндеп келіп құшақтап, Досан бар арманын сүйгеніне төккендей, ыстық жалынмен құшақтап, жібермей кідіріңкіреп, аузынан жабыса сүйді.

-Қыздыңда ыстық жалыны бой алып, екі қолымен мойнына орала кетті. Іркілместен біраз тұрып, мауқын басқандай, серпіле түсті. Бұл олардың шын махаббат бесігінде тербелгендей рай танытып, сағыныш сезімдерін жаңа ғана басқандай болды. Кешкі лебіздері, қосылып айтқан әндері, нұрлы күннің шапағатын жамылып, бойларында қуаныш күлкі орнағандай, жіңішке дауыстарымен, өнерге сондай құштарлықпен нақысына келтіріп, шырқайды.

Сол бетімен Ғанияшты үйіне шығарып салып, жондағы әкесінің жылқысына бет алды. Астындағы бурыл жүйрік, мініп алып Көкпекті жайлымынан бірақ шықты.

Жылқыны иріп тастап, осындағы байырғы жылқышы Аралбайды табыннан іздей бастады, ол туыс жақын ағасы, оған айтар сыры бар, ақыл берер содан басқа ешкіміде жоқ. Әлден соң, жайлымның ең шетіндегі Сазды аймағынан бірақ тапты.

-Олда көптен көрген жоқ, бірімен –бірі әңгімеге бүйіп, болған оқиғаларды, алдына тартты. Жылқысы аз болсада соны сылтау етіп, Аралбайға жолығып, сырымен бөліспек еді. Олар түні бойы ат үстінде, ұйқысыз таңды атырумен болды.

-Аралбай, қаруланып алған, жанарында шоқпар мен ұзын құрықты сүйретіп мойнына ілген. «Сақтықта-қорлық жоқ»-деген бар емес пе? Сол сөз есімнен кетпей, жағалай толған «ұры-барымташылар» бір күнде жоқ

қылуы мүмкін, үйірден айырлып, қалам ба деп, ат үстінен түспегенім, қаншама күндер өтті, сол байлауыммен келемін!-деді.

-Досан үйден атқа мініп шыққанда, өз ой арманымен бөлісіп, айтпақ болып, жанасалап барып, жақындап қарсы алдынан, үзенгісін тоғыстырып кілт тоқтады. Сол ой мазалап, ұйқысыз өткен күндері, Ғалияштан айырлып қалам ба?-деп қорықты.

Іркілмей тұрып Досан ағасы Аралбайға: Менің күйім енді не болмақ, ағып сөнген жұлдызым, аспан көгінен ақтыда, сөнген шоқ құсап, сөніп барып, жоқ болды. Жарқыным болған Ғалияшым, ыстық бойымды елжіретіп, жабыса сүйіп, ынтығым басылмай, жалын атқан отты денесі, көзімнен ғайып болып «мәңгілікке» кетіп жоқ болмақ.

-Есіл бойындағы, қыбышақ Қазымұрат күйеу келіп, түйе жетектеген, аттылар тобырымен «үлкен көш» болып, дүние мүлкін, түйенің өркешіне артып, арбаға тиелген жүгімен, келетін көрінеді. Қайран қылар шара жоқ. Тілеген жастықтан басқа өмір жоқ, бәріде бітіп, арман ойда, түкке жарамай, құрдым болды. -Басқа тілеу болмаған соң, Ғалияшымның жолында өлу, бірақ өзін құшағыма алып, жібермей «о дүниелік» болғаным!-деп қорыттым. Сол жарымның қолаң шашы, мойныма түсіп, қос қолы мойныма оралып, айрылмас болып, аржағында өліп кетсемде, арман сырым орындалғандай, қынжылмас ем!-деді. Аралбайға мұңын айтып, кейістікпен көзіне жас алып, жеткізген еді. Досанның мұңын тыңдаған соң, кілт жалт қарады да, сөз тастады,

өзі анық-қанығын білу мүшін, иығынан ұстап, бетін өзіне қаратты.

Атыда тебініп, ыңғайсыздық танытып, қобалжи берді. Аралбай өте қайратты кісі, сөзді салмақпен айтып, ұғындыратын көпті көріп, талай дуданың ішінде болғаны анық. Жас жігітте соны біліп, тіс жарып, ағалық қамқорлығына сеніп, келгеніде сол шаруа еді.

Ол ең бірінші сөз бастап, ақ-қарасын айтпай бір ғана жайды сұрастырып: Ғалияштың саған деген сүйіспеншілігі қалай? Ол сені осылай жақсы көріп, ынтығып сүйермеді? Сен соны білдің ба?-деді. Әрине білгенде қандай, Ғаляш жылап тұрып: Мен өмірлік сендікпін, жаным өзіңмен бірге шықсын, дегені есімнен кетпестей, жүрегімнен орын алды!-деді. Сол сөзі маған ант болып бекіді!

Онда анттан тайғанды аруақ атсын, атсында жоқ қылсын! Енді сөзіңді ұзартпа, сертіңе берік болда, қыз жолына түс, айырлып қалып жүрме, сүйген жарың үшін күресе біл, сонда ғана ол саған «өмірлік» болып бекиді!-деді. Аға сөзі, өңменімнен өтіп, тас мешін болып байланды. Алып ұшқан жүректе енді тоқтау болмады.

Қыздың ең сұлуы Ғалияштан қол үзіп, қалма деп, Қаныштың өзі, білсе айтар еді!-деді. Олда болыспай қайда барушы еді, бұл хабарды мен өзім жеткіземін!-деді. Досан бұл ақылды естігенде, орнында тұра алмай, қуанғаннан денесі дүр сілкінгендей болды.

Тойдан оралған бетте, құрбысы Аққыз кездесіп, үй маңында сүйісіп тұрғанымызды, бөліп жіберді. Сол бетімен, шапқылап, саған келгенімде, сол еді. Аралбай ауыл жанына жылқыларын бағыттап, көк алаңға жая

түсті. Досанда әкесінің, жылқысын қосып айдап, бірге қосты.

Ай жарық бүгін бір ерекше күн, итүнде жылынып, дала төсінде тыныштық орнаған кез. Бір кезде, сызыла салған ән, Дүзбай ауылының төбесінен, шалықтап барып, естіле түсті. Үзіліп барып айтсада, шырқаған дауысы, құлаққа танадай болып естіліп тұрды.

Әлде кімге арнағандай, мұңды әні үзіліп барып «қайдасың сен сүйгенім» деген жыр жолдары, құлақтан кіріп, бойды ала бастады. Бұл шырқаған кім екен?-десті. Басында бір мұңы бар, айтылмаған «ғашықтық» сыры бар!-деді Аралбай салған жерден.

Досан оймен тұрып қалып, құлағын түре тыңдаса, өзіне таныс Ғалияштың әні: Жаңа ғана тойда, айтып бәрінеде жұмбақ қылып, жүрегінде кетпестей сыр жатқанын, көпшілікке сездіріп үлгіргеніде, сол әні еді! Тап сол Ғанияшым, үй маңында құрбысы Аққызбен ай сәулесіне жүзін беріп, жыла ауаның, көгалдан шыққан жұпар иісін жұтып, аялдап отырып, шырқаған әндері, ауа толқынымен алысты барлап, ауылдың үстін алып кетті.

- Естіген қыздың әніне, біраз тұрып, тыңдаумен бойына сіңірді, іркіліс болмады. Аралбай аға: Мынау мені шақырып тұр ғой, Ауылдың үстінен шығып тұр ғой!-деді. Аралбайда қостап: Шіркін-ай жастық жалын, бойынан кетпеген, сұлу қыз бар өмірін саған арнап, адал көңілмен мөлдір махаббатымен айтқаны, үзіліп барып, мұңын шаққандай болады!

-Мен енді астымдағы тұмар көгім, жанарымдағы сойылым, Досанды қорғау үшін бекіндім! Екі жастың

бақыты үшін «қасықтай қаным қалғанша» жауыздардың тұмсығын бұзып, жандарына жолатпаймын, асқар тау, алтын бесік құшағынан кетіремеспін!-деді. Ағаның асыл сөзі маған үлкен сүйеу болды.

-Қаныш ағада, өз сөзін айтып, кеңес беруі әпден, ол тартысты тоқтатып, әділдік әперуге, бар көмегін қалт еткізбейді!-деді. Досанның бойын билеген жалын жастығы, өміріне көмек іздегені, сол ағасының өзі болды, айтыпта сендіріп, сүйген жарының енді бойындағы қасиетін, өзінен шығармауға бекініп бақты. Олар ат үстінде, жақындаған сайын шырқалып, жүрекке жылы тиіп, ауыл үстінен түспеді. Бұл ән Ғанияштың әні, тоқтаусыз айтыла бастады. Назды дауысы, сыңғырлап шыққан мұңды әнімен ілесіп, шырқала түсті. Жағалай тыныштық орнаған, ауыл иттерінде үрмейді, тек әннің елесі құлағыңнан кетер емес.

Жалын атқан жүрек оты, тербеліп барып, асыл бейненің өмірін жарқ еткізгендей, бойындағы қыз қуаты, найзағайдай шарық ұрып, жарқылдап ән сазымен толқып қояды. Мөлдір өзеннің терең суыда, ай сәулесін бетке ұстап, су бетін күмістей етіп жарық қылады. Жаға толған көк жиек, биік ағаштың саясына кіріп, жолақ тартқандай балқытты, көк түрі, әсемденіп барып, өзен суына оранғандай елес береді.

-Айтып едім-ғой менің Ғалияшым деп, Аралбайға айтып, үй маңына келіп, тоқтай берді. Қыз жалғыз өзі, үй маңындағы, саяжайда отырып шырқаған әні әліде басылар емес. Аспанның жарық жұлдызына қараумен,

көзін алмай, сәуле шашқан нұрын көріп, ағып өтіп, кетіп отырғанын байқап қалды.

-Өңі ма? Түсі ма?Кенеттен жоқ болғаны, қыздың көңіліне мұң басқан, көгілдір аспанның жұлдызы, қарамастан ағып өтті. Сол кезде Досан атынан түсіп, өзіне таныс, алғаш кездескен алаңда отырған қызға, жүгіре жөнелді. Аралбай екі атты бірдей тізгінен ұстап, тұрған жерінде қатып қалды. Жаным!-деп, қарсы жүгірген қыз: Қайдан қазірде келіп қалдың? Мен келеді деп ойламап едім, тек ішіме симаған арман-сырымды әнге қосып, айтуда болдым!-деді.

-Әрине менде естідім, дауысың сол жайлауға дейін жетті! Менде естіген соң шыдамадым, жарымды көруге асықтым!-деп, қос қолымен құшақтап, қызды бауырына тартып, сүйе бастады. Қыз сағынышыда, кем емес, қызулы бетін, сүйгенінің бетіне түйістіріп, жабыса түсті, жұмсақ ернімен, жігіттің жалынды денесіне кіре берді.

-Олар сол келбетімен біраз тұрып мауқын басқандай, алаңсыз құшақтарын алмай тұрысты. Аралбай ай сәулесінің жарығымен аттың бауырынан көз салып, қараумен болды. Бір сәт айырылар емес. Сонау жайлаудан шақырып әкелген, қыз әні, жігіттің одан сайын ғашықтық жалыны оттай болып, тұтанып тез келгеніде, сағыныштың жетелеп келгені!-деп, ұғынды.

- Қандай жақсы жол, ай сәулесінде, жолы ашылып, алыстан қолын былғағандай, асыл сезімін жеткізе білгені, таңғажайып қыздың білгірлігі, себеп болып, тартып тұрды, жігіт көңілі аңсап тұрды. Аралбай қанықан болып: Бұлар өте «ғашық»жандар, оларды

ешкім айыра алмас, жылатқаннан не пайда, қомқор болып, көп болып, қорғағанмыз дұрыс!-деп, ой түйді. - Аралбай халыққа жақын, оның қайрымыда көп, көпшіліктің сөзімен болатын, бұра тартқан терістігіде болған емес. Ертеңіне Ғанияш көрші ауылдығы бойжеткен құрбысы, «алтыбақан» құрған екен, соған шақырып, көңіліне дем қылып, қызықтауын көріп қалуды қалады.

-Ес кетіп, еміренер кез, келгенде мұндайдың болмайтынын есіне алды. Құрбысыда Ғанияштың бір күнде ғайып болуы, жарасқан жанның болмауы, маңайындағы қазымұр қарақұрт, анталаған адамдар, сабасына симай, жас Ғалияштың сондағы өмірі не болмақ? Өрескел жез тұмсықтар, бірден илеп тастап, қыз өміріне көлеңке түсіріп, асыл денесін құрбан етпек.

-Осыны ойлағанда Ғалияшта көзіне жас алып, әнімен білдірмеуге тырысып, жарының сөзін тыңдап, аймалаумен бітісетін. Бүгінде ол құрбысы, жүдеулі келбетін көріп, ойға батты, алтыбақан маңында көз жасын төгіп тұрып, жеке қалып, теріс қарап орамалмен көзін сүрткендей болды. Досанда көрші ауылға жетті.

-Жирен атымен алтыбақаны бар үйге келіп, кілт тоқтады, алтыбақан маңында жиналған көп қыздардың ортасына кіріп кетті. Әлден соң, ерекше киінген, басында камшат бөркі бар, қызыл қамзелі жараса түсіп, көк көйлегі бойына бітіп, сұлу жүзін, Досанға ұсынып, қолынан ұстап, бірден алтыбақанға отырып, қосылып ән шырқай бастады! Қапаланып тұрған құрбы қыздар, Әнін тыңдап, бойындағы мұңды ұққандай болып, ән кезегін еркін беріп, тыңдауға көшті: Шіркін құрбы жас,

қайранда болып, қаласың –ау, өкінішпен өткен өмір, қайда барып тірелер!-деп, ұғынумен болды.

-Досан мен Ғалияш көп ән салды, айтылмаған сырларыда, үзбей айтылып, әнге қосып, көңілдегі мұқаған ойларын басып, көзінің жасын төгіп-төгіп жіберіп, өлең -жырымен бітісе берді.

-Досан белінен құшақтап, Аралбаймен болған әңгімені айтқысы келіп еді, Ғанияш бірден жүзін бұрдыда: Жарым! Сені аңсаған жаным, мен келістім, сенен айырлар емеспін, баста өзің, барымда, бақытымда бір өзің! Кеше ғана айтып ой салып едің, мен сөзімді бермеп едім, енді «мәңгілік» сендікпін!

- Бізде бақытты жандар болуға тілегіміз бар! Алла - құдай жолымызды қош көріп, бақыт бер, бар арманымызды орындауға ниет ет!-деп, сиынды. Досан қасына үш жігіт ертіп алып, Сармойын қопасына тартты, қамысты жер, ешкім іздесе таба алар емес!-деп болжам жасады. Бұл хабар бірден Қанышқа жетті. Алмас, Әсет, Жандос жиналып, не істеу керектігін ақылдасып, Аралбайды алғызды.

-Алмас сөзге бірден арласып: Досан мен Ғалияш әлі жас, бірін-бірі сүйгені айып болмас, қарап қалғанымыз ыңғайсыз, көмегімізді беруіміз керек!-деді. Аралбайда ойлы сөзін бастап: Батпаққара қыбышақтары, «келіспей бітіспейді», барар жері өте бай, қыз әкесі Сүйінге, бірнеше айғырдың үйірін беріп тастаған, енді ол қалай құтылар екен, Сүйіннің өзінде де бір шама бар, мен сол жылқылардың басында жайлауда, бәрін біліп, көріп жүрмін!-деді.

-Қаныш: Олар енді ай далада, әзірше бір марқаны, сен Аралбай жеткізіп бер, қарындары ашып жүрмесін!- деді. Әсетте қостап: Бұл өте орынды, тағыда қарап қалмаспыз!- деді Божан, Жандоста бас изеді, Аралбай өз міндетіне алып, тарасты.

-Барған жерін ешкімге сездірмеуге уәделесіп, хабарсыз болмауды бақылауда ұстады. Сүйін қызының күйеуге жөнелтуін «таң қаларлықтай» көш бауырғып «шалқытып» ұзатқалы отыр. Қыбышақтың атқа мінер Жұбан, Сұқан, Жолмағанет арасында, Дүзбай ауылының Шалғынбек, Тойбек, Спандияр арасында, дау жанжал бұрын-соңды болған емес, ел татулығы қалыптасқан, болатын, аралас-құралас болып, қатынасып жүретін. Шүйкебай Смағұлының бұл жанжалы, Үркер ауылында етек алды, аттылар тобы, Батпаққарадан арнайы келіп, жинала бастады.

-Қыбышақ елінің қахһары мол келген бетте: Шабу керек! Малды түгел айдау керек! Ақымақ қылғаны да жетер, дайын тұрыңдар тартыс «соғысқа» -деп, бұйрық беріп, сол аттыларды бастап келген қыбышақтың бел баласы Көбік қарттың қабағы түйулі, алыстан келген айдахһар құсап, бұрқырап сөйлеп кетті!

-Сабасына түсіп, тоқтар емес, аузынан көбігі шығып, жанталас дүниенің, атыс-шабысына, әдейі дайындалып келгендей, бағыт ұстады. Екі елдің бірлігін керек етпеді, татулық сөз, ымыраға келу жайына қалды. Үй маңында сайдауыттай қарулы топ, Көбіктің шешімін күтті. Жиналған ауыл адамы бұл пәленің қайдан келгенін білмей әлек болды. -Қаншама жылқыларды табынымен құлатып, бірнеше рет беріп тастағанын алдыға тартты.

Енді алдау арбауларың жетті, ұзатылмақ қыздарың қайда? Бел асырып, келетін болғаннан соң, айлаға көшкендеріңе жол болсын!-деді. Ол кезде Аралбай бастап, Сансызбай, Жарас, Айтан Шалғынбек, келіп үй ішінен орын ала бастады. Екі жастың тағыдыры, ауыр болды, қояр кінада, солардың жағынан шыға алмады.

Үркер ауылың таңдап алуы, олар жол қатынасы бұрыннан қыбышақтардың, ат шалдырып, түйені шөктіріп, аялдайтын жері болғандықтан, қалаға шығар бағытыды да, осы ауылдан шығатынын, ұмытпаған.

Төрдегі Көбік жеңілденіп, қабдал шапанына дейін шешіп тастап, айтыстың бұнымен бітпейтінін біліп, отырысқа көшті. Қасындағы нөкерлеріде жетерлік, сөзін іліп алып, Орал, Көбен, Жаңғабыл деп таныстырғандары, қарап отырмай, бірінің сөзін бірі қағып алып, ұзарта түсті.- Аралбай сөз арасында: Екі елдің арасын арандатпай, бір байламға келіп, сөз түйінін ақылмен шешшек!-деді. Көбік тілмар адам, еңкейе біткен, шоқ сақалды, ат жақты қара кісі, улы жылан құсап, алдырар емес, өңменінен атқан, аюлы сөздері, ағайын арасын, қас жауғып шығаруға бағыттап отырды. Сүйін бұл айтысқа келмеді.

- Қызының бір шіріген жұмыртқа, балам деп, айтуданда бас тарттым, істегенін мойнымен көтерсін!- деп, теріс батасын Көбікке жеткізген. Бет қисайып, бір пәленің, болатынын сезген Аралбай Қанышқа ат шаптырып, қол жинап келуін хабар етті. Көбіктің әрбір сөзі: Шауып әкетеміз! Айдап әкетеміз! Жолымызға бөгет болмаңдар, берген дүниені шашып, құр алақан қайтпағымыз кімге керек?

-Арнайы көш бастап, тағы келгеніміз, жоқ заттың құлағын ұстаған, күйеуінен айрылған жесір әйел құсап, ұсқынсыз баруымыз, елге ақымақ болғым келмейді, уәдені пісіріп, бастаған айтысымызды, жалғауға көштім!-деді.

Дүбірлі қақтығысты ала келген Көбіктің ісі нашырға шаба бастады. Келген бетте, қамшысын сілтеп, алдына келгендерді түйгіштеп, Аралбайды қамшымен салып өтіп, ызалы салмағын алып түсті.

Боюдай қан кетіп, көйлегін жалма-жан шешіп, байлап үлгірді. Аралбай салмақты кісі, ел бүлінбесін, арада салқындық түспесіндеп, қоя салды. Қасындағы ауыл адамдары Айтан, Сансзбай, Жарастар атып тұрып: Бұл қай басынғандарың, біз аз уатқа келген қонаққой деп, силастық жасап жатсақ, істегендерің мынау Көбікті мырза тез тоқтатыңыз!—деді.

-Көбікті орнынан атып тұрып: Қалай өзімді тоқтатамын, қаншама барымтағып, бірнеше айғырдың үйірін алып тұрып, алдын ала қақпан құрып, отырған істерің кімге керек? Дуалы сөзді, айтпай отыра алмаймыз, ұнамаса шығып, жөніңе кет, біз өз бергенімізді қайтару үшін келдік!-деді сөзін зілденіп тастап.

-Бойындағы қуатыда, қатал сөз алымы, бет қаратпаудың амалына көшті. Аралбай басын жоғары көтеріп: Сіздің иман ишаратың бойыңнан кеткен адамсың, даладағы тағы аңдар құсап, өршеленіп, түсуіңе жол болсын! Ақылмен шешер адам деп, ой түйінін сөзбен байлам етер деген ойда болғанымыз бекер екен «дуалы» жындының өзі екенсіз, еліңе істегенді бізгі

істеймін деп, қобалжыма, бас-тұяғыңнан айырлып қалуыңыз мүмкін, шеттен шыққанға аяюшылық жоқ!-деді.

Бізде тұтас елміз, ақыл айтар рулы ел «Қалың Сүгір» бар, жұдырықпен бөлісер Өтейі бар, жаугершілік күшті шоқпар ұстаған Керейіміз бар, қайтпас түйе балуан атанған Уағымыз бар, тепсе темір үзетін Құлқайымыз және бар, бәріде осында, елін таптатып, малына қол салғызып қарап отырмас, онанда, ақылға келіп, сөз түйінін айт!-деді. Жындылық жармес адамның ісі!-деген дана халық!

Сол саналы сөзді ұққан дұрыс, өкіректеп басып алам деген, ойдан құтылғаның дұрыс, бұл жақсылыққа апармайды!-деді. Сабыр түбі сары алтын, екі жақта сабырлық сақтау, елдің арасы бұзылмасын дегеніміз, көпшіліктің айтқан сөзі деп ұғыныңыз!-деді. Көбікті зілденіп: Бәріңде ақыл гой, бола қалғандарың қалай?

-Айтар сөз, сол барымтаны тартып алсақта елімізге қайтару, жесірдің жолына кетпегін қалағанымыз!-деді. Шалғынбек, Тойбек көтеріліп, ойларын қызу тартып, қызып алған, Көбектіге барып ұмтылғысы келген жерде, Аралбай кілт тоқтатып: Істі насырға шаптырып, аяғын төбелес жанжалға ұластырғандарыңды ешкім қаламайды, құр аттаққа қалып, жұрт күлетін болады!-деді.

- Олар қарулы жігіт, алып түсер күшіде бар, бірақ елдігімізге көлеңке түсіргеніміз болмас, бұл кешірілмейтін күнәға пара-пар! Сабыр тұтқанымыз дұрыс!-деді. Көбектінің іші өртеніп, от жалыны шыдатпай, қызды қолына түсіре алмай, баюлап батып

ойыққа түскендей болып, түйшығып отыр! Желдемесі қозып, қалай айланың жолдарын жасап, маңайындағы, Мүкеш, Тоқым, Сұқанға арқа сүйеп отырғаны, ымырашылыққа бетін бұрғандай болды.

Бірақ кәрі құртаң, бұл бір емес, талай жерді шарлап, өз өктемін, зілділікпен орындатып жүргенге ұқсайды. Табан жолын табалмайтын ететін, күштілерге кездеспей жүргені!-десті.

Алма кезік дүниенің, астан –кестеңін шығаратында осылар, ел бүлдіріп, бүліншілік жасап, ұйығандардың ұясын құлатқандарыда осы Көбік! Нақ қастықтың ішкі жауы, болысқа осындай кереметтердің керегіде сол, бүліншілік жасап, әділетсіз заманның айранын ішіп, «шелек» босатқанның өзі.

Қара бұлтша түйіліп, ешкімді маңайына жолатпай, өзі шешіп, шешімін өзі айтқанын қалаумен болды, құлақ асқан адамға, назарында бермеді, сұрагейлі сұм кеспе, жамандықтың тәжісін киіп, отыруыда қауыпты. Басын таңып алған Аралбай, бар пәледен денесін аулақ салып, сөзді, қасындағы Таңқыбай, Құрман, Спандиярға беріп, айтысты жалғап, әділдікті айтып, жабыла айтып, Көбіктінің мазасын ала түсті.

-Оған сол керек, айтылар сөз керек! Бұра тартып, өзім дікідегендей, барлық малға иешілікті бастап, қайталаумен болды. Түгелдей санап, түгендеп алуға басты. Үйір жылқылар алыста, оның баруға ойыда жетпес, тек қасындағы шабармандарыда, ауылдың зілді дауысынан ығысып, бәсеңсіп қалғанға ұқсайды.

-Қалың қол көтерілсе, жай кетпейтінін түсінген болуы керек! Бірақ Көбіктінің әліде сөз алымы, болатын

емес, іші күйіп, берген малдың бәрінен айрылып, қалам ба?-деп, қорқа бастады. Ол мал оңайлықпен қолына тимес, тисе соғыссыз ала алмайтынына түсініп, белінен басты. Бұл оның санасының бір сәт ойанғанын сезді. Бірақ түйілген қабағы ашылмай, аязға молыққан кісі құсап, құйымшағы ісіп, денесін ауру басты. Өзегі құлап, басы айналды.

Шоқша сақалын, қайта-қайта сипаумен, қара сұр беті, қарайып барып, өзгере берді. Денесінде бір сұрыптал бейнесі жоқ, қарасіңір қатып қалған қайың құсап, жебірліктен жағыдайы келмей, солумен отырды.

Жарас осыларды байқап отырып: Аралбайға сыбыр етті. Енді жағыдайы келмес, осылай болып, әлі кетіп, құрый бастады!-деді. Бір кезде тағда басын көтеріп: Көбенге сөз бастатып, пыш-пыштап құлағына құйып, ұзақ сөйлетті. Біз малды жібермейміз: Түгелдей шауып әкетеміз, алар енді жесіріміз жоқ, қыз қайда екенін ешкім айтып тіс жармады, басы бос емес қызды айттырып, қалың малды тобымен алғаны кімге керек, кім үшін? Не үшін үйіп-төгіп бәрін бергені, өте қынжыралық жайыт, ешкім айтып түсіндіре алмас!

-Қыз кетті бетіне, мал кеті дуда болып, недеп айтар, едік елдің сұраған адамына, жауабымызда жоқ!-деді. Екі жақты айтыс көпке созылды, бүгін үшінші күн, табжылмаған тартыс қызу үстінде болды. Көрші ауыл Жалғызтастанда, бір топ адам, Оразбек бастап келді.

-Ол үйге кіре салысымен: Әділдік қайда? Екі елдің ашуын келтіріп, бұзбаққа келдің ба?-деп, Көбіктіге тарпа бас салды. Иманы түзу, қыбышақ елідеп мақтаушы едік, мұндай жындысы бар ма? Екен!-деді.

Сол жындысы мен боламын, не айтпағың бар?-деп, орнынан Көбекті атып тұрды!

-Аузынан шыққан қатал үнімен: Мен екі елдің арасына от жағуға келгенім жоқ, берем деген жесірін іздеп келдік, қыз болмай шықты, берген малымызда есеп жоқ, тобымен беріп тастағанбыз, бұлай болғанын біз қалағанымыз жоқ, сен өзің болсаң қайтер едің!-деді. Екі жасты біз қосқанымыз жоқ, олар өздері, бірін-бірі өлердей сүйіп, өлімге басын тігіп барды емес пе?

-Сол үшін ел азаматы мынау отырған Аралбайды, ел бірлігін ұстаған Дансызбайды, халқының жан ашыры Жарасты тулақ қылып, табаныңа салғаның жарамас! Олар сөз жарыстырып, қасарыспай байламға келгең,болмағағ соң, бұттарыңды аспаннан шығарып, жіберуге дайын! Тек қана екі елдің шартын бұзбай, тыныштығын сақтап отырғанын түсінетін болдыңыз! Қатуланып зілденгенше, ақылды сөздің түйінн айтып, келіскенің жөн емес пе?-деді. Оразбек айтар сөзін айтып, Аралбайдың қасынан орын алды.

-Көбіктіде сәл ойланып, тағыда ақылды азаматтардың бар екеніне көзі жетті. Болған оқиғаның анық-қанығын білуге асыққан, Қаныш бастап түгелдей атқа қонды, жанарына байлаған шоқпармен, қарулы сойыл, Әсет, Жандос, Божан қарусыз емес, бойына тығып байлаған «тапаншалары» бар, жолға шықты.

Отыз шақты болып, Үркердегі үйді келісімен қоршап алды. Даладағы қарулы топ қорқып кетті, мұндай болады деп, ойлаған емес. Көбіктіге хабарын жеткізіп, сыртағы адамы айтып, құлағына сыбыр етті. Кері тартып сөйлеп отырған Көбік, жыны басылғандай,

«келісім» деп, айтып салды.- Бірақ оның өміреулеген, басым дауысы басылмады, зілденіп айтып: Тартып аламыз! Соғысып аламыз! Қайтсекте бір жағын қопарып!-деп, әкетемізге салды. Тоқтат! Озбырлықты! Сендей ел бүлдірген ақымақтарды кім жіберді? Жәрменкүлес жарымдарға сеніп бұл істі жіберген адамның өзі, қыбышақтың төл баласы емес, ойнастан туған бұлаңдар екені түсінікті болды!

Біз білетін қыбышақ елі, бұрыннан сауатты, ақылмен шешіп, екі елдің арасына қылаң салмай, салмақпен айтып, ақылмен шешетін! Олар қазір қайда, олар әрине жоқ, бұлаң тартқан «буылдыр» өректеспесіріп, үш күн бойы айтыстан қажымай, құлаң көпір көк мешкейдің кебін киіп, ақсақал-қарасақал болып отырғандары мынау!

-Оларға оң сөз айт, бәрін айт, өзінікін дұрыстап, шабынып отырғаны, қасқырдың өлексеге таласқанындай, адам тағдырын құлағына да алар емес!- деді.

-Көбікті мырза! Тағы айтарым: Сеніңде осындай жас ұл-қызың бар шығар, солардың басына түссе, қайтар едіңіз, айтыс құрып, сұрауын сұрап келермедіңіз, аппақ сақалыңмен, балағаттап орынсыз сөз айтып, жынданған шалды бірінші көруім, қанша жүрермін дейсің, өзінде бітіп, көрге бет алғаныңды аңғарып отырмз!- деді. Осы сөз мұшанынан өтіп кетсе керек, дайындалып, атып тұрдыда, барлығына иек қағып, шығуға бет түзеді.

-Божан сол кезде, қора маңынан «гүрс» еткізді. Аттары шошып, шылбырын үзіп, быт-шыт болып, бар атына мінгесіп, жол бойымен тарта жөнелді. Екі жас,

қалың қамыстың арасында біраз жүрді, түтін шығып жатқан, жаппа үйді көзі шалып, ақырын аяңдап басып, жақындай түсті. Маңайы толған құрулы, аулар қадаға керіп байлап қойған, маңайында басқа ештеңе көрінер емес, қайықта жоқ.

Досан бұлар балықшылар ма?-деп болжам жасады. Неде болса ішке кіріп, паналауға болатынын білу еді. Ғалияшты қауыпсыз жерге қалдырды да, қолында сойылы бар, есікті ашып кіре берді. Ішінде ағаштан жасалған сакі төсағаш, ұйықтап, жатқан ер адамды көзі шалды. Қатты ұйықтап, жатқан болуы керек, дым сезбеді.

-Досан қасына жақындап, оятты да: Сіз тұрыңызшы, шаруам бар еді!-деді. Әлгі үлкен адам: Сен қалай тауып келдің, бұл жерді ешкім білмеуші еді, не айтарың бар?-деді. Досан бәрін жайып салып: Осында қызыммен тұра тұруға болама?-деді. Әрине болады, мен көбіне көл бетінде жүремін, осы жерден алыс емес, арнаулы қайығымда бар, ау құрып, балық аулап күн көремін!-деді.

-Досан қуана кетті, жолы болғандай, қызына жүгіре жөнелді. Келсе Ғалияш жоқ, айнала қарап, іздестіре бастады. Еш нәрсе маңайда көрінбеді, қайда? Кәзірде ұшып кеткендей аң-таң, таба алмай, көлді жағалап, жүре берді! Әлден соң, көл жағасынан топ аттың ізін көріп, жаңа ғана жүріп өткендей, бірден сезді!

-Өкіріп жылап жіберді. Көбікті жасырын, ауыл адамының біріне жылқы беріп, қыздың кеткен бағытын, сұратып алып, қуғыншы жібергені белгілі болды.

Қуғыншылар қызды сол бетімен Батпақараға жол тартты, апарып отауға келінғып түсірмек.

-Қыз жылаумен сүйген жарын көр алмай, қапыда қалып, қоштаса алмады. Күн батуға азақ қалғанда, нұрлы сәулесі жиекке жарқырай бергенде әкеп, отауға кіргізіп, бөтен адамдарға тапсырып, шығармауға қамауда ұстауға бұйрық етті.

-Қасындағы кәрі әйел, қызға болашақ әменгерің деп, таныстырып кеш бірге болуға үкім етті. Ол сол үйдің бәйбішесі, әлгі тампақ танау, төртпақ келген, қара кісінің бірінші әйелі. Ғалияш қорқып, бірден денесін сары уайым басқандай: Қап! Досанмен бірге бармағаным!-деп өкінді, арты жылаумен көз жасын төгіп отырды. -Енді біткен жерім осы болды!-деп, налыды. Бәйбішесі жылаған қызды байқап қалып: Сен жылама, біз сен үшін, жарты жылқымыздың бәрін бердік, бір бергенде емес, үшірет қысырдың үйірін айдап апарып, тапсырған мына қара шалдың өзі!-деді.

- Әкеңде рахметін айтып, керуен қылып «көш» етіп, түйелер бастап апарады!-деп, айтқан болатын. Енді не болды, құның баяғыда төленген, мен қайта қара өгізге мінгесіп келгенмін, сен болсаң бақыттысың, мынау арнайы саған тігілген «алтықанат ақ отау», қыз жасауы жағалай қабырғада сірескен, жиналып тұр, оңашада қалып, шалды меншіктеп құшақтауың қалды!-деп, күліп отадан шығып кетті.

- Досан жаюлап жетіп, үйіндегі бозтөбелмен жонға салды. Ұшқан құстай болып, тоқтаусыз Ғалияш кеткен бағытпен жол тартты. Түнімен жүріп, боюдай болып, Қыбышақтың Сүзген аулынан бірақ шықты, таң жаңа

атып, жарық жер бетіне түсе бергенде, үлкен жапа салынған қоңыр үйге тоқтады, алдында тігілген отау үйі, жағалай толған күзетші, маңайлатар емес.

-Қарап біраз тұрды, отауға кіруге жармассам бұлар, мені өлтіріп тастауға бар!- деп, ой түйді. Теріс айналып барып, қара жолмен бетінің ауған жағына кете барды! Қайран Ғалияшым!-деп, жылаумен, жолай қатты науқасқа шалдығып, танымайтын бөтен ауылға жетіп, сол жерде науқасы асқынып, көп ұзамай өмірден озды....

-Қараңғы түн ішінде, естіген ауыл адамдары дүрлігіп, Қаныш өзі бастап, бір байламын жасады. Қос құрбы Аққыз, Ғалияштан айрылмастай, бір-біріне ұқсап өсті, ән салсада бірге қосылып айтып «егіз қозыдай»-деп қайран қалып, айтып жүрді.

-Күлімдеген көдері, жайдарлы жүздерін көрген Қаныш, өзінің қарындасындай қатты силайтын. Екеуі атқа мініп, тойға келгенде, Толысбек жылқыдан жаңа оралып, отау маңында, Қанышпен, қонақтардың келуін күтіп, тұра бергенде, ақбоз атыме ән салып, бойжеткен Аққыз, сымбат бойын тамашалап, жіңішке білінің жібектей созылған келбетін беріп, жалт етті.

-Үстіне киінген өзгеше сұлу тартқан кимешегі, жараса түсіп, сылдыр еткен тағымдарымен, әсем ажарын ашып, атынан түсе берді. Толысбек жалма-жан, тізгінін ұстап, көтеріп алып, жерге түсірді. Сымбатты денесі қызу тартып, жұпар иісі аңқумен, жігіт бойын алып кетті.

-Толысбекте сұлу тартқан келбетімен, қыздың маңынан шықпай, алғашқы көруі, ұнатып қалғандай, көзін алмады. Қызда мөлдір көзінің астымен қарап, сұлу

жүзін жігіттің бейнесіне еркіндей беріп, сөйлеп кетті. Қыздың бір қарасының өзі, әркімдіде қызықтырып, бірден өзіне тартып алатындай, бейнесі жарқырай түсті. -Аққыз сол жарқыраған сәулесімен, жігітті бірде өзіне тартып, маңынан шығармады. Жігітте елтіген болуы керек, мұндай сұлуды бірінші көруім!-деп, іштей жобалады. Жақсы көріп, сүйіп қалғанын аңғарған, Қаныш қыздың атын ұстап, саябір жерге байлауды тапсырды. Қызда қарсы болмады, қолындағы тізгінін беріп, ұсына түсті. Толысбек кетісімен, Аққыз жанарына байлаған домбырасы есіне түсіп, соңынан жүгірді. Атын байлап, жем-сауын салып, шыға бергенде, қарсы жүріп, келе жатқан қызды көріп, кілт тоқтады.

-Бірге атына келіп, домбыраны ала бергенде, қолдары түйісіп, бірін-бірі ұстай алды. Ұзын салалы ақсаусағынан, шыққан қыздың қызуы, жігіттің ұстаған қолын «шымырлатып» бойын алып кетті. Қызда не болғанын білмеді, басы айналып ауытқи берді.

-Жігіт сасқалақтап қыз денесін сүйей берді. Әлден соң есін жинап: Атпен көп жүріп, сонау ауылдан оралғанша, қалжырап қалғаным!-деп түсіндірді.

-Жігіттің денесінен қолын алмай, біраз сүйеніп дем алғандай болды. Жігіттіңде шыдамы таусылғандай, білегінен ұстап, өзіне тарта бастады.

-Қыз қысылмады: Сіздің болғаныңыз қалай жақсы болды!-деп, күлімдеп жымия түсті. Жігіт белінен сүйемелдеп, қолына домбырасын ұстата беріп: Мен тойдан кейін, сізді үйіңізге апарып салсам, болама? Жаңғыз қиын ғой, шаршап құлап қалуыңыз мүмкін!-

деді. Әрине болады, мен ән айтып, Маралдың шақыруымен келдім!

Үйден көп шыға қоймаймын, сондықтан сеніңде көрмеуің мүмкін, енді міне танысып біліскен соң, жүзіміз ашық!-деп, қолын жігіт бойынан тарта бергенде, Толысбек: Кетпеші әлі ерте, бас-аяғы жиналғанша, осы тасада тұра тұрайық!

Меніңде айтар арманым бар: Мен сырттай естіп едім, тамаша қыздың келбетін көрсең «талып түсерсің» деген еді!-деді. Мөлдір көзін жігіттің ажарына тесіле қарап: Сен емес, бұл жолы менің өзім, талып түскендей болдым!-деді. -Толысбек қызды көтеріп алып, тасалау жерге жоқ болды. Құшағын еркін жіберіп, сұлу ажарын өзіне тартып, сүйе бастады. Ақшыл тамағынанда сүйіп, дамыл тапады. Қызда бойына оралып, жабыса түсті: Менің өмірлік іздеген адамым, жаңа табылды, ол сенсің, менде осындай келбетті сұлу жігітті сұрастырып, Маралдан білгенмін!-деді.

-Толысбек қуана түсіп: Мен енді сенен айрылмаймын, өмірлік «жарым» деп өтемін, Қаныш-ағаға жеткізіп айтатын боламын!-деді. Қызды құшақтап, еркіндеп, сүйіп бар арман сағынышын басқандай болып, той басталарда баруын күтті.

-Толысбек: Мен көбіне жайлауда, жуан Байтұяқтың жылқысын бағамын, тек дала түзінде әнді серік етіп шырқаймын, келген бетінде, шырқата салған әніңді естіп қалдым! Қандай тамаша сыңғырлаған дауысың, бірден Қаныш екеуміздің бойымызды алып, балқи түстік, сені бірінші көруім, әніңдіде бірінші естуім еді!

Тамағыңда алтын-күміс жатқандай, көмекейіңді кең тастап, аққу көлдегі сылдыр тартқан, «құс патшасының» әніне ұқсап, керемет дауыс жасадың! Қазір тойда шешіле айтқан үніңді тыңдап, сүйетін боламын, жан жүрегім сендеп соғып, өзіңмен бірге болуды қалап өтемін!

-Бұл саған берген сертім болсын!-деді. Той басталып кетті деген хабар жетті. Екеуіде бірге, ақотау ішіне кіре берді. Бәріде аң-таң бұрын-соңды Аққызға сөз айтқандар көп болғанмен, ол ешкімді бойына жолатпай «ұнатпаймын» деп қайыратын. -Толысбек денелі, қарулы жігіт, сымбатымен қыздарға кезінде ұнаған, тек өзінің сүйгенін арман еткен аруына жаңа ғана кездесіп, бойы әліде таралмаған сағынышын бірге ала кірді. Қаныш бірден көз салып, солай болғанын қалап, көңілді жүзін көрсетіп, масаттанып отырды. Бұл оның ағалық шын жүрегінен шыққан, алтын пиғылы болатын.

-Толысбек қайда болсада, Қаныштытың әрбір сөзін, халыққа таратып, қамқоршы болуын қалап отырды. Жарық жұлдыздай, аспан әлемінен нұрын шашып, жарық сәуле қазақ еліне түсердеп, үміттенді. Қаныш көп оқып, білім жолында өзінің бар арманын, халқының тұтастығымен, беріктігіне арнады.

-Солай болды да! Табан тірес болыстың бұйрығы, қара халықтың ызасын келтіріп, қорлана сезініп, намысын оятқандай болды. Аққыздың шырқалған әні бұрынғыданда, әсемденіп кең дүниенің аспанын шарлап, шығып жатты, сырыда қоса толқып, жырмен өрнектеліп, Толысбек бойына тарап жатты. Самғаған

қанатты құстар құсап, ән қанаты ауыл аймағын алып кетті.

-Бұл ән, өзінің сүйген жарына деген, арнаған әні!- десті. Түн самалы құшаған кең ашып, бойжеткен: Бізге қонақ бол!- деп, үйіне жетектеп, ала келген. Аққыздың әкесі қайтыс болып, жалғыз шешесі Күміс-ай: Бұның не? Еркекті ерте келгенің, анау шеткі үйдегі Қанау солардың туысы, естіп қалса, не демексің, бәрімізді жерге қаратып, өлтірмекпісің?-деді. Жоқ анашым, ол бірге ән айтып, ауылы басқа жерде тұратын болған соң, түнде қайда бармақшы, қонатын жері жоқ.

Сосын жүрдегенім еді!-деді. Төрге шығып, шағын қоржын үй іші әдемі жиылған, төрдегі төрт қабат көрпеге отырған соң, өзінің жайлауда жүріп шығарған, жылқы соңында, арнаған әні «Сүйгенім сен» әнінен бастап, қолында домбыра, мың бұралып, тербеліп, шырқаған қоңыр дауысы, бірден жиналған жұрттың бойын алып жөнелді!

-Ауыр науқастан жастай кеткен анасына арнап шығарған «Келмедің ғой сен анашым» деген әнін естіген көпшілік, көзіне жас алып, түгелдей жылады, қыз шешесі Күміс-айда, көзіне жас алып, мұңын басқандай болды. Аққызда кезекпен айтып, көп жырлады: Мен өмірім біткендей болып, қандай өртке түсерімді білмей қамығып, қайранда кеттім, жұртым-ау енді оралып көрем ба?

-Сендерді!-деп, жылаумен бүкіл адамдарды жылатып, көрісіп қоштасумен болғандай қалып танытты. Толысбек шошып кетті: Бұл қалай болғаны?- деді Аққыздың боюдай болған жүзіне қарап. Күміс-ай

көзін орамалмен сүртіп: Бұдан бірнеше жыл бұрын, шалдың тірі кезінде, Әлімбет әулеті Мойынқұм жерінде, тас түйін Сұқан дегенге бермекші болып, көп жылқыны айдап әкеліп, шалға табыстаған.

Солар осында бірнеше келіп, дау туғызып, қорқытып енді келсек қызды бір жола әкетеміз деп, зіл тастап кеткен еді, олар сау етіп бір кеште, зорлықпен әкетуі ғажап емес, содан қорқып, уайым еткеніміз қаншама күндер болды «жегеніміз ас емес-ірің» болды!- деді. Көршілеріде дүре түрегеліп: Көзінің тірісінде, ағайындарына таратып, ат қып міндеп, көңілін жықпады, қайтарар енді жылқы жоқ, қыз амалсыз «әкесінің аруағын силап» бармақшы, әйтпесе қанды қолды қарақшылар қоятын түрі жоқ, келгеннің өзінде, тірідей жеп қоятындай ығыстырып, қорқытумен зәресін алып кетеді!-десті.

-Толысбек кімдер өзі, қай уақытта келеді?-деді қызуға басып. Біз бір амалын табамыз, Қанышқа айтып, бүкіл ауылдың азаматтарын дайын етемін! Әзірше ешқайда кетпеймін, жылқыға басқа адам жіберіп, аңдуда боламын!-деп сендірді. -Қыз шығарып салып: Мынау саған берген сертім «арнайы тігілген орамалым» қайда болсаңда есіңе алып, ұмытпассың!-деді. Сол бетімен Қаныштың үйіне келіп кірді. Менің түрімді көріп Қаныш пен Марал кілт тұрып қалды. Болған оқиғаны жайып салып, баян етті.

Ертеңіне бәріде бір кісідей атқа қонды, ат шаптырып күйеу Сұқанға келдеп, хабар етті. Ырғалып бірнеше қанды қолдарды жинап, заттар тиеліп «қүйеу

көші» көшкен жәрмеңкідегі ел құсап, жолға шықты, қалғандары қыз отауына кірісе бастады.

-Көш Қараша бұлақ аймағынан өте бергенде соққы беру еді, сол себепті бәріде жиналып, көрінбей қалың ағаштың арасына тығылып, жолын тосты. Бәрінде қару, шоқпар жандарына байлап, садақ, қырғауыл сойыл, Алмас, Божан, Жандос «тапанша мылтық» ешкімнен қорқар емес, олар талай түнде келіп, жасырын ойран салып, кеткендерін айтып, жігіттердің бәріне жеткізген Алмастың қимылы бөлек, Толысбек екеуі, ызаға толы, алдына шығып, қарауылдап отырды.

-Қаныш түсіндіріп, мылтықпен белгі беретінін ескертті. Топалаң биігінен шаң көріне бастады, атылары алдыға түсіп, шаң боратып «алып күштің бейнесін» көрсетіп, ешбір кедергі болмас деген оймен масайрап, жақындай түсті. Қараша бұлақтан өтуге азақ қалды.

-Қаныш тор топайкөгімен көріндіде: Дайын тұрыңдар!-деп, бұйрық етті. Топ ат мінген, ағаштың арасынан өте бергенде, бәріде бірі қалмай шап беріп, шоқпармен ойсырата құлатып, аттарынан аударып, қолға түсті.

Көш қайта бұрылып, кейін қайтып, қара жолға түсе бергенде, мылтық дауысынан қорқып, зәресі қалмай, ойсырата тас-талқан етіп «келместей ғып» қуып тастады. Қаныш түгел ауылға келіп: Барлығыңда сақ болыңдар, кәрің болсын, жас болсын тез хабар етуді ұмытпаңдар!-деп, қатаң тапсырды.

Бұл жұртқа бұйрық болып оралды. Жау қайда деме, аяқ астында. Естіген Аққыз керемет қуанып, құрбыларымен Марал бастап, қыз жасауын жасап,

Толысбекке шығуға дайындалып жатты. Тойды Қаныш басқарып, Марал көп әндер айтып, көңілді кеш болып тарқасты. Қандайда заман тумасын, ырысы мол, халықтың береке жүзі қашанда, көрініп қалады.

Талай тарландар, оқымысты адамдар содан шыққан, Россия елінен шыққан. Осы сөзді Қаныш қаладағы досына барған бетте, Николаевқа тамаша ержүрек, батылдығын айтып сөз қозғаған. Бүгінде алғашқы кездесуі, кітапхана ішінде болды. -Қаныш сырт қабдалын шешіп тастап, жеңілденіп алған соң: Елдегі жағыдай өте ауыр, халық пен болыс арасындағы шинеліс, тыйылар емес, малды байлар әдемі көркем сұлу қыздарға ауыз салып, қатын үстіне «тоқалғып» алып, ойын-тойларын жасап, қыз байғұстың сүйгенінен, айырып, бақытсыз етуді тоқтатар емес, дамылсыз күрес «жекпе-жек соғыс» ел үстінен кетпеді!-деді.

-Николаев әптен тыңдап алды да: Бұл болатын құбылыс, қайшылық заман тартысы, осылай басталады, бірақ айтарым, өздеріңе сақ болыңдар, олар қараңғы түнді пайдаланып, шабуыл жасап, өрт салуы мүмкін!

-Бұл заманның тозып біткені «суға кетіп бара жатқанда, жаман жанындағын қармақтайтынның өзі» іліп әкетіп жүрмесін, денелеріңді аулақ ұстандар! Бұл тек қазақ сахарасында емес, орыс жеріндеде, күн сайын болып жатқан, шайқас қалың бұқарамен, патшаның жасақтары арасындағы «сойқан соғыс болып» созылып жатыр!

-Туған қаншама серпіліс, таң шапағы құсап, жарық сәулесімен, іргедегі елдің шеті көрініп, нұр сәулесімен жамылып елес бергендей болады! Баяндап айтсада,

халықтың құлағына жетіп, қамын ойлаған мақсатына жетіп, ашылған ажарына жеткені тамаша-ғой!

-Соның өзі санасын оятып, қалың құрсауды бұзуыда, «халықтың қахһарлы күші» өлшемсіз ісі, осылай қалыптасып, қазақ сахарасына, жаңа өмірдің сәулесін шашқандай, бейбіт өмірдің орнауына күманым жоқ! Бұл тек басталуы, әліде күшті сілкініс алда, бәрінеде шыдамдылық керек, «ақыл –ойдың»шешімі керек, халықтың сенімі керек, сонда ғана «қас жауыңды, қирата соғып, табанға саласың!»-деді.

-Әлден соң Николаев қалжың айтқандай, Қаныштың иығынан тартып, күле сөйлеп, қалжың айтқандай болды. Екеуіде қарқылдасып күліп, біраз сөздің жүйесін айтып, үлгірді.

Досының әрбір сөзі Қанышқа сабақ болғандай, жол көрсеттетін ағаның болғаны қандай жақсы, әйтпесе мүлгіген халық, қараңғы халық, қайда барып «шоқ» баспауын, кесіп айтты. Сөз танабы көңіліне ұялап, біраз мағұлматқа қанып, бойына серпіліс жігер бітіп, қайратты жастық шақтың, кереметін көру еді.

Алмас әлден соң, қоржынды толтырып, біраз кітапты алып шығып, арбаға тией бастады. Көптен көрмеген досын құшақтаумен әрең айырлысып, қалысты. Топайкөк, кеңінен сермеп, кимелі арбаны алып ұшып, қала шетіндегі қара жолға бас тіреді.

Арпалыс дүние, көп ауылдың, тұтасқан халқын, Николаев айтқан асыл сөзін жеткізіп, қараңғы түнекті ашып тастап, жарық жұлдыздың сәулесін бойларына қабылдап, аспан әлемінен күш алғандай, саналы ғұмыр ошағына бет түзегені дұрыс!»-деді. Алмаста сөзін қоштап,

Қанышқа жігерлі болуын, айтып өтіп: Тек сен ғана соларды соңыңнан ертіп, бастауыңды біл, біз тұтас, қарулы қолдар дайын тұрамыз!-деді. Күш жігері осында, ауыл жігіттері, қорғаныстан тайынар емес, тек өзің бастаушы бол!-деді.

-Алмас ат арбаны, сыдыртып Қаныштың үйіне келе берді. Оның ойындағы осы сөз сапталып: Досыма қалайда жақсы ағадай қолым жетіп, ісіміз ақжол болып ағарсын, жаралыны жылатпай, момынды бір пәлеге аунатпай, берекелі қылығымды қалың жұртқа беріп, ой-арманынан шығуды қалар ем!-деп, арбадан түсе бастады, осы ой жетелеумен, үйге қалай кіріп келгенімізді де, білмей қалдық.

-Ақырын басып, үй ішінде мұңды бір ән, құлағына естіліп, Маралдың жатқан бөлмесінен, анық естілді. Ән үзіліп барып, іркіліп қайта басталғандай болды.

Мұңды өлеңі, сазды уайыммен жалғасқандай ыңғай тартып, күңірене түсті. Қаныш бірінші естуі мұндай болғанын қалаған емес. Не болғанын өзіде білмеді, бірақ әннің бітуін күтіп, есіктің алды жағында біраз тұрды. Шыдамады неде болса, аңқтауға есікті ашып, тез ішке кіре берді.

-Маралдың көз алдында, мойыншақталған іркілген жасқа толы, көз жасы орамалын жуып кетті. Тез білдірмес үшін, атып тұрып: Шай қояын!-деп, есікке қарай, жылжи түсті. Қаныш бірдеңені сезіп қалып, қолынан ұстай алып тоқтатты: Не болды саған? Қаншама уақыт жылағасың, мөлдір көзің ісініп кеткен, менен неге жасырасың?

-Айт маған, мен білуім керек, сені мұндай уайымға салып, менің сондағы тіршілігім қайда?-деді құшақтап алып, бетінен сүйіп, жұбатқандай болды. Марал қабағын ашып, мөлдір көзін Қаныштың бетіне бір тастады да: Менің анам қайда жүргенін білмеймін?

Екі немересі бар, сенің бақытты болғаныңды көрсем деуші еді!-деп, қоштасарда айтып жылап қалған еді! Сол анам қайда екенін білмеймін, біреулер Өлеңді деген жерде!-деп, айтқаны есімде. Қаныш салған жерден: Сен ертеңіне дайындал, екі немересін бірге апарып, тауып аламыз Алмас олжақты жақсы біледі!-деді. -Марал қуанып, еркін сұлу назарын ашып, Қаныштың бетіне бетін түйістіріп, көңілді күлкіге орала бастады. Қаныштың анасыда қарсы болмады, күйеуі ертеректе дүние салғаннан бері, жалғыздық тартып уайымдап жүретін, құдағиы келсе әңгімеге байытатынын түсінді. Қаныштың әкесін көпшілік жақсы көретін, ол әр уақыттарда момындарға сойысқа қозы торпағын аямайтын, кейде сауын сиырды алдарына салатын.

-Үлкендер бас қосқанда «құран оқып, бағыштайтын». Алмас ертеңіне кимелі арбаға қос ат жеккізіп, дайын тұрды. Өлеңдіге жол тартты. Қалың ағаш өскен, көлді аймақ, көк майсалы шалғынды басып, даңғыл жол бетімен сырғып келеді. Жолда қаншама ауылдарды артқа тастап, ұшқан құспен жарысып, қос аттың жүрісі, алып, ұшып отырды. Жайылған дала легі, күн аясының, жарығымен таң нұры атқандай болып, жаңарып шыға берді.

- Сағымданған аймақта, Өлеңді бойымен жалғасып, ұзын жолдың керуенін құрағандай, сымбат тартумен болды, көңілдері бітискен Қаныштың ажарыда, Маралдың жүзімен беттесе берді.

-Марал өте көңілді, туған анасына деген сағынышы, шексіз, су бетіндегі аққудың жүзіген қалпын салып, қуаныш сезімін білдіргендей болып, шаттық шапағаты бойынан кетпестей, өсе түсті, бұл анаға деген асыл махаббаты болатын.

-Қаншама жылдарды артқа тастап, енді міне анасын тауып, немерелерін таныс етіп, табыстыру еді. Кимелі арба, пар ат жеккен, бұрқыратып, келіп нағашысы Сәндібек үйіне келіп, ат тіреді. Қоңыр тарқан жеке ауласы бар үйдің, есігі айқара ашылған бойы, әлде біреудің келіп жүргені ма деп, қаласың бірақ үйден ешкім көрінбеді, төбеде тек сығырайған, пештің ауыз түтіні ғана көрінеді.

-Үйге кіре бергенде, қақаңдаған біреу, ешбір амандық жоқ: Қаншама айтып шаршадым, осы бір Ажаркүлге, ошақтың отын сөндірме, сүт пісіріп, айран ұйытатын, уақыттың өтіп кеткені-ай!-деді. -Алмас шыдамады: Сен кімсің өзі, қақаңдап, өте шықтың, амандық-саулық жоқ, іздеген адамың, қозы соңында, таңертеңнен бері далада мал бағып, сенің отыңды қалай істемек, денің дұрыс па?-өзі!-деді жұлып алғандай. Сол бетімен жершақ басында отын жағып, сауып әкелген қой сүтін, пісіре бастады, жел жағнан тезектің исі шығып, демінді алдыртпай тастады.

-Қаныш көршінің баласын шақырып келіп, Ажаркүлдің қай жерде қозы бағып жүрген жеріне

апаруға, уәде етіп, қалған уақытқа дейін, күн батқанша, сонда болуға келісім етті.

-Қаныш екі атты дайындатып, Маралды бірге алып, анасына жол тартты. Ауылдан алыс емес, өзен бойындағы, көгал ойпатына жайылған қозылар, алыстан маңырап, қоя берді. Көрші бала, етектегі қозының соңынан келе түскен Ажаркүлге барып: Апа! Қызың Марал іздеп келді, анау тұрған екі атты солар!- деді. Қолында таяғы бар, жалма-жан атып жіберіп, жүгіре басып, өкпесін қолына алып, дауыс қылып, Маралды құшақтай берді, жылағанын көпке дейін баса алмай, қолын қызының денесінен айырмады, сағынғаны соншалық, далада жүріп көп жылаумен, болғаны байқалады. Қаныштыда құшақтап, бетінен сүйді. Қаныш жүр апа, атқа отыр, немерелерің үйде қалды, қазір көретін боласың!-деп, атқа көтеріп мінгізіп, өздері бір атқа мінгесіп, жол бетіне беттей берді.

-Үйге келе бергенде, Алмас бастап, екі немересі «әже» деп жабыса бастады, екеуінде кезек сүйіп, мауқын басты. Марал анасын үй ішіне кіргізіп, тігіп әкелген, көк көйлегін кигізіп, қызыл береннен тігілген киімдері жараса түсіп, далаға шыға бергенде, ауыл адамдары, көршілерімен қоршап алып: Ажаркүл сен қандай әдемі едің, біз танымай қалдық, өзгеріп шыға келгенің, қандай жақсы!-десті.

Қаныш үйге кіре беріп: Апа енді мұнда қалуға болмайды, қолымызда боласың, анам екеуің немерелеріңді қасыңа алып, ауылды қыдырып, бойларыңды жазып жүргендерің дұрыс!

Маралда қостап: Енді қасымда бол!-деді. Алмаста қуана түсіп, арбаға қалың көрпелер салып, жұмсақ етіп, Ажаркүлді немерелерімен қосып, Маралды отырғыза бастады. Ел адамы қоштасып, кимелі арба алыстағанша, шығарып салды.

- Балшөкен бұлар келіп тоқтағанша болған жоқ, құшақтасып, бұрынғы ескі құрбылар, осылайша тоғысты. Қаныш пен Алмас дем алуға бағыт ұстай бергенде, Божан, Жандос, Жарас килігіп, сәл аяңдады, олардың айтар сөзі бар, Үркердегі «егінге дау» екі жақты, айтыс Тағышылардың Сонардағы көп жылқысы, бір күнде «әттапиын шығарып, құртып кеткен» Сол дау үлкейіп, екі жақ бір-бірімен қағысып, жаралы болған!-деседі.

Қаныш сұрлана түсіп: Тез атқа қоныңдар!-деп, бұйрық етті. Қарулы қол, оншақты болып, жасақталып Үркерге тартты. Бұлардың келе жатқанын байқаған, Аралбай көшеде тұрып, қарсы алып, Жылқыбай үйіне түсірді.

Дау жанжал қыза түскен, мындағы Дәулетбайдың ұйымдасып, оншақты ұй, қара топырақты жерді, таңдап алып, тырмамен бірнеше рет, қолымен тырмалып, еккен егіні бір күнде жоқ болды.

Кедейшіліктің ауыр азабын тартсада, мал жинап, тұқым сатып алып, еккен еді. Жаңбырдың көптігінен жақсы көтеріліп, қалып еді, жайқалып тұрған жерінде, жылқылары жеп, тұяғымен жер қыртысын тас-талқан еткен. Аралбай сөз бастап: Бұларың не қылғаның, барған адамымызды сабап, жәбірлеп, еліңнен қуып жіберуге не көрінді? Бізде тұтас, елміз енді көреміздеп,

ойламаған шығарсыңдар? Брақ қаншама қаражат шығарып, еккен еңбегін кім жібергісі келеді!-деп, бастап келген, ақылы дұрыс Сауырбайға сауал тастады.

Қанышта қосылып: Ақылмен шешкендерің дұрыс, бұл аумалы-төкпелі заманда «қазақ» болып қырлысып жатқанымыз дұрыс емес!-деді. Сауырбай үй ыстық болған соң, шапанын тастап жеңілденіп: Менде бұлай болғанын қаламаймын, келген адамдарға күш көрсетіп, қуып жібергені дұрыс емес, оларда адам баласы, бір-бір үйдің иесі!

-Бұл көп жылқы Әуелбектің жылқысы, бағымнан шығарып алып, ие бола алмай, сендердің ауылыңнан бірақ шыққан, Әуелбектің өзі, мынау отыр «кеткен шығынды» дау-дамайсыз бергенің дұрыс!-деді. Әуелбек жасы келген, жұмыр басты денелі кісі, тұрып барып, екі дізесімен отыра кетіп: Әрине бізден қаталық болды, уақытында қарай алмағанның салдары, бір жылғы, он от басының нанынан айырды, мен он жылқыны ертең жеткізетін боламын!-деді.

-Қанышта көпшілікке қарап: Дұрыс шешім, бәріңде малсыз болмайсыңдар!-деді. Қол алысып, екі жақ келісіммен тарқасты. Есіл еңбек, ел құлағында болды. Жаңа жерге тағыда келер жылға дайындап, көктем шығысымен, ертерек, қолға алуды қалады, бұл көпшілік шешімі болып бекіді.

Көл жағасындағы құнарлы жерлерді, тырмалап өңдеп, жазық жерғып, тегістеп дайын етті. Көк майсаны шыққан бойда кезектесіп күзетуге бекініп, қауып қатердің болуын қаламады. Адал еңбек аяқсыз

қалмасына бекінді, жұрт «бір үзім» нан үшін, аянбай еңбек етуде болды, көпшіліктің мақсатыда осы еді.

Қаныш сөзі, келгендерді ақыл-ойдың парасатына жүктеді, шығындарын өтеумен тынды. Қаныш, Алмас екеуі аттарына мініп, Шалқар өзенінің жағасына қарай, қалың талды өрлеп, келе бергенде Шыңғыс жылқыларын сол маңға иріп тастап, күрең төбелін ұстап мініп, қолында бүркіті бар, Қаныштардың алдынан шықты.

Үстінде жеңіл қаптал шапаны бар, ақылды жігіт, бірден: Қаныш-аға менің бүркітімнің кереметтігін көрші, қазір шорағай үйрек пен қаңқылдаған қаз тобына жіберіп, көремін!-деді. Шыңғыстың құсы, айтарлықтай, қос қанаты, алыпты арбаның көлеміндей, отырған отырысы, батпандай аяғымен, найзаның үшіндей жез тырнағы, быттия бітіп, тұмсығы өткір қылыштың жүзіндей, туралап тастайтын, алып керемет болып көзге көрінді.

-Сырт көздері, айнадай жалтырап, күн сәулесінің жарығымен, от төгеді, аласұрған сырт қарасы, таудағы арқарға шапқан, құстың белгісін жасап, бәрін өзіне бағындырып, басым етпекші. Қаныш Шыңғысқа бері әкелші бүркітіңді: Мен бақылап көрейін!

-Қоңына қол салып, бұлшық еттеріне қол жүгіртіп, қанатының қайтпас қарулы екенін байқады, төсінің, қатты балғадай, соғысы жұмыр боп біткенін, аңғарды. Қанатының қыры, айбалтаның жүзіндей, өткір соқпағы, ешкімненде тайынатын емес.

-Қаныш бірден: Бүркітті кім баптады?-деді. Шыңғыс: Мен өзім, ылғида тамағын беріп болған соң,

басынан бастап, тұяғына дейін, денесін сүртіп, борбай жүндерін тарап, тұяқтарын балшықтан жуып, қанаттарын жазып ысқылап, қоңдарын түсірмей, күн сайын күтімін ұмытпаймын!-деді. Онда дұрыс екен, бүркітіңнің күтімі тәп-тауыр, қандай құсты болсада алатыны осыдан!-деді.

Шыңғыс масатанып, қуанып қалды, мұндай бағаны Қаныштан басқа ешкім айтқан емес. Қаныш сол бетімен, өзен жағасына бет алды, оларға Жандос, Әсет, Божанда келіп қосылды. Құс кереметтігін көру еді. Жалпақ өзеннің арнасы суға толы, күмістей жарқырап, жақындаған сайын көзіңді алып, өңменіңнен атырады. - Ұшқан құста сан болмады, қараша қазға су беті толып кетті, шорағайлар бірі келіп, бірі кетіп, бырылдаумен, топ болып қонып жатты. Шыңғыс қолындағы құсымен алға шыға бергенде. Қатарласқан Қаныш: Жібер тез, қаздың қалың жеріне!-деп, қалды.

Құста бақылап келе бере, Шыңғыстың қолынан шығып, қаздың тобына түйіле жөнелді. Қос қанатының екпінді жел бағытын өзіне тартып, дауылды күшпен, топты беріп өтті, «сарт-сұрт» еткен, қанаттың соғысынан шыдамай, қараша қаздар, топ етіп суға құлай берді. Алмас қылыш құсап, көк қанаттың түзі, қанаттарын қиратып, ұша алмайтындай қирата соқты.

-Қаныш бірден байқап қалып: Әне соқты!Тағыда соқты!-деп, кереметтігін мақтай түсті. Екі қабат сойқын, перістен, Шыңғыс шауып отырып, бүркітінің маңына жақындай түсті. Жағадан шақырып, қолына қондырып, олжасын Санжар барып, қайықпен жинап, жағаға үйіп тастады.

Жоланда осында, бүркітін баптап, жіберуге асықты, ойы Қаныштарға көрсетіп қалу еді. Қаныш өзі бастап, өзен бойындағы қалың, тоған басындағы, асау арнаға беттей берді, онда қамысты жиекке үймелеген, көкмойындар сол жерден табылды. -Жолан бүркітін, қолына ұстаған бойы, қолынан сытылып, қараша қаздардың ұшып келуі қалай, сол тізбекке, ағылып барып, айқаса түсті. Зуылдап аққан, жұлдыздай болды. Қаздың үлкеніне ұмтыла түсіп, аяғымен тарпа бассалып, астына ұмтыла бастады, қазда қанатымен тарпып, суға құлай берді, тұмсығымен ұстап алған, бүркіттің қанатына жармасып, суға бірге шомп етті, бүркітте малынып, қазды тастап, малтығып барып, жоғарыға тік көтерілді.

Қаз қаңқылдаумен өзінің үйіріне қосылып үлгірді. Жолан бүркіті, аспанды шарлап, қалықтаумен болды, қанатын құрғатып, келесі айқастың бағытына көшті. Жан беру оңайма, болған айқасты байқаған Қаныш: Бүркітке тимеңдер, әлденіп алсын, күші қайтып көп алыстың, кереметтігі болды емес пе?!-деді.

-Бораған ақшыл жүндері, қыстың ақмамық көрпесі құсап, су бетін жауып үлгірді, желмен боратып, жағаға соққан қар ұшқыны құсап, бет-аузыңды алып кетті. Топтасқан шорағай үйректердің дені көк мойындар, қамыстың түбіне қарай, жүзумен болды, сая тапқандай, қалың қамыстың ішінен табуда қиын.

-Сол мезетте, бір топ көк мойын, су бетіне, айналып ұшып барып, тобымен қона бергенде, аспаннан атылған оқ құсап, түйіліп келіп, құлдилап, төсімен соғып, екі-үшеуін құлатып үлгірді, тағыда аспанға ұшып, қанатын

бауырына қысып, екінші рет, оралым жасады, тағыда құлатты.

Қанышта риза болып: Бұл жолы өзінің кереметтігін көрсетіп, алып күштің, дария бетіндегі, дауыл құсап, су батырған қайықтай болды!-деді. Баптауын білсең, бүркіт құсқа шабады, ашқылмай бір өзіңді табады!-деп, Алмас қарқылдап күліп, бәрін әңгімеге тартып, бұйытты.

Әзіл сөздің оспағын айтып, Қаныштыда мәз етті. Бұлардың өзен бойында алғашқы бас қосуы еді, өздерімен ала келген, ыдыс-аяқтары, жершақ қазып, қара қазан орнатып, қаздың етін асуды, Алмас өзі бастап, ұйымдастыра бастады.

Маңайдан отын жинап, Әсет ондайға шеберлігін көрсетіп, қазан астын маздатып, қу ағашпен жағып, қара қазанды қайнатып үлгірді. Етте пісті, дастархан жайылып, барлығыда жағалай отырысып, Шыңғыс бастаған бүркітшілерге табыс тілеп, Қаныш өзінің ойын жеткізіп: Мұнымен тиылып қалмаңдар, ертең қылышын сүйретіп, қыста келеді, өрбіген дала қасқыры, малдарды қағып жеп, жайратып тастап басымдылығын қояр емес, міне сол уақытта, Шыңғыстың керемет құсы, батылдық танытып, қарсы тұруы әптен керек!

-Оның өрескел шабыты, құлдилап аққан сұрапыл бейнесі, найзаның оғындай жарық-жұрық етіп, атылуы соған дәлел!-деді. Шыңғыста Қанышқа жалт қарап: Әрине қыста қысылмастай болып, баптап бұданда артық күтімге алып дайын етемін!-деді. -Бәріде көңілді ас ішіп, енді Санжардың бүркітін сынаған болып, Қаныш топайкөгіне мініп, Алмас екеуі жоғары өрлеп,

құс бағытын біліп қайтуға бет түзеді. Құстың көбі сол өзенің терең құйлысында болатын. Айтқанындай сол тұста, қаптап ұшып, өзен бетін қара құрт құсап, басып кеткен.

-Бұл күз айы құстың оңалған шағы, бір қаздың еті, шамалы тоқтыға бергісіз!-деді Алмас, Қанышты өзіне сөзге тартып. Әрине солай, бұл пікіріңе қосыламын, тек біз осы алған бағытымызды, бүркітшілерден қол үзбей, олар әр уақытта керек адамдар, әсіресе қыста!-деді Қаныш.

-Қаныш әзілдеп: Шыңғыс сен қашаннан бері бүркітшісің, неге көрінбей жасырынып, біз сенің олжаңа ортақ боламыз деген ойымыз болған жоқ, тек сенің осындай серілігің біз үшін өте қажет!-деді. Шыңғыс олай емес: Мен әкеден қалған мұра деп, сонау жылдары «көшпенділерден» балапан кезінде сатып алған, кейін келе баптаған соң, өсіп жетілгені ғой, тек шығарғаным осы ғана, қолым тимей жылқыда болған соң, айналыспап ем, бірақ баптауын үзген емеспін, бұл бірінші шығуы!-деді.

Асыл тұяқтың ізі қалды деген осы, әкең болмаса бұлай істемесең еді!-деді Алмаста сөзге араласып. Құйындай соққан дауыл құсап, құс біткенді түгелдей ығыстырып, «қан мен жанның»арасында, найзағайдың оғындай болып, жарық еткені, өткір қанаттың сабымен, әлі-бері пергілеп, топырлатып су бетіне құлатқаны ойымыздан кетер емес!-деді Қаныш Шыңғыстың арқасынан қағып мақтай түсті. Жанарынан құстың асау толқынды ыңғайын сезді да, тағда атына қонып Шыңғыс етекте ала шаба жөнелді.

Қаныштарда соңында, бар қызықты тағыда көріп қалу ойына орала берді. Қайтып ұшып келіп, шорағайлар пырылдаумен, өзен бетіне, қайта қонды. Жанарынан жұлқына ұшып, құлдилап барып, тобына кезігіп, қос қанаттың, қатулы қылыштай, сермеген алып күші «лып-лып» еткізіп, өзен үстіне құлата берді.

-Көріп келе жатқан Қаныш: Әнеки алып түсті! Жақсы перді! Күшті перді! Бұл қандай тамаша қайраттылық мәм-сән» демей, топырлатқаны оның «кереметтігі»! Бойына біткен үлкен қасиет, алып күштің, аспандағы әлемнің игеруінде болып, өзіне тәуелді етуі, басымдылықтың «ғажаптығы» деуге болады!-деді.

-Қандай тамаша құс! Ғажап күтім мен бап! Түгелдей бәріңдіде қарық қылып, олжаға толтырғаны, оның кеметтігі!-деп, мақтауын асырды. Бұлда болса аңшының кереметтік шебері, теңдесі жоқ, көрегендігі! -Азамат болсаң Шыңғыстай бол, өз талабымен, бұл өнерді жетік меңгере біліп, осындай дәрежеге жеткендігінде!-деді Қаныш сөзін жалғап, бауырмалдық сөз айтып, біраз Шыңғысты жиналған көпшілік алдында, мақтай түсті. Естіген жұртта Шыңғыстың шеберлігін, матаумен болды.

-Оның Қанышқа деген си құрметі шексіз, туған ағасындай, қатты силаумен, әрбір келісін құрметпен бағалады. Оңды шешімін тыңдап, ақылымен болды, әр істі бастамас бұрын, Қанышпен сөйлесіп барып, кірісуді жөн көрді.

-Ол кезде Санжарда астындағы атыда байтал қаракөгін мініп алып, қолына қаршығасын отырғызып,

жағаның белесіне көтеріле бере, жаңа қонған топ шорағай, қамыс түбіне бытырай бергенде, ызғып өтіп үстерінен басып, ұшуға белгі жасап, үлгірді. Үріккен көк мойындар, топырлап өзен бетінен көтеріле бергенде, бойына дауыл тартқан желдің күшін, бірге алып, төсімен ұрып пергіштеп, құлата берді.

Ұша алмағандардың қанаты сынып, әлдері кетіп, соғылумен мыж болып, су бетіне қалқып кетті. Санжарда олжасыз емес, артынан қайықпен жинап алып, құсын қолына қондырып, жағадағы Қаныштарға жетті. Тағыда құстарын баптап, астаумен қоян етін ұсақтап турап, алдына қойып, денелерін сылап-сипап, қоңын түсірмеуге бақылап, бар мүмкіндігін жасаумен болды.

-Бұл олардың қаршығаға деген ықыластары, осылайша керек еді. Екі күн бойы қызықтаған Қаныш, қасында достары бар, топайкөкпен Дүзбайға жол тартты. Ол кезде Шұға қыздың дауы, ауыл үстінде басылар емес, мұңды уайымға айналған кез болатын.- Екі рулы ағайынның арасындағы «тартыс» ендігәне басталып, кеткен еді. Бұл бір қалыптасқан даулы оқиға, қазақ баласының, әсіресе қыздарының алдында, кесе көлденең, жатқан жазылмас қайғы-қасырет «бойжеткеннің» бақытын үзіп, ажал құшып өмірден өтіп, кеткені өкініш болып, қарапайым елдің мұңын жаздырмады.

- Бұл ел ішіндегі Өтей мен Сүгір арасындағы топ жанжалдың сипаты «Шұға қыздың дауы» бір жыл бойы етек алып, дүбірлі оқиға, ел есінен шықпады.

-Бойжетіп отырған Сүгір қызы, Өтейдің атастырған күйеуі өліп, әулетінің шаңырағын ұстаған, жетпістегі қос қатыны бар Тоқай: Мен жесірімді ешқайда жібермеймін!-деп, бүлік салды, әдейі ат шаптырып бірнеше адам жіберіп хабар етті.

Күйеуі тірі кезінде атастырып, бүкіл малын беріп қойған. Малдың көптігі, басқа ұзатылатын қыздардан көп беріліп, мол еткені, баршаға мәлім болған. Қыз өзгеріп: Енді кәрі бәлекетке бармаймын, екі қатын үстіне барып, өзімдікі емес, шалдың кеуіп қалған талшығын үміт етер жайым жоқ!-деп, кесіп айтты.

Естіген Тоқай: Мен қызды алмай тынбаймын, менің шалдығымды қайдан біледі, қосылған соң білер өзі!-деп, ашуға булығып, қызға сәлемін жеткізді. Тоқай алты қанат отау тіккізіп, қыз жасауын жасап, бүкіл кілемдер мен атлас қытай кездемелерін алғызып, шымылдық құрып, тойға дайындалып жатты. Қыз Сүгір елінің үлкендері Елікбай, Торсан, Көшектерге арыз айтып, басына түскен мұңды жеткізуге тырысып, бәрін жинады. Қыз қиналып барып: Менің қайран елім айтқаннан соң, алғашқы шалына көніп едім, ол өлгеннен соң, кәрі әкемненде үлкен екі қатыны бар шалға бармаймын, болмаса «өлімге кесіндер»- деп, егіле жылап айтқаны, қалың жұртқа жетті. Қыздың зарлы мұңы халыққа жетті.

Сүгірдің түгел ер азаматы, естісімен ашуға булығып: Біз қызымызды «қорлық» ете алмаймыз, атыс-тартысына баруға дайын екенін, жеткізді.

-Қарулы қолдар ел ішінде көбейе түсті, Қанышта достарына жеткізіп, келгендерге тойтарыс берудің

жолын іздеді. Шұғаның жаралы көңлінен шыққан мұңды әні бүкіл елге тарай бастады.

Қайда болмасын бұл ән жатталып, үлкен-кішінің аузынан түспеді, әсіресе қыздар, қосылып жылап, қыз мұңын жеткізумен болды. Бақа тірес өрши түсті, Өтейдің менмін деген «сөз тарландары» аяқ бастырмады, әсіресе Тұмар, Салық, Өтешдегендер сөзден сөз қоздырып, ырық бермеді «сырғалы күміс-сырымен жоғалғандай» болды.

Қызды қорлыққа бермейміз дегенін, құдалар тартысы бұзбаққа бекінді. Кәрі -жастың бәрі, сол өзінің әулетіне, алудың амалын жасап, айламен қақпан құрып, түсірудің жолын нұсқады.

-Өтейдің менмін деген Сабыр, Төпіш, Серке дегендер секірумен сөзін ұстатпай, қалың мал көптеп алғанын айтумен, ақылынан адасуға ауысты, өкіре сөйлеп, өзегін өрбітті, ашулы күйін «қыз дауына» ұластырды. -Алты арыс сүгір жағынан Жаран, Шүйебай, Баукен, Дулат, Құмайлар болса, Өтейдің алып кесерлері Қайыр, Алшан, Серікбай, Қисық, Қойшы, Шотбайлар табан тірес, мысқылдың өзеттері, алып түсер, кеппелер болып, отырысты.

- «Қыз дауы» ұзаққа созылар ыңғай тартып, кемелілер беріспекке бекінгендей болып, сөз түйінін өздеріне қарай бұра берді. Берген мүлікте кем болмағанын алдыға тартып «беріспек барда-алыспақ бар» атам қазақтың ырыс сөзідеп, Баукен сөз таластырып, араны өршітіп, су бүрікендей, желпінте бастады.

Екі елдің Сүгір мен Өтейдің арасындағы айтылған Қаныштың сөзі, қалың жұртқа тарай бастады. Ол көлеңке түсірмей, ағайын арасын татулыққа шақырып, елдіктің үзілмеуін қалады. Бүйірден бұза сөз таратқан, Алшанның сөзіне, қатулы ұнатпаған қалпымен Қаныш көз тастап: Бұл айтыстың сөгіле бір-бірімізді жамандағаннан еш пайда жоқ, онанда түйінді сөзінді айтып мына отырған қалың жұртқа, назарыңды ақ көңіліңмен жеткізбейсің ба?-деді.

Алшан осында келерде, жиырма жылқыны, болысқа бақыртып отырып, Шотайдан айдап апарып «ауыз бастырық» іздегенін, қайталаумен болды.

- Қаныш жалт қарады да: Болыстан алар пайдаң бар ма? Істі ушықтырғанша, қызды зорлықпен аламын деген, жоспарың түкке аспайды, қайта осында, бас қосқан жерде, айтылып шешілетін шаруа емес пе? Болыс Досмағанбет жоғарыға берінумен, екі дүркін сайланудың амалын жасап, қараңғы халықтың болып жатқан «ісін» қайтеді, осылай халыққа иек артып, өз құлқынын кептеуде!-деді Алмас бастырмалатып. Екі жақта шу ете қалды, Алмастың әділ сөзіне риза болғандай ниет көрсетті. Қаныш сөз сарабын, кесектеп тастады, ақыл ойдың нақ түйінін айтып, көпшіліктің назарын өзіне аударып: Аласапран алмас дүниенің ырың кезек заманында, азған елдің азабын көргенше «бірлікте» болғанымыз дұрыс!

- Заман азып, заң тозды, қалың жұрттың күн көрісі болмай, қара лашықта отырып, қой сауып сүтімен күн көріп «бір үзім нан» үшін, жуандарға жалданып, ауыр тұрмыспен күн кешуде «алар еңбегін бермей, еш

қылып» ауру мен ашттыққа жолыққан қайран өмірін басынан өткізгені болмаса «қайран қылар қуаты жоқ»сорлы қазақтардың көрген күні осы!-деді Қаныш, көпшілікке қарап, сөз тастап жеткізді.

-Әрине осындағы отырғандар ауқатты нәсілден, олар жоқшылықты көрмеген, малдың көптігінен көпіріп, жетпіске келседе «қыздан үмітін үзей» айтырып, тақ таласқып отырғаны мынау!-деді Шүйдебай, Қаныштың сөзін растап, ашыла түсті.

Қойшы мен Шотбайда Қанышқа: Осы ағайын арасындағы сөзді, сенен басқа ешкім тоқтатар емес, ашынған Алшанның сөз төркіні, екі жақты ушықтырып, «қалың төбелес соғысқа» биімдеу, қанды қол қарақшыны көптеп әкеліп, қанды майдан етпек, сонда ұтқанмыз не? Ол осыны ойлады ма?- Екен! Әрине жоқ, одан мұндай ақыл шығады деп, ешкім айтқан емес!-деді. -Жарайды, екі тус ел тыныштығын сақтаса, әр уақытта, адал сөзімді айтып, тиыларым жоқ, солардың жүздерінен татулық белгісін көріп, ризалық етуге мен дайынмын!-деді Қаныш.

Өз өзімді бір ойға келіп, байқасам жесір дауы етек алып, шырғалаң құсап, аумаққа жайылған, алғырлық білімім жетсе, қабаттасқан бәленің бәрін, қойғызар ем, тек адал ниетті саналы Өтейдің азаматы болса екендеп, ес жиғандай боламын!

Бұдан бұрын екі ел арасында, көптен жүрген барымта, қақтығыспен көрініп қалып жүрді. Адамда жалғыз ақыл болғанмен, көпшілікпен бірге болған қандай жақсы, түсінер сөз, ой-кеңеспен еселеп барып, іркілмей табысар еді!-деп, Қаныш тоқтам айтты.

Тосыннан айтқан сөз демесін, қырың қабақ танытқан, Қисық пен Шотбай, құлағын салып, Қаныштың айтқан сөзінің ақырын күтті. Жылпос атанған екеуі, түйінді сөзді сөйлемей, әзіл айтып бетіне кетті. Артынан басқасы сабасына түскендей болып, Қайыр мен Серікбай, құлақ асты, құр көсеу, сөз бағытын өзіне тартып, жесірді әкетудің амалын жасап, айлалы, сөз құрамына көшіп, отырғандардың есіне салып өтті.

Бұл қалай болғаны, опасыз дүние, алынған мүлік, қыруар мал, қыз жолына кете барама!-деп, салды. Жайлыбай, Жарастар араласып: Бұл недегенің? Қыз сатылатын мал емес, олда адамның баласы, әкесі қайтыс болғанмен, анасы бар, ағайын туысы, бүкіл елі бар, жалғыз емес, жылатып өмірін өшіргенмен, сендергеде жоқ, бізгеде жоқ айырлып қаламыз ба? деп, қорқамыз бетке ұстар Сүгірдің қызы, өз бағытын өзі табады, соны ұмытпағандарың жөн!-деді.

-Қаныш қозғалыңқырап, көпшілік Өтейлерге бетін беріп: Қыз әлі уыздай жас, ақылдылығымен көзге түсіп, ауызға іліккелі біраз болды, бірақ ол тартынып отырған жоқ, шал оның теңі емес, атауын айтсада, өзімен қатар азаматын неге атамайды? Деген қыздың сөзі, тапқырлық емес пе? Бірақ көнер шал Тоқай жоқ, жесірім менікі деп, жар салып, айтқанынан қайтар емес! Осыны естіген қыздың, мұңы, жар жылаған, бейнесі қалың жұртты қайыстырды!-деді Қаныш.

-Қаныш дау жанжалдың, арасында өзі жеке шығарып алып сұрағанда: Мені атастырған әменгерім өлгеннен соң, кәрі Тоқайға үшінші қатын болып бармаймын, қаусап бітіп отырған шал менің теңім емес,

өзім мен қатар адамын неге ауызға алмайды, атастырған болса, екі елдің азаматына зәрімді салмай, кете барарем!

Мен қазір тірі жүрмін деп, ойлаған емеспін, тағыдырым қыл үстінде тұр! Мынау Шалқыма өзені, өте терең жерінің түбі, менің өмірлік мекенім, сонда барып «мәңгілікке» бақытымды байласам деймін «құдада тиыш, құдағида тиыш» деп, көзіне жас алып, далаға жүріп кетті. Қаныштың осы сөзді естіген бойы, өңі бұзылып сала берді.

Алдында дауылмен аласұрған су толқыны, биіктеп барып, арнасынан шығып, бурқанып маңайына жан жолатпай, ақ көбігімен жағаны лайлап, дамыл таппады. Қара бұлтта күн сәулесін жоғалтып, қара түнек орнағандай, көк жиектер жабыла бастады. Күмістей жарқыраған су беті, мүлдем жоғалды, қарасуға толыққан өзен арнасы, бір сәт тоқтамады. Көк жиектегі жағаның шөбінде кетіп, батпақты лай басқан қара балшық, көмкеріп үлгірген. Қаныштың көз алдынан ғайып болған Шұға денесі, қарасу түбіне, кетіп бара жатқандай болды.

Жағада қалған, кебісі ғана, су бетіне шыққан сырт қамзелі, қалықтап көріне берді. Кең дүниенің осы бір сәті, қыз мұңын бірге ала кеткендей, ғайып болды.

Қаныш ойын тез ақылға келтіріп: Жоқ! Бұлай болғанын біз қаламаймыз, ауылда бірге өскен қыз дағыдырын неге қорғамасқа «қорлықпен» өткізу кімге керек, жан ұямызда болса Шұға үшін күресеміз!-деп, болжам жасап, бәрімен хабарласып, Алмасты қасына алғызды.

Болған отырыста Қаныш, өз тілегін айтып, Алшан мен Қойшының бетін қайтарып, сөзін тыңдатты. Өтей жағы болмағансоң, қыз әменгері Тоқай, толық денелі, бүкірейе біткен қалың жаурынды, иегінде қомды сақалы, ауында бір тісі жоқ, айтар сөзінде шашырап, түсініксіз бір сөз айтып қалды: Қыздың өзін көріп, бірауыз сөз алсақ болар ма? –Екен!-деді.

-Қаныш айтқанын қайырмай, Алмас пен Әсетті жіберіп, айтыс болып жатқан үйге алғызды. Әлден соң төр бөлменің есігі ашылып, қасында Марал құрбысы мен анасы Малике бірге кіре берді. Басына киген камшат бөркі, қызыл көйлегі денесіне жарасып, көк қамзелі қыбыша беліне жабысып, мойнындағы ақ моншағы, тағымдарымен жалт-жұлт етіп, ажарын айқара ашып, пысық жүрісімен, адымдап басып, көпшілікке амандасып, иіліп барып, сәлем етті.

Ашық жүзінде сұлу тартқан келбеті, мөлдір көзінің қарасы, ажары бұрынғыданда ашқандай болып, жарқырап көріне түсті.

Бәріде көз тігіп, аузын ашып, қыз келбетіне мәз болғандай ыңғай тартып, Тоқай күйеу мен Алшан іркіліп тұрып қалды, айтар сөзі болмай, ұялғаннан қыздың сұлулық келбеті оларды есінен адастырып, көзін алмай күмілжумен отра берді. Төрде отырған Қаныш: Мынау отырған құдалар мен күйеу Тоқай, сені әдеі шақыртып, болып жатқан «айтыс-тартыстың» созылғаны бүгін үшінші күн, өзіңнің аузыңнан бірауыз сөз естігісі келеді, соған не дер едің?-деді.

-Шұға бұрыннан сөз сөйлеп ашылған қыз, Сүгірдің мақтауға тұрарлық ақылдысы да, өзі болатын, еш

қымсынып, ұялған емес. Қымбатты ағайындар, екі елден жиналған көпшілік: Мен не жаздым, саудаға түсетін, жетім қыз мен емес, артымда мені қорғар қалың жұртым бар, ағайын толған Сүгірлі елім бар, олар менің бақытымды үзіп, мына отырған шалға бере алмайды, құр әурешілікті айтып, бос уақыттарыңды кетірмеңдер, бәріңде жас емессіңдер, үйлеріңдегі мен сыяқты қыздарыңның тағыдырын неге ойламайсыңдар?

-Әлде осылай, қатарынан айырып, өмірлерін өшіргілерің келе ма? Сонда сендер қандай адамсыңдар, аюанға шатыс даладағы аң ба едіңдер?Өздерің ойластырып, ақылға келіп, екі елдің шырқы бұзылмасын десеңдер, тыныштығын сақтап, арақатынастарыңды үзбегендерің дұрыс! Менің бар айтарым осы!-деп, үйден шығып кетті. Бәрініңде аузы жабылғандай, төмен қараумен, Өтейлер өз орнын таба алмай, айтылған қыз сөзі, өңменінен өткендей болды.

-Алмаста іштей: Қап бәлем, бұларға осындай, кесіп айтар сөз керек, қыздың кереметтігін жаңа көрген шығар!-деумен ойласып бақты. Қаныш сөзін жалғастырып: Өздерің ойлаңдаршы, жас ұрпақ, өмірге өз тілеуімен келеді. Адам болып ер жетіп, жан ұя деп сездіреді.

-Тілегі мол, сүйгеніне қосылуға келеді. Теңінен айырлып, бақытынан кесіліп, өмірі өшкен қыз болғысы келмейді. Жолы болмай, жетімдік көріп, өскен қыз, адал ниетті теңін іздейді. -Тек бойына біткен батылдығымен ғана, «өмір мен өлімнің» арасында, тірлік етіп, өзінің шеберлік әнімен, басынан өткен мұңымен кең

халықтың арасына таралып, алты арыс Сүгірдің, таңдаулы қызы екенін танытты.

-Біз сондықтан қалай қиып жібереміз, бұл менің сіздерге айтып отырған бірінші байлауым! Ал екіншісі болса, қыз әкесінен алынған жылқыны, осы отырған Өтейдің өзіне қайтарып, тең етіп, алым-берімнен бір жола «осындай теңдікпен» құтылғанмыз дұрыс! «Ағайын тату болса, ырыс көп» деген халық, сол ырыс молшылық болсы екен!-деп, сөз аяғын қайырды.

-Естіген Алшанда, Шотбайда, қазымыр Қайырмада, билік айтқан Қаныштың асыл сөзіне тоқтап, бір ымыраға келгендей сөз атасына бас ие бастады. Қаныштың айтқанының бәрін ұққан Алмас, Әсет. Аралбайда, қуанып «қыз тағыдырын» алып қалғанға, іштей қуанысып, екі жақты қол алысып, ел тыныштығын бекем еткенін аңғарды. Оңтайлы дүние, еркімен басып, аймақтың бәріне естіле бастады.

Құмайткөл маңындағы ауылдарға тарайды. Қаныш қонақтарды шығарып салысымен Алмас, Әсет, Божан, Жандос бірге үйлеріне оралды. Маралда асыға күтіп, құрбысының қорлыққа кетіп қалама?-деп, алаңдап, үйге симады, терезе алдынан кетпей, Қанышты күтті. Күндіз түс ауа бергенде, қаракүрең мінген жас жігіт, Қаныштың үйін сұрап, кең албарға келіп, атынан түсіп, ішке кіргенде, Марал танып: Мынау аумаған нағашым!-деп құшақтап, қарсы ала бастады, бұрын көрседе, есейіп жігіт болғанын жаңа көріп қуанды.

Анасы Ажаркүлде құшақтап бетінен сүйді. Марал бағылан сойғызып, ас беруге, Қанышты күтті. Кеш оралған Қанышқа Марал таныстырып үлгірді. Жігіт

тамаша болып өскен, сұлу келбетімен жараса түсіп, бірден танысып, «әзілді-қулықпен» сөз айтып үйдегілердің аузын жаптырмады.

Көңілді оралған Қаныш Маралды қасына отырғызып, болған істің үш күнге созылған тартысты айтып, үй ішіне жайып салды. Маралда қуанып: Қандай жақсы болған, Шұға енді өз сүйгенін табады «өте ақылды қыз»-деп, мақтауын асырып жатты.

-Қаныш бірден: Қазір онда Алмасты жіберіп, үйінен асқа алғызсақ қалай қарайсың? Олда өте қуаныш үстінде, бірге болсын, апамдар «қайырлы болсын» айтып, біз құттықтағанмыз дұрыс қой!-деді. Келгенін бәріде жақсы көріп, қуанып қалды.

Алмас топайкөкті кимелі арбаға жегіп, ауылдың шетіндегі Шұғаның үйіне бет түзеді. Көп ұзамай, қызды алып үйге кірді. Сәндібек нағашысының жалғыз баласы, әдейі іздеп келіп, келген бұйым тайын Қанышқа айта бергенде, жарық етіп ай сәулесіндей сұлу кіріп келгенде, жігіт сасқалақтап орнынан атып тұрды.

Бұрын –соңда мұндай сұлуды көрмеген, Сәндібектің есі шықты, жұпыны киінген киімінен ұялды ма, томсырайып үндемей қатып қалды. Байқап қалған Қаныш: Ол өзіміздің қарындасымыз, Маралдың құрбысы Шұға ғой!-деп, күліп жіберді.- Алмаста қарқылдап қоя берді: Шұға қарап, бұл жаңа келген қонақ, Маралдың туған нағашысының баласы Сәндібек!-деп таныстырды. Жігітте көркем жүзімен қыздың, көз қиығына қарап, сұлу ажарын анықтап көріп, қолын беріп, танысты.

-Шұға жүзі құлпыра түсіп, бұрын-соңды бұлай болмаған, асыл қалпын көпшілікке беріп, бетіне қан ойнап, шыға келді! Көңілді қалпы, Қаныш-ағасына қарап: Ағамыз болмағанда, қайтар едік, үзілген махабатымды жалғап, жаңа өмірге келгендей болдым, айым алдымнан туып, басым босап, қауыпты өлімнен қалғаныма, қатты қуанамын «Ағама! Мыңда бір алғысымды жеткізіп, Марал екеуі өмірлік бақыт құшағында болып «ғашық» болып қосылған жандардың жолын тілеймін, менде енді өз бақытымды тауып, сүйгеніммен өмір сүретін боламын!»-деп, гүл-гүл жайнаған, келбеті әсемденіп, жібектей созылған, асыл денесін көпшілікке қаратып, көңілді отырды, жайдарлы бейнесі тағымдарымен жарқырап, ақшыл бетіне түсіп, сұлу ажарын, одан сайын ашқандай болды.

-Сәндібек аулында қыздарға өткір сөйлеп, пысықтық танытып «қалжың» ететін, бүгін момын болып, қызға сөз айталмай, қапыда қалып, ұялды! Марал бірден сезіп: Екеуің енді таныс болдыңдар, бір-бірің мен сөйлесіп отырғандарың дұрыс «әзіл-құрдас» емессіңдер ме?

Ас келгенше көңілді отырып, «танымасты силамас» дегенді қойғандарың дұрыс, көңілдеріңді көтеріп «әзіл сөзге» келгендерің қандай жақсы болар еді, Қаныш сен өзің бастап «алты ауызды» айтшы!»-деді.

Қаныш домбырасын көтере тартып, қоңыр дауысымен ала жөнелді, Марал қосылып шырқап, кен даланың төсіне қарай, тарай бастады, тамаша ән қалықтап, көңілді күйге бөлей берді. Домбыра кезегі Шұғаға да жетті. Шұға өте керемет әнші, ол өзі шығарып,

талай жерде, сол әндерді жастар арасында айтылумен, жаталып мұңды жырлары, көпшілікті жылатып, көзіне жас алдырған.

-Бүгінде оның әнін, Қаныш айтып есіне салды: Сол ән «Мұңайма Құрбым», «Кеттің ба, неге бой түзеп», «Жыладың неге қоштасып», «Жылама анам, ойлаумен мені сағынып», Қош бол елім, қайран жерім, көре алмаспын енді мен» деген әндері, халыққа тарап үлгірді, бас қосқан жерде айтылып, мұңдарын басты, естігендер: Әттеген-ай! –деумен қобалжып барып басылды!

-Әлде соң шырқата түсіп, сыңғырлаған дауысы, бірден бойды билеп ала жөнелді, Сәндібек бұл қыздың өнершіл кереметтігін аңғарып, ішінен ойлап қалай жақындарын білмей әлек болды. -Өзі батылдығына сеніп, қасына жақын барып отырып, әрбір өлеңді әніне, қол соғып, қошемет көрсетумен болды! Сәндібектіңде бір қағары бар, қара жаю емес, алып ұшқан жүрегі, жақын отырып, ең болмаса, қолынан ұстасам екен!-деп, арман үстінде болды, бірақ ән айтудан қашпайтынын Қанышқа айтып сездірді.

- Шұғаның керемет дауысы, мұңды өлеңі, басынан өткен, қиыншылық пен көрген қорлығын, әнмен жеткізіп, үлкендерді жылатты, ауыр күрсініп барып, домбыраны қонақ Сәндібекке ұсынды! Қанышта: Бұл дұрыс болған, қонақтыңда үнін естіп көрелік «жайлауда жүріп, ән айтумен» ысылған болуы керек!-деді.

- Алмаста қостап, менде бір жерде естігенім бар, жайлауға көшкенде жиналған көп жастың арасынан суырлып шығып, Сәндібектің шырқағаны, жаңа есіме түсті, ол өткен жылдың көктемінде, өзен жағасына жаңа

қоныстанған, малшылардың қоңыр үйлерінің бірінде болатын. Қалың жұрт қол шапалақтап, біраз әнді айтқызғаны есімде!-деді. Қаныш қуана түсіп: Марал кел бері тез, нағашың Сәндібек айтқалы жатыр!-деді.

Қолына домбыраны, алып өзінің дауысына домбыра үнін келтіріп, алғаннан соң, шырқай түсіп, назды тамаша үнімен, жұрттың назарын өзіне аударып «дүр сілкіндірді» бойлары нұрға бөленгендей «балқумен» отырды. Сәндібек сол бетімен біраз ән айтып, көпшіліктің көңілінен шықандай болды.

Қаныш Маралға: Сенде кімге тартып, әнші болып жүр екен десем, «нағашың керемет әнші ғой, ауылдан келген артист па? Дерсің, салған әні қандай тамаша, көңілімізді босатып, бойымызды балқытты ғой!-деді. Шұғада: Менде таң қалдым, ер адамдардың ішінен мұндай дауыспен айтатындар өте сирек, жоқтың қасы, мұндай дауыспен алысқа самғайтыны анық, ойын-тойларда ғана емес, далада қалың жұрттың жиналған тобының алдында, айтуға болар еді!-деді таңырқай түсіп.

Көп мақтап жібердіңдер, мендей малшылар көп емес пе? Әнге құмар, олар жазық даланың өңірінде, жайлауда, өзіннен басқа ешкім жоқ мидай далада, қалыптасқан дауыс пен айтылып жүрген ән ғой!-деді. Сондада қалай жақсы еді, бір қалыппен шығып, кең аспанның күлімдеген жұлдыздайы болып, шыға келгенің, мына көпшіліктің назарын бірден қандырдың, бұл асқан шеберлік пен талант жарасқан, ән шырқалды!-деді Қаныш Сәндібектің арқасынан қағып.

- Шұға мн Марал қосылып, ән шырқады, бұл кеш, ұмытылмас кеш болып, қала берді, бір жағы үлкен қуаныш, Қаныштың салмағы басым болып, қыз өмірін ақтап шықты, екіншісі Сәндібектің жақсы ортаға келіп, алғашқы Шұғамен танысқаны, көп іздеген, арманы болғандай, махаббат жолына ауыса бастады, Қанышта сол бағытты қостап, адал көңілін қыз құлағына сездіре білді.

-Қыздың оймақтай көз қарасы, жігіттің үстінде болды. Маралда көп жылдар көрмегесін, Сәндібекті Шұғаға айтқан емес, қандай жігіт болып өсетінін өзіде білмеді, келгенде ғана, бет-бинесінен танып, қуанды. Жігітте сұлу қыздың, ақышыл тартқан саусақтары, кейде отырысып, әзілмен күлгенде, бір-бірімен қолдары тиіп, ыстық тартқан қыз денесі, байқалып қалғандай болады.

- Өрілген қомды шашы, етегіне түсіп, көк қамзелі, тағымдарға толы, мойнындағы ақ мойыншағы, жарық сәуле шашқандай, бет –ажарын сұлуландырып, жігіт жүзіне, ауысқандай бейне тартумен болды! Иегінің үстінде, аппақ бетіне жараса түскен, қара қалы, нүктеленіп барып, көріне түседі! Көзінде бір елес, мөлдір тартып, жігітті бірден, сол шұғыла өзіне икемдей бергендей болды.

-Ол олардың алғашқы «бірін-бірі» ұнатқанның белгісі болып, қалана бастады. Жігіт арманы, іштей кеулеп, қызға «ғашық» болып қалғанын, жүрек соғысынан аңғарды. Қолынан ұстағысы келіп, ретін таба алмай, ойға батты.

- Қыз күлдіріп жігітті сөзге тартып, әңгімеге байыта сөйледі, Алмаста болған жайттың, бетін ашып күлдіріп отырғанды қалады. Қанышта күлімдеп: Біз Алмас екеуміз ойымызда ештеңе жоқ, жылқы тобының жайлымына бара бергенде, қайырып жүрген, бір адамға кезік болдық, оның үстінде тон, тері шалбар, жөн сұрап: Бұл кімнің жылқылары, сен білесің ба?

- Деген сөзге, әлгіден жауап, ала алмадық, Алмас ойнап, сыртынан қамшының үшімен түртіп қалды. Әлгі адам кілт тоқтап: Мен сендердің бақташың емеспін, жайларыңа жүр!-деп, атымен шауып тартып отырды.

-Бізде соңынан қалмадық! Ақбоз атын кілт тоқтаттыда, қарғып жерге түсіп: Сендер қандай еркексіңдер, қызға тиісіп!-деп, үстіндегі тон мен тері шалбарды шешіп тастап, үстінде көйлегі бар, шашы ұзын қыз болып, шыға келді! Біз сасқанымыздан: Еркек адам ғой!-деп, дауыстап айта бердік. -Бақсақ өзіміздің Марал екен, өрісте тоңған соң, киіп алып, еркек затымен сөйлеспеуге бекім болып, ақбоз атымен көсілтіп шауып, қой бағып, жылқыға ие болған, жас кезі болатын!-деді. Сол Марал міне орталарыңда!-деп, қарқылдасып күліп, Шұға мен Маралда ауыз жаппады.

-Мен өзім тоңып жүрсем, соңымнан қалмай, екеуіде жас жігіттер, ол кезде, бір-бірімізді білмейміз, күн қараңғы тартып кешке айналған кез болатын!-деді Марал күлдіріп. Шұға мәз болып: Састырған екенсің!-деді. Аздан соң, табақ тартылып ас берілді, нағашысының келуін қарсы алып, Қаныш пен Марал құрметтеп, Сәндібекке арналып сойылған бағылан еті,

Шұғаның бостандық алуымен байланыстырған «шағын той» ән айтумен жалғасып жатты.

-Кеше ғана Шұға қыздың басына орнаған қара бұлт түйіндеумен, қанды қолдардың қолына түсіп кете жаздады, олар аюшылықты білмеді, жас қыздың өмірі қыл үстінде тұрды!

Оқыс жіберсең олар, талып түсіп, әкетуге дайын тұрды, жиырма шақты қалың қол, қаруланған шоқпар мен сойылдарды бекем етіп, бойларына ұстаған: Қаныш осылардың, түпкілей жауыздығын біліп, отыз шақты қарулы жігіттерді, ауыл-ауылдардан жинап, аңдыспақ жасап, қорғаныста болды, олардан басым болды.

Әйтпейінше, ымыралық келісім, Өтейлер жағын басып отыру үшін, қарсылық қырғынға жібермеудің тәсілін жасады, Қаныш келді деген бетте «айтыс-тартыстың» ұзаққа созылатынын біліп, алдын ала жасалған амал еді! Қыз тағыдырын сақтау керек болды!

-«Мәңгілікке» кетіп қалса, Сүгір әулетіне, басылған таңбадай болып, кетпес уайым-өкінішпен, бітісер еді, сол жағын Қаныш тереңнен ойлап, Алмас, Әсет, Божан, Жарас, Айтан, Аралбайларға тапсырма беріп, тез жиналуды ұйымдастыруға бұйрық еткен.

- Айтыс кезінде «қыз дауы» қызған шақта, шабармандары Өтейдің, басшы болып келген Алшан, Қайыр, Серікбай, Шотбайларына айтып, үлгірген әйтпесе басым ету, қинға соққан болар еді, келген бетте Алшан, Шотбайлар бет қаратпай, ақырған айдахар құсап, жұтуға барды, өздері ғана сөйлеп, аласұрды кем-кетікті жамау етіп, шалын мақтап, жас жігітке теңеп «теңі» деуге дейін барды.

-Сүгірлердің ой маржаны, ойсырап қатал кесімнің, шеңберінен шыға алмады, тек Қаныш келгенен соң, сөз сабасын түйіндеп тастап, бетін қайтара бастады! Тоқтат! Жауыздықтарыңды, ел бүлігін шығаратын сендер емес, осындай сойқан төбелес жанжал шығарып, қорқытып барған жерлеріңде, жас қыздарды, шал қойнына салып, жаман үйренгендерің, бұл жерден өтпейтіндеріңді, есіңе салайын, қай шаңырақта отырғандарыңды ұмытпағаның дұрыс!

-Біздеде қарулы қолсыз емеспіз, нанбасаң Алшан – мырза! Далаға шығып қара, үй түгелімен қоршау үстінде!-деді Қаныш, барған бетте, азуларын басып, айтқан еді. Жарайды! Бәрі осымен бітті! Артта қалды! Енді жаңа өмір, өз тіршілігімен «өзінің сүйген адамымен» бақыттың жолын тауып, серт байласу, қандай тамаша дерсің!

Сол жол қыз үшін өте керек болды! Шұға сол жолды таңдады, ақыл ойыда, өзіне ұнаған жігіттің етегінен, ұстау еді! Сәндібек осында быраз күндер болуға, ниет етті. Қызда болғанын қалап, Маралға сездіріп, жігітке «ғашық» болып қалғанын жеткізіп, сыр ашты.

-Маралда қуанып: Бұл ойың өте дұрыс, олда саған көп көз салумен, ұнатқан қалпын жасап, қалай жақындасудың жолын табалмағандай, ыңғай тартып, іркілумен отыр, мен басқа жан адамға айтпаймын, тек Қанышқа сездірsem, ол екеуіңе тезірек жол тауып, кеңесін береді!-деді. Қыздың алып ұшқан жүрегі, жігіттің сұлу тартқа ажарына қарап, денесін бұрып, ақ білегін, қолына жақындатып, түйістіріп отыра бастады.

Жігітте қарап қалмады, кейде қолтығынан демеп, әңгімеге бұйытты. Қыздың аппақ тістері, көңілді күлкімен, көрініп қалып, бетінен нұры тамғандай, әсемдене түскені, жігіттің қыдығын келтірді. Оныңда ойы, арман тілегіде осы болды, қызды ұнатып «өте қатты сүйетіндігін» сездіргісі келді.

Қорықтың сылаңдаған қызы құсап, қолаң шашындағы шашбауы, дамылсыз сылдыр құсап, көк жиекті орамалымен, бетін сүртіп, самал жел желпігендей, қызу тартқан денесі, бәсеңдеп барып басылып, тамағының түймесін, кеңінен ашып отыра берді. Бәріде әсем жарасқан, қыз келбеті, сұлу рең тартып, жұпар иісімен, маңайды бояғандай болды. Жігітте, көңілді жүзін көрсетіп қалып, ақбілегіне қолы тиіп кеткендей болып, тамаша әсер алғандай, дене бойын суытумен, ынтасы құрып жақындай алмай, абыржумен болды.

-Шағын тойға жиналған Қаныштың достары мен көршілер, үйге толып кетті. Алмас кешті басқарып, қыз бен жігіттерді қатар отырғызып, әннен соң, ұлттық ойынға көшті. Сәндібек Шұғамен қатар отырып, ойынның барысын күтті, Қаныш Маралдың айтқаны бойынша, екеуін осы тойда, жақындастырып айрылмастай «ғашық» жандар құсатып, бір-бірінсіз тұра алмайтындай болғанын қалап, тырысып бақты.

Ойында солар үшін, жасалып екі отырған жастар бірін-бірі аңдысып тұрып кетпеуін қадағалаумен болды. Алмас қолында алтын түзік, сол кімге бұйратынын ешкім білмеді. Сондықтан оны біреудің қолына беріп

«калшөкөп» дегенде бірін-бірі құшақтап тұра алмаса, өлең айтқызады, ұстай алмаған адам, өзі айтады!-деді.

- Сәндібек Шұғаны құшақтап, ойын тәртібімен, жібермеуге тырысты. Жібектей созылған қыз денесін бірінші рет, құшақтауы бойын балқытып, ала жөнелді. Оның ыстық дене қызуы жалынды оттай болып, алып ұшты. Қыздыңда бойы жақын тартып, құшағына кіре берді. Жігіттің арман еткені, қыздың қуантқан мол, дене әсері, бойын шымырлатып, жүрек соғысымен, ыстық жалын тартқан қыздың бойына жабыса түсті. Жігіттің жан-тәні қыздың қызуында болды, шалқыған аспан көгінің, жарық сәулесі, екеуінің үстіне түскендей рай танытып, бойлары босап, балқумен болды.

Жігіт ешқашан, өзінің сүйгенін кездестіре алмай, жолы болып, аңсаған арманының құшағына кіре беріп, сүйгенін жаңа тапқандай болды. Мұндай сұлуды кездестірем депте ойлаған емес, кездескен қыздарға қызықпай, ұнатып сөз айтқанда емес, көбі өздері жүгіріп, сұлу жігіттің мазасын алып, ойын-тойларда дамыл бермейтін.

Енді міне өзі ынтығып бір сұлуды құшақтап жібермеске, ойынның созылуын қалап, қасынан айрылмады. Қыздыңда азда болса, бауыр басқаны, бойынан кетпей, жігіттің белінен ұстаған қолының ақбілегімен жабыса түсіп, қысып ұстап, айрылмады.

- Ойын арасында, жігіт қызға сөз тастап, кетпеун өтінді: Өзім ат арбамен апарып саламын!-деді. Қызда қарсы болмады: Жарайды!-деп, күлімдеп жігітке ажарын беріп, мөлдір көзін бір тастап өтті. Көзінің

мөлдірі сүйген «ғашығым» дегендей рай танытып, сұлу жігіттің белінен қолын алмай ұзақ отырды.

-Бұл алғашқы екі жастың сүйіспеншілік назы еді. Алмас ойынды қыздырып, сақинаны тастап үлгірді, бір кезде «калшакоп» деген сөзін көпшілікке жеткізді. Сәндібек жалма жан, Шұғаны құшағына алып, қысып тұрызбай басып отырды.

Қимылдауға шамасы келмеді, қарулы қолдары ұстап алған жіберер емес. Бойындағы назды, қызулы дененің ыстығын, қыздың бойына, таратқандай болып, Шұға терлеп қоя берді. Қыз арманыда жігіттің баурында болғанын қалап, мойнына орала түсті.

Алмас қасына келіп: Шұға сен тұра алмадың, енді ойынның шарты бойынша, ән айтуыңа тура келеді!- деді. Сәндібек қиналың қырап: Менде жауаптымын, сені алдын -ала құшақтағаным, дұрыс емес, жағалай отырған адамдардың, қолын ұстап, бітіргенше сенің денеңе жабыспауым керек еді, Шұға сен мені кешір, қаталық менен, әйтпесе өзің бірінші тұрып, озып шығатын едің!- деді. -Жоқ! Бұл ойынғой, ойын болған соң, кімде болсада ән айтып барып құтылады емес пе?-деді Шұға, екеуі бірге қосылып, тамаша әнді шырқата жөнелді, көпшілікті риза етіп, бойларын биледі. Ойын бітісімен әнге жол беріп, әркім отырған жұптарымен қосылып айтуға көшті. Ұмытылас кешті тастап, түн ауа тарқай бастады.

-Қаныш ат арбаны дайын етіп, Сәндібекке Шұғаны үйіне жеткізіп салуды тапсырды. Жылқы малынан әптен, ысылып жонда жүріп, жайлымда ән салған Сәндібек, жылқының неше түрлі тарландарын, серік

етіп, түні бойы күзетіп, ысылғандығы байқалып, жылқының құлағында ойнайтұғын –ын бірден аңғартты. Сом денелі, кең жаурынды, алып қолдың нағыз күштісі, осы болды.

Шұғаны есіктен шыға бере көтеріп алып, жұмсақ салынған арбадағы көрпеге отырырғызып, өзі қасында, пожысын қолына алып, Шұғаның айтқан бағытына қарай, тартып ала жөнелді. Үйге жақын, өзеннің жағасындағы аялдамаға барып тоқтады.

Үй саңылауынан шамның жарығы көрініп, анасының алаңдап отырғанын байқады. Қаншама қорқынышты, басынан кешірген анасына алаңдаумен болды. Сәндібек бойын ширата түсіп: Шұға жаным! Біз енді оңашамыз, мен өзіңді қатты сүйдім «ғашықтық» отым басылмай, соққан жүрегім, сен деп өтер деп, ой қорыттым, «өмірлік жарымды жаңа ғана» тапқандай болдым!-деп, құшақтап, оймақтай аузынан еркіндеп сүйіп, бар қызуын қыздың бауырына басып, аймалаумен дамыл таппады. Қыздыңда көптен кездестіре алмаған жары, жолы түсіп, Маралдың арқасында, сұлу жігіттің кезіккені, бақыты ашылып, өмірім қайта оралғаны!-деп, қуанып енді анасына апарып таныстыру еді, олда көп ойлап «қызының өз теңін тауып, сүйгеніне қосылғанын» тілеумен болған-ды.

-Шұға ақбілегімен, жігіттің мойнына орала түсіп, бетіне бетін басып, қызу тартқан жұмсақ ернін қайта ұсынып, сүйісумен болды. От жалындай, қызу тарқан денелері нұр сәулесін шашқандай, айрылмастай құшақтарымен мауқын басқандай болды.

Әлден соң, Сәндібек шешіле сөйлеп: Шұға! Саған айтарым сөзім бар, бірақ теріс түсініп қалма? Мен осында келгенім, үйленіп от басын құрғым келеді, өзіме ұнаған сұлу жанды тауып алып «мәңгілікке» бел байлағым келеді! Сол жанға «ғашық» болып қалдым.

Онсыз мен тұра алмаймын, ендігі өмірім сол адам, ол сен, келешек жарым, осы сөзді айтып, жеткізу маған оңай болған жоқ, келер шешім өзіңде!-деді.

Шұға бірден күліп жіберді де сөз бастап: Менде өзіме лайық, сүйетін адамды іздгенім қаншама жыл дерсің, дұрыс «ақылды-ақылдылығы» келбетіне сай, адам болмаған соң көп жүріп қалдым! Өзіңмен танысып, бірден менде ұнаттым, Марал құрбымда мақтады. Ажарлы сұлу, ақылды жігіт болған соң «ғашықта» болып қалдым, мен айтқан сөзіңе қарсы емеспін «уәдемді» беремін, қазір барып, анамды қуантсақ екен!-деп, сүйіп Сәндібекке еркін жабысып, айналай бастады. Жігіттіңде күткен ой арманы осы болатын.

Қанышта кетерде, белгі беріп: Адал жүрек, ақылды қыздан айрылып қалма!-деп, ескерткен еді. Сол сөзі, есінен кетпей, қызды құшақтап сүйген сайын есіне орала берді.

Жан тәнімен сүйді, бұндай сұлуды кездестірем деп, ойлаған емес, Шұғаның асыл жан екенін, ұққан Сәндібек, енді құшағынан жібермеуге тырысып бақты. Аспандағы жарық жұлдыздай, көріне бастады, қаншама еркіндеп сүйседе, жігіт бойының сағынышы тоқтамады, алып ұшқан құстың қанатындай, қуанышты көңілін аспандатып, жібергендей болды. Сол сенімді, қыз сыры, сарқылмас нұр болып, бағыттаумен болды. Сырластық

мұнда айтылып, қосылуға сөз бергені, жігіттің өлшемсіз бақытына жол ашқандай болды.

Атпен оралып, аулаға кіре берді. Кимелі арбаның тоқтағанын біліп, анасы жүгіре шығып: Шұға-жан сенбісің!-деп, екі жастың алдына келе түсті. Қол ұстасқан жігітті көрсетіп: Апа! Танысыңыз, бұл менің «мәңгілікке» іздеген адамым, бүгін келіп оралды, өмірлікке оралды!-деді. Анасы қолын жайып: Қос құлыным!-деп, құшақтап екеуінде беттерінен сүйіп, қуанды. Сол бір кеште, анасының алдында ұлықсатын алып, үйге оралды. Қаныш пен Маралда қуанышында шек болмады, сүйген жүрек осылайша табысты.

- Қаныш қос ат жеккізіп, кимелі арбамен қызды ұзатуға, Маралды алып, Шұғаның үйіне ат тіреді. Келмеген халық жоқ, бәріде осында, Шұға тездетіп киініп шығып, басына камшат бөркін киіп, Қызыл көйлегімен желеткесі бойына жарасып, қолаң шашың алдына жіберіп, сұлу жүзін аша түсіп, қолтықтасып Сәндібекпен жұрт алдына шыға келді, бірден «Қоштасу» әнімен қосылып шырқап, бүкіл жұрттың қолын алып, мұңды өлеңін жеткізе білді.

- Қөзіне жас алған халық, түгелдей қамығып, бірге жыласты.«Ғашық» болып қосылған Сәндібек пен Шұғаны «қимастықпен қоштасып» алыс жолға шығарып салды. Малике «өзін қоярға» жер таппай жылаумен, үйінің маңында қала берді, ана жүрегі елжіреп Шұғасынан айрылған «ботадай боздаған» әні есінен кетпестей болып, налыған бойы даланы кезіп жүріп кетті....

-Қоңырат Дүзбайдан алыс емес, қыр астындағы Күрке бұлақтың етегіндегі ауыл, Уақтардың қоныс тепкен, қоңыр үйлері өзен бойына, қаптап тігілген, олар жазда жайлымға бүкіл малдарын шығарып, күздің қара суығына дейін, осында болатын.

Ауыл іргесінде қыраңға қойдың желі тартылып, қосақтап қой сауып, жершақ басына сүт пісіріп, ірімшік жасап, көже ұйытатын. Қара қазанның оты сөнбей, бүкіл қыз-келіншектер соның басында, ас пісіріп, құртта қайнатып, қыстық азығын, дайындаумен жүретін.

Биеде сауып, қымызды піспекке құйып, пісіп отырып, сазына келтіріп, шөлдемекке ішіп, көңілі жайланатын. Жайдымдағы жылқыда жел бағытымен «бүгелектеп» тұрмай, асулар асып кетуді дағыды қылған. Сол жылқылар, кетіп отырып жылқышының көзінен ғайып болған. Жылқышы Мұқат іздемеген жері жоқ, бір айғырдың үйірінен айырлып қалып, жағалай шапты, бірақ еш жерде ізіде қалмаған.

- Мұқат енді не істемек? Бай Сонардың жылқысы, нақ жоғалса несімен төлемек, Мұхаттың бар болғаны бұзаулы сиыры, өзен бойындағы қоңыр үйі, күн суытса жыртықтан саулаған суық жел, түні бойына тоңдырып, мазаңды кетіреді.

Бұл хабар Қанышқада жетті, екі жақты дау жанжал тағыда дуылдап, бүкіл ел маңайын алып кетті. Жылқы болғанда, бір-екеу емес, түгел бір айғырдың үйірі, кім алды?

-Мүмкін әккі адамадардың қолынан келген болуы керек!-деп, болжам айтушылар көбейе түсті. Елді дүрліктірген, оқыс оқиға Қанышты ойлантты. Шиектей

бала-шаға Мұқат үшін қиын болды, қайтседе табу, үлкен үмітпен құлағы жастыққа тимей, жатпады астында күрең айғыры бар, Қоға бойына тартты. Қаныштыңда болжамы сол болды, адам баласы аяқ баспаған, кең арнаның түбін жыл сайын көктем суы шайып, терең алқап жасап, жағалай өскен ағаштар көрсетпей қоршап, нағыз қаға беріс болып келген.

Оны айтушылар көбі біле бермей, сол аймаққа малын жаймай, қауыптеніп жүретін. Қаныш ол жерді, аң аулағанда, байқап өтіп, көз салған, содан бері ұмытылып жүретін. Бүгін қиналған Мұхатпен кездесіп, Қаныш қасына адам қосып, барып қайтуды тапсырды!

Сол бетімен тіке жолмен төтесінен тартты, жақын келе бергенде, астындағы айғыры кілт тоқтап, тебініп тұрып алды! Мұқат атынан секіріп түсіп, жерге көз салғанда, жылқының жас қиы мен топ айдаған жылқының тұяғының қазып кеткен іздері, бірден көзіне түсті.

-Бұл Шалабай ұрының ісі!-деп болжам жасап, аңғарға кіре берді. Айтқанындай сол екен, топ жылқы, Қоғалы табанда, үйісіп, көк құрақты жеп, жайлым еткен. Мұқат жылқыларын бірден танып, түгелдей айдап, жер бетіне шығарды, әрі түгел сол қалпы, айдап отырып, жайлымнан бірақ шықты. Жылқы үйірі табылды деп, жеткізді.

-Қаныш бастаған топ, ауылдағы Уақ пен Қыбышақ арасындағы жанжалды тоқтатып, айыпты кім екенін, жайып салды. Опасыз қылығын көпшілік бетіне басып, Шалабайды Қаныш масқаралап, елдің енді бетін көрмеуге, ауылдан шығарып, басқа жерге көшіріп

тастады. Қаныш кимелі арбасына қос ат жеккізіп, Алмас екеуі қаладан бірақ шықты, жолай ауылдарды басып, қоңыр үйлерді артқа тастады.

-Қаныш біден, кітапханаға келіп бас тіреді, Досы сондағы билікті өзі басқаруға алғандығын Қаныш білетін. Николаев қуана қарсы алып, кітапхана ішіндегі өз бөлмесіне шақырды. Әңгіме ұзаққа созылды. Болған оқиғаларды жайып салып, Қаныш ел тұрмысын сөз етті!- Билік басындағы болыс сымақтарды әшкерлеп, халыққа көрсетіп отырған қысымын жасырмады! Николаев барлығын тыңдап отырып: Қазақ сахарасында, әліде ерімеген тоң жатыр, оларды жылытып ерітер саңылау жоқ, бәріде қара түнек, бұлт басқан, аспан әлемінің құжырында қалып отыр! Болыс билеген, патша заманы, азып тозған, ескі лашық құсап, жамаумен ілігіп, қара халықтың дымын өш қылып, сарыала сипатын беріп, кең сахараны тарылтып, отырғаны сөзсіз.

- Олар қашанғы бұлай етпек, Қаныш сен, сол халықтың, тұңғыш «жұлдызы» соңыңнан халқыңды ертіп, бастаушыда сенсің, сенің оған білімің жетеді, Чернышевскийдің кітабын оқып, революциялық жолын таңдағаның өте құптарлық!

-Ол ақыл ойдың орыс ғалымы «Ұшқыннан от қаулайды» деген асыл сөзді, месе тұтып, халықтың санасына ой салғанда, соның өзі. Сенді сондай талпыныс бар, соны сөндіріп алма, ол алыстан көріңген май шам құсап, терзеден түскен бір жарық сәуле құсап, елес береді. -Ұйқыдағы халқыңды оятып, сол елеске апарар кім, сенен басқа адам жоқ! Сондықтан оқып ізденуді

керек етеді, тағыда саған кітаптар жинап, оқығаныңды қалап, жас буындарға: Оқы! Оқы! Дер едім! Орысша оқы, сондағана білерсің, сол оқығанын таратып, көпшіліктің санасына жеткізген болар еді!

- Сонда ғана сенің соңыңнан, қаншамасы еріп, қолдайтын болады! Ол үшін оларды жинап, алдарына мақсат етіп, білімге деген құштарлығын арттырып, алдымен хат таныту болса, артынан өздері кітап оқуына еліктеуі мүмкін, сол себепті әріпті үйретіп, санасын ашқан өте дұрыс болған болар еді!-деді.

-Қанышта: Бұл айтқаның өте орынды, сондай талап қойып, ұйымдастыра білген ұтады, деген емес пе?-деді. Арпалыс күш тиылмай тұрды. Азған заманның айбарлы күші, әліде мықтылықты көрсетіп, қалың кедейдің, өмір бойы жаман лашықта күнін көріп, солардың малын бағып, шаруасын істеп, алатын түгіде жоқ, «кепкен қарын, келсап болып»тоқыметтің азабын көруде, әрбір күн сайын Қаныш араласып, әділікті айтып, опасыз қылықтарын көзіне айтып, жынын басып отырды.

Болған әңгіме досының арасында осылай өрбіді. Шындықты айтып, болған істі досына жеткізіп, құлағына құйды. Мен көрген бұл дана халық, өзінің мұңын, жоқтауын домбырамен жеткізіп, әнмен жыр етіп, заман бейнесін бүкіл жұртқа таратып, келген!

-Сол заманды әшкерлеп, әлем барысына сөз етіп, отыруы қандай? Кейін ән мағнасына түсініп, санасына ой салғандай болып, серпіліс болатыны сөзсіз, тек уақыт керек, бастаушы өзің сыяқты адам керек! Әйтпесе Қаныш сен өзің бастамасаң, адасқан халық қайда

барарын білмей, тоқырап қалуыда ғажап емес!-деді Николаев. Қаныш әр кез сайын, Аққыздың тағыдырын ойлаумен, кейістікпен ойына алатын, сол өкінішпен Толысбекте өмірден өтті.

-Николаев қынжылып Қаныштың айтқан сөзін тыңдап, мұңды жағыдайдың, қалыптасып жас қыздардың шалға құрбан болуы, жасап отырған әкім құмарлардың, аюандық ісі!-деп бағалады.

Олар өз теңіне қосыла алмай, әкесінен үлкен шалға баруы, қалың малдың беріп тастаған құнын іздеп, боларда болмай, еріксіз әкетуі әккіге айналғанын қынжыла айтып Қаныш, досының көңіліне мазасыз ой салды. Шұға дауыда, бірнеше күн етек алып, жас қыз, енді болмаса өзін құрбан етуге дайын тұрды.

Николаев өз сөзінде: Бұл қандай ерлік, өз бағыты үшін күресе біліп, әнмен өзінің мұңын халыққа білдіріп, қорғаныш іздегені өте құптарлық, әйтпесе, шал қойнына кете барар еді! Қаныш сен болмағанда, айтысып қалың төнген бұлтты, таратпағанда не болмақ, әрине батылдық, халқың үшін күресе білген ержүрек!-деп, бағалар едім.

- Толысбек елдің қайратты, батыл адамы, Аққызбен қаншама, ауыр арпалысты басынан өткізіп, зорлықпен әкетуі, уайымға батып, сүйгенінің жолында, өзін құрбан етті. Қаныштың өкінішіде, Аққызға қол үшін бере алмай, қапыда қалғанын есінен шығармады.- Бұл әңгіме Николаев Қаныштың ойынан кетпестей, кең алыпқа апарып, кеңінен соғады. Осының бәрін Қаныш ойына тоқып, нағыз білгір, кең шалымды Николаев екенін

аңғарды, оның ұстамды бағыты, қазақ жеріне ұшқын сәуле шашқандай, адымды ойларымен бөлісті.

Бұл бір түкпір, кең ауқымды, зындан сыяқты, сол зынданнан айдаһар құсап, басын көрсетіп, кең жазықтың алыбын өзіне жұтқандай әсер қалдырып, «зынданның көрінен» қыздардың өмірін жалмап, әкетіп жатқандай болады! Қайтып келмес қара дөңес, қазымыр заман, толқумен ұшқынды өшіріп, мәңгілікке, қара түтін қаптатып, халықты бұқтырғысы келеді!

-Қаныш осыларды оймен арпалысқа батыл барып, шалып өтіп, тоқтатуға әрекет жасап, соңына ерген ауыл жастарын жұмылдыра білді, Николаевта: Осылай істегенің дұрыс, халық сеніміне кірсең, олар әр қашанда, сенің жағыңда болады, қандай заман туа қалсада, өзіңмен бірге!-деді.

-Осымен болған, «қыз дауы» толасыз өмірдің ерікті шайқасы, олар өзінің бақыты үшін күресе білді, тебінгідей теріс ұғым оларда болған емес, тек өздерін, қанды қолдан қорғаныш жасады, аянышпен өмірден кетті. Қаныш досымен біраз отырып, келеңсіз жайларды айтып, әңгімеге ұйытты!

- Сағым тартқан кең алқап сыяқты, күмбез аспанның жылуы бойларын жылытып, ауладан шығып, досымен көше бойын өрлеп, шеттегі көп ағаштың ауласына кіре берді.

- Николаев өзі естіген: Россия жеріндегі, Петербургтегі қанды шайқастың тоқтамай, дамлсыз болған көтеріліс жайын әңгіме етті. Жазықсыз адамдардың қырылуы, патша жандарымдарына қарсы тұрып, сойқын екі жақты төбелестің, аяқсыз болғанын

сөзге тиек етті, ауыр күрсініп барып, отыра кетті! -Самал желдің толқынды ауасы, бойларын басып, жұпар иісіне бөленіп, бақ ішінде біраз отырды. Қаныш сөз бастап: Мен орыс халқына сенемін, ол ер жүрек, қорықпайтын халық, білгір бойына біткен жалынды ұшқынды, сөндірмей қаншама жылдар бойы, патшаға қарсы шығып, құлатуға биім етіп, жарық сәулесі бар кең заманның жолын іздеп, аянар емес!

Бізде сол жолды таңдауымыз керек, жалынды оты бар, бойында қуаты бар жас жігіттерді қалыптастырсақ, оларда соңымыздан еретін болады, тек шындықтың бетін ашып, болашақ заманның тең правалы «ұл-қыздарына» арнап ұран етпекпіз!-деді Қаныш.

Николаев: Сен көркем сөздің атасы боласың, әрбір сөзің, мағанда ой салғандай, жігерлендіре түседі, міне оқығандығың білініп тұр, бірақ мұнымен шектелме, орыс ғалымдарын көп оқы, олар ой салып, өзіңді білімді етеді, сол білімнің жастарға таралса өте құп, қараңғыны серпіп тастап, «сәулелі жолға»шығатын болады!-деді.

Сол бетімен кітапхана үйіне қайта оралды! Енді жол жүрмек, кітапты жетерлік етіп берді, досы аянбады «қоштасып» қала берді. Алмас, Әсет, Божан, Жандос, Қанышты ортаға алып, қос атпен ауылға жол тартты.

-Даңғыл жол, кимелі арбаны алып ұшып, адымды басқан аяқтары, тас жолға сатырлап, қопара басып, артынан бұрқыраған шаң, арба жүрісіне ере алмай, жол бойын жапқандай, қоңыр түнек көтеріліп барып, басылғандай! Жол шетінен басталған кең даланың қалың шөбі, жайқала соғып, жел бағытымен толқып барып, сағыммен жалғасқандай болады. -Аспандағы

құстарда талды аймақтардың үстімен ұшып, қаздардың қатар тіреген саптарын көріп, елең етесің! Шалқыған Шалқар өзеннің бір саласы, күмістей су беті жарқрап, алыстан көзіңді алып, көк жиекке қарай ұзара созылып, құстың келіп, қонып жатқанын байқап қаласың! Аппақ шағалада осы өзен бойына мекен еткендей көбейе түскен.

-Бұталы ағаштар ирім болып, дөңес бойын алып жатқанға ұқсайды. Дала төсінің тамаша табиғаты, көрікті қалпын сақтап, әлемге паш еткендей, есіңді ала береді. Күнде жадырап, жасыл аймақты құрап, кең жазыққа ұласқан, асқар таудай болып біткен қыраттарда, серпіліп қалың ағаштармен сая тұтқан.

-Бөктерінде гүл жайнаған жазық бар, дала гүлімен әсемденіп, аймақты алып жатыр, Қаныш қызыға қарап: Алмасқа жоғалған жылқының, Қоғалы бұлақтың жолы осы ма?-деп сұрады. Алмас: Дәл осы жол, сонау жоңғарлы жотаның түбінен өтіп, аңғарға кіре бересің!-деді. Қалай пәле атақты ұры Шалабай, адамның аяғы баспаған алаңды тауып алып, ісін асырып отырған, бұл бір ғана емес, қаншама жылдар бойы, жұрттың қойы мен сиырына дейін жоқ қылып, ұрлығын асырып, қулығын жасырып отырған, бірақта қулығы түкке аспай, ақыры ұсталып, елінен безіп қуғынға түсіп, бел асты!-деді Қаныш.

-Әсетте: Оған сол керек «опасыздық оңбайды»-деген, халық сөзі, бұданда қырағы болғанын қалады. Қаныш сол жүріспен күн батып, ал-қызыл сәуле шашқан, күннің нұры, аспанды бойлап жарық қылған

кезінде ауылға оралып, үй маңына жақындай түсті, Қаныштың қаладан оралған кезі болатын.

-Николаев досының әрбір сөзі, жүрегінде жатталып, алған әсері, өте керемет өмірдің, жаңа ашылған есігі сыяқты, кіруге бағыт ұстап, айқын жолды таңдады. Күзде келіп, дала жүзі сарғылт тартып, кең аймақты басып, жайлымнан асып, құратып тастады. Сеңбіл тартқан қалың шөпте, көгі кетіп, солумен бітті.

-Қос мекенді қалың тоғайда, сары түске боялып, Қоңырат қыратын түгелдей, жауып үлгірген. Сағымда тоқтап, жазғы алқаппен қоштасқалы қашан. Бар дүние жер бетінде көшкен қаңбаққа айналып, сабылтып барып, ой-жыраға тығылып бүріскен. Дауыл тұрып сар даланың құмын шаң қылып, құйындай боратумен, аймақтың бәрін өзіне табындырып, дала келбетін өшіріп, сөндірді.

-Суықта бір жағынан, ыққан малда пана іздеп, босумен болды. Керемет табиғаттың бұл құбылысы, алмасып жатты. Ешкімгеде опа бермей, дала түзі түгелдей өзгеріп сала берді. Бұл суықтың райын көтере алмай, малшылар лашығынтастап, үйлеріне пана іздеумен, өгіз арбаға артынып, күн сайын керуен көші құсап, ауылға орала бастады. Арты қарға ұшқындап, дамылсыз жауып, жер бетін, жауып үлгірді. Қылышын сүйреткен қыста келіп жетті.

- Суықта саябір тартып, басыла бастады, желде тынып, бүкіл аймақ жаңа ғана, тыныш алғандай, шаруа басы қалыпқа келе бастады. Аңшылар Сонау Құмтастан бастап, Шайынды, Сабынды, Шалғын, Қарақамыс, арғы

беті Шүмектіге дейін сүзіп шығып, Шайындыға бас тіреді.

-Бұл аймақта қаптаған қоянның ізінен бастап, дала қасқырның қаптаған ізі, тапталып барып, жотаның үстімен, дөңеске келіп, қалың бұта ағаштың арасына кіріп, жоқ болған.

-Өңірге қар қалыңда түсіп, ат жүрісін біршама қиындатып тастаған, бірақ аңшылардың аттары күйлі, қарды боратып, жол қиындығын, мәнсем еткісі келмейді, тұлпардың тұяғы құсап, алып ұшып жасымады, аңшыларға керегіде сол еді. Күрең тартқан боз тұман, шатқал үстінен кетер емес, көрністе шамалы, тұманнан ештеңе байқалмады.

-Әлден соң жел тұрып, көшіріп батысқа ала жөнелді, шайдай ашылған күн райы, қалыпқа келіп, жотаның үсті көріне бастады. Бұл аңшылар үшін қолайлы сәт, болып бекіді. Шыңғыс бастаған топ, қос орнатып, үстіне қалың кигіз төсеп жылытты, өздеріне пана етіп, құстарын баптап отыруға, көп түлкіні алмаққа көшті.

Баптауын бітіре салып, Санжар ат үстінде қолына қондырған бүркіті, қызыл көзінің қарасы, қанықан түлкіні көре салып, қолынан «лып» етіп шығып, барып түйіле құлап, түлкінің арқасына аюлы тырнағын батыра түсіп, денесін қусыра бүріп, тұмсығымен басынан шұқып, қан етіп, бірден жерге құлатты, жосадай қан, қар бетін алып кетіп түлкі қансырап барып жан тапсырды.

Бүркіттің кереметтігі жаңа басталды!-десті. Ол кезде Қаныш пен Алмас, бұларға Әсет тайлы бурылмен қосылды, олар етекті сүзіп, шатқал бигіне көтеріле бергенде, Шыңғыстың көк қаршығасы, ұшып, қос

қанатымен, кезекпен соғып, түлкінің екеуін бірден құлатты! Қаныш көзін айырмай: Әне сабазың! Кереметтігін көрсетті! Көк қаршыға, дауылды қанатымен, құлатқаны, недеген күш дерсің!

Нағыз жігіттің төресі Шыңғыс, өзінің кереметтігін, бірден байқатты! Құс асырап, күтіп баптау, қоңын түсірмей, батылдық танытқан құс, бүгінде құстың патшасы емес пе?!

-Жарайсың жігітім! Бәріде осындай Шыңғыс құсап, өз ауылының, өз жерінің ит-құстан малын қорғап, қамқоршы болу, екінің қолынан келе бермейді, ой сана, шеберлік керек, сонда ғана бүркітші бола алады, ол қасиет Шыңғыстың бойында бар екенін білдік!-деді Қаныш.

Қос басында екі бүркітші күйбеңдеп, дамыл таппай, құсын баптаумен болды, олар Жолан, Санжар еді! Екеуінің арасында таусылмас жанжал, айтысып бітісе алмайтын, бір мұң жатты. Құбағайлы сөзгеде тоқтап, силастық дегенді білген емес. Жанжал десе жанып түсетін Жоланның кейпі, құлақ ұрды, мен қайтпаймынның нағыз өзі. Сөз тыңдап, ақыл ойдың атасын білмейтін екі қасқа, кең далаға симай, Шыңғыстан жасырынып, жота бойына барып, қайтып келіп жүрді.

-Қаныш бұлардың түрін сөз әлпетінен бірақ сезді. Екеуін оңаша ұстап, қосқа кірізіп алып, не болғанын білмек еді. Қаныш екеуін қатар отырғызып: Сендерге не болды, алынбаған аңды бөлісе алмай жүрсіңдер ма? Әйтпесе не? Айтыңдар мен арадағы болған жанжалды

білгім келеді, ушығып төбелеске барасыңдар, Кәне! Жолан сен үлкен адамсың, баста өзің!-деді.

Жолан басын көтеріп: Біз бұрын жайлауда жылқыда болып, бірге кезекпен бағып жүргенде, кенеттен оншақты бие жоғалып, таптыртай кетті! Сол жылқыларды сен таныстарыңа шығарып бердің, сенің кезегіңде болған іс!-деп, менің соңымнан қалмады, артынан орнына тай мен құлын салып, әрең құтылғанмыз бар!

Сол болған істі менен көріп, осы уақытқа дейін Санжар тыныштық берер емес. Мен істесем, орнына жылқы төлемес ем!-деді. Санжар қатулы сөз тастап: Жоланды іздеп, ылғида бөтен адамдар, атпен шапқылап, ерсіл-қарсыл, жылқының жайлымынан шықпайтын болып алды, қалай жылқы жоғалды, оларда кескілескен шабысын, тік тоқтатты! Сонда қалай болғаны, өзімде ойласам таңғалам!-деді Санжар. Қаныш тыңдап алды да: Жолан мырза!

Шындығыңызды айтыңыз, танымайтын адамдар, сені іздеп жайлауға келеді, неге үйіңе келіп жолықайды, соны айтыңызшы? Меніңде білгім келеді! Екінші бір жағы, жылқы тобымен жоғалысымен, әлгілердің біреуіде, сенің қараңды көрмей, жайлаудан жоқ болды?!

Айт шындығыңды біз тек үшеуміз ғана білеміз, айтпатын болсаң бүкіл халықтың алдында, айтқызатын боламын!-деді. Біраз қипақтап ой үстінде отырды да: Жарайды онда бірақ арадағы жағыдайды ешкім білмесін, ертең кетіп, сол жылқыларды жасырған көрші ауылдың, ауласынан айдап әкеліп табынға қосамын,

Санжар барып өзінің, тай жабағыларын алып кетеді!-деді.

Сол жерде олар қол алысып, шаруаны пісіріп, Қаныш екеуін жолға аттандырып, құсбегін уақытша сенімді адамдарға тапсырып, бірге жота бойына жүріп кетті. Мақтаулы Санжардың құсын, Қаныш қашқан түлкіні көрсетіп, соңынан салды.

Шүйліккен қалпы, үстіне барып ағылып, түсе бергенде, түлкі құйрығын жылмаң еткізіп, талды бұтаның арасында жоқ болды. Санжардың құсы, қанатын майыстыра жаздап, тік көтеріліп, шырмауықтан аман қалды, ызалық кейпімен дөңеске өрлеп, тасқа барып қонды.

Қанаты ауырды ма, қайта-қайта қағумен бауырына тартып, аяғын шұқылаумен біраз отырды. Қаныштарда жарыса түсіп, кілт тоқтады, бүркіттің ыңғайсыз отырған түрін көріп, шошып кетті. Қасындағы иесін шақырып алып, Қаныш: Бұдан енді ештеңе шығатын емес, қолыңа қондырып, қосқа апарып, баптағаның дұрыс, тамағында тойғыза бергенің жақсы!-деді.

-Алмаста : Бұл ыңғайсыз болда-ау, құсының баптауы келіспеген сыяқты!-деді. Қаныш олардың арасындағы жанжал-дауды тіс жарып, ешкімге айтқан жоқ еді, Алмастың өзінеде сездіргісі келмеді. Шыңғыста аң-таң не болғанын білмеді.

-Қаныш топайкөгімен, шауып отырып, бұта біткенді орап, түлкінің тығылған жеріне аялдап, Алмас екеуі, Шыңғыс атымен келгенше, сүзіп шығуға бет алды. Ат тұяғы сарт-сұрт етумен, талды қирата соғып, дүбірлете бастады.

-Ойлары Жоланның қаршығасын сынау еді. Тағыда тал түбінен біреу емес, екеу болып, қалың қардың үстімен, аттылардан тайсақтап, жонға салды, олардың қарасы түлкінің нақ ірісі болатын. Мықты кернеу кезіккендей болды.

-Сай жыраға жеткізбей, дымын құртпаса, түлкі тағыда жол тауып, тасаға тығылып жалт беруі ғажап емес. Алмас соны білдіде, шауып отырып, Жоланның қаршығасын қолына ұстаған адамға: Тез ұшыр!-деп, айғай салды. Қаршыға бұлқына ұшып, зымыраумен қанатын баурына жапсыра түсіп, беліне барып топ етті, бүркіт бірден аюдай тұяғын батырып жіберіп, шабысын кілт тоқтатып, ұзын тұмсығымен тамағын орып жіберді, қан сау етіп, қалпақтай ұшып түсті.

-Қаныш шауып отырып үстінен шықты. Key!Key! леп Алмас қолына қондырып, тағыда бағыттап, қолын көтеріп ырғып тастады. Тағыда ұшты, қалықтап ұшты, соңынан барғанша түлкі, сайдың қабағына жасырынып, үлгірді.

-Қаршыға аспанға биіктеп, айналып ұшып, түлкінің жолын кесумен болды, бірақ түлкі ілікпей, айласын жасырды. Қаныш: Қиналмаңдар қайда кетеді дейсің, құр емес біреуін алдыңдар ғой!-деді. Алмас қанжығасына байлап, Қанышқа еріп қос басына келе берді. Шыңғыста бақылап, көзін алмай, Жоланның құсының ұшқырлығын байқады, тек баптау кемістік қылатынын жеткізді.

-Қанышта қолымен ұстап, қондылығын көріп, қанатының адымдығын байқады, құстың арықтығын айтып, баптауын Шыңғысқа тапсырып, Енді

жіберсеңдер әлсіздік көрсетіп, түлкі табанға салып, қанатын қиратып быт-шыт қылуы әптен, сондықтан сақ болғандарың дұрыс, құр қауыртпалықпен, аңды алалмайсыңдар!-деп, ескертіп өтті. Бұл Шыңғысқа бұйрық сыяқты бекіді.

-Олар Алмас екеуі, кеш оралды. Қас қарайып, қысқа күнде тез түн жамылып, айнала жым-жырт, желіп отырып, бұрқыратып қалың қармен жолға шыға бергенде, жота бойында «уылдаған» қасқырдың ұйысқан тобының үні, кең даланы алып кетті. Қолдарында қаруы жоқ, тездетіп ауылға бет түзеді, түн жүру өте қауыпты екен!-деп Қаныш ой қорытып, үйіне оралды. Ертеңіне Әсет, Божан Жандос, Қанышпен бірге, аттарына мініп, дөңес басына өрледі. Шұғыл тартқан күн райыда, қытымыр аязымен жалғаса түсті. Ол аңшылар үшін, шайдай ашылған, жарық сәуленің келетіне қанығып, ысылғанға ұқсайды.

Жолан құсын қолына ұстап, аспан бигіне, ұмтылыс жасай бергенін бақылап, қарағанша «жылт» етіп, аспаннан бірақ шықты. Мені көр дегендей, қалықтап ұшып жерге түспеді. Ол кезде, қос түлкі інінің аузында тұр еді, түлкі болғанда қандай, ең ірісі, терісінің өзі, екі тымақтық орап алғанға ұқсайды.

Бірақ түлкінің айласы, аспандағы қаршығаны, жерде тұрып, арбап-алдағандай ныс көрсетеді, ол түлкінің кереметтігі, денесінің орнына, құйрығын беріп, жасырынғандай болады. Қаныш бой тасаламай, сол алаңда, түлкінің шыққанын бақылап, Жоланға ескертіп, бүркітіне көз қыла бастады. Бір кезде құйындай болып,

ағылып өтіп, ін аузынан шыға берген түлкінің үстіне күмп етті.

-Жанталас қимыл, түлкіде болар емес, қанатына жабысып, тістеген бойы, жұлқынып барып, тұяғынан шыға берді, тағыда құтылып кетті, ініне кіріп, шықпай қойды. Қаршыға шыдамы біткендей, әлсіз күйі, өрмелеп барып, қыраңға қона кетті. Жоланда апыл-құпыл, сасып бүркітінің шауып жанынан шықты.

-Ендігі ойы қолына қондырып, баптамай ұшырмауға бекінді. Қаныштарда қарап, көздерін алмастан, қыран құстың, сылбырын бірден байқап, Жоланға жеткізді.

Шыңғыс жоғарыдан айғай салып, қазір бүркітінің ұшатынын ескертіп, шатқал етегін, бөгеуді тасырып, қос түлкінің артынан салды, ол кезде інінен шығып, жота бойымен, жазыққа қарай беттеген еді. Құйын боп ұшқан дауылды желдің бар күшін өзіне тартып, қанатына толтырып, барған бетте, қылыштың қырындай, алмас өткір, қанатының қырымен періп өтіп, домалатып екеуінде үлгірді.

-Тас қыраңға соғылумен қансырап, табанда кетіп, жан тапсырды. Қаныш алыстан бақылап, қыранның кереметтігін айтып, мақтау етті. Бұл бір емес, екінші аңмен соғысы, найзағайдың оғындай болып, алып түскенін, бәріде көзімен көрді. -Шыңғыс олжасымен, қосына оралып, қыран құсын жемдеуге бағыт ұстап, қос ішіне кіре берді. Қаныш Шыңғыстың арқасынан қағып: Жарайсың жігітім! Бір алғанда екі рет алдың!

Бұл сенің кереметтігің, бабын келтіріп баптап, мезгілімен тамағын тойғыза беріп, қоңын түсірмеуің,

қыранның әр қашан артықшылығы осында, қас жауын басым еткендігінде!-деді. Бұл сөз Шыңғысқа берген баға мен жауапкершілік артумен болды, осыны түсінген Шыңғыс өзінің қайраттылығымен, ақыл-ой санасына, жеңдіріп қарамағындағы Жолан мен Саржанды құсқырандарын дұрыс баптауға үйрете бастады.

Оның әрбір сөзі бұларға бұйрық болып орнады. Жолан тез баптап тағыда дайын тұрды, оның құсбегі, өте шапшаң мақтаулы. Қаныш дайын еткен құсын Жоланның ырқына жібермей, бүркітін ұшыруды қалап, өздерімен бірге Шыңғыста бар, соңынан ере түсті, бір сәтте бабына келтіріп баптаған құстың ұшқанын көру еді.

-Осыны тағы бір сынайық. Күнде тез қысқарып, қараңғылық дайын тұрды. Құс айқын көру керек, әйтпесе қарайған бұта болып, жансыз нәрсеге жолығуы сөзсіз. Қаныш ойнап, қамшысының үшімен Алмасты түртіп қалып: Сен неге алдыға түспедің, мынау екі бүркітшің, артта қалып асығар емес, қаршыға ұшқалы біраз болды, Жолан шауып неге алдынан шықпайды!-деді.

-Құста біліп алған асығар емес, шапқан тұлкіге шапшаңдық керек, әйтпесе кеш қалады, тұлкі күш алып, тағы бірдеңені ойластыруы мүмкін!-деді Қаныш сөзін жалғастырып, Алмасқа айтып ұғындрды. Алмас салған жерден: Мен бұларға не істеймін, Шыңғысқа айтып, көрейін!-деп, шауып отырып, алдағы кетіп бара жатқан Шыңғыстың көкқасқасының алдына көлденеңдеп, тұра қалды. Шыңғыста түсініп, жай емес екенін біліп, кілт тоқтады!

- Мынау екеуін қайдан таптың, асығар емес, аңшы деген құсбегінің жанынан қалмаушы еді, қосарласып күш бергендей, жанында болса, кереметтігін құсының сонда білер еді, саябір соққан салмезек құсап, салпыып жүр!-деді. Бұл сөз шынайына батқандай болды.

Қабағы түйіліп, кең жаурынды қарулы жігіт, айтқанға көмесе, атынан аудрып алып, жонға тастап кетуге бар, бірақ олай істеуге ниеті бармады. Жолан бір мезетте, керісін тебініп, ұйтқытып ала жөнелді, құсының алдынан шығып, түлкінің бағытын бөгегендей болды.

Құс еркіндеп, қос аяғындағы аю тырнақты найзаның үшіндей ғып ұзартып, арқасына барып топ етті, әлден соң денесін бүріп тастап, орнында құлатты, тұмсығын кезектеп дамыл таппай, қанын ағызып, саудасын бітірді. Жолан тез қимылдап, құсын қолына қондырып, олжасымен, қосқа оралды. Осымен олар, оншақты түлкі алып, үлгірді. Қанышта көңілденіп: Баптаған ұтады екен, қоңын түсірмеу тағы бар, аңшының осы бір, екі толғамы нағыз шешуші сұраптал, айырлып қалса, қайтару қиын, бүк түсіп, бөгелгенің деп, біл!-деді.

Саржан бір кезде, қоян еті болмағандай, түлкінің бір жанбасын кесіп алып, шикі қалпында, қанталаған қызыл етін беруге ұмтылып, астауға салып дайындай бстады. Алмас, Қаныш көріп қалып: Бұның не ақымағым! Қаршығаны бір жола құртқың келе ма?-деп, Алмас астауды алып, жерге төңкеріп тастады!

Бұл улы, қасқыр мен түлкі етін кім береді, ертең аңға шаппақ түгіл, өзі қиралаңдап, қоңы кетіп, денесіне

жұқпай, уланып барып, бойына тарап, өліп кетуіде мүмкін ақымағым, бұдан былай, біз көрмейтін болайық!-деді.

Саржанның тұрпайлығы кімге керек, әдейі арада жанжал туғызып, бірін-біріне айдап салып, Саржанның жасаған әрекеті. Аңшылар біледі, құсына жұғымды қоян еті құсатып жұмсақ етті берсе, бойына күш бітіріп, әлде қайда тың болып, аңды құлатып, табанға салып, бірнешеуін соғып алып, олжаға байытар еді.

-Саржан әптен Жоланмен ұстасып алып, көзінің астымен қарап, ойына келгенін істеп, Жоланның құсына да, соны ұсынбақ. Арам ойын іске асырып, көзді ала беріп, істегені мынау, біз жоқта не істемек?-деді Алмас. Қанышта: Алмастың көрегендігі, жас емес мұндайды кім қалайды? Опасыз қылығы, оңынан тумаған соң, жеке бөлініп, сырт айналғаны бірден түсінікті!

-Оған сеніп, опық жеп жүрмеңдер, алтын құсы болсада, енді аюшылық жасап жүрмеңдер, біз ел-елден тағыда бүркітшілерді іздеп хабар етеміз!-деді. Құлаң бөшке, құйрығымен тиылды.

- Азаматы кетіп, арсыздық жолды таңдады. Сауатсыз күш, малтығып барып, құлады! Солғын ойлар, опасыз қылық, жарым ес, құлатып барып тұл қылды! Жолан астауға қоян етін турап, құсбегіне бере бастады, әлден соң тағыда алдына қойды.

Сүйсінген құсы бірден, тойаттық жасап, қанатын кеңге жайып, денесінің алып тұяғын, домбай біткен, баттиған аяғын, кезек көтеріп, тыңая бастады. Алмас жылы денесін қолымен ұстап, қоңын байқады, жұдырықтай біткен сан еттері, томпая өсіп, салмақты

болып шыға келді. Ертеңіне Қаныш бастап, Алмас, Жандос ере шықты. Бұларға тағыда Өтейдің Алшан, Шотбай қосылып, бүркіттерімен, алыс ауылдан келіп жетті. Қаныш бұларды бұрыннан біледі, келгеннен соң, кетпек жоқ, оларда құсбегін жемдеумен болды. Танысып-біліскен соң, көп түлкінің біріне жіберуге сөз етіп, әңгімеге тартты.

Жоланның бүркітін тоқтаттыда, Шыңғысқа жол беріп, Қаныш келгендерге құстың кереметтігін көрсету еді. Көп ұзамай Шыңғыстың құсбегі, тұғырынан «лып» етіп, құйындатып ала жөнелді, қос қанатын ашып ұстап, баурына тартып, жонға кетіп бара жатқан, екі түлкіге жетіп алып, сол қанатымен соғып құлаттыда, екіншісін оң қанатымен сарт еткізгенде, ұшқан беті, алысқа домалап, тасқа соғылды, бірден бітіп кеткен қос олжаны, Шыңғыс шабумен қасына жетті, қолына қондырып, олжасын жамбасына байлап, қосқа келіп ат тіреді.

-Осындай кереметтігін әдейі Қаныш қонақтарға көрсетіп, Алшан мен Шотбайды мәз етті. Бұрын соңды құстың мұндай кереметтігін көрген емес, өздері көріп куә болғандай: Бұған жету қайда!-деп, таңдайын қағумен болды. Алшан, Шотбай құстың қасына барып, отырған отырысын көріп, тау қошқарының қимылын жасағандай, кереметтігін аңғарды, оның ойлы көк көзі, сәулелі көк нұр шашқандай, алыстан қарап біліп, алаңдап отырғанын бірден сезді.

-Алшан, Шотбай, Қисық, Қойшылар бірінші көруі, өздерінің құсына ұқсата алмайтындай, алып дене жаратылысына ұзақ қарап, таң қалумен болды. Қаныш

бұларды байқап қалып: Енді қасқырға жол тартатынын айтып!- сендірді. Қаныш қайда болсада, өзінің жолдастарын ертіп, бірге қызықтайтын. Соңғы күні, аңшылар қоян мен түлкіні алып, бір шама көбейтіп тастады.

Шыңғыстың ойы қасқырдың жолын кесу болды, күндіз көрінбей, түн жамылып, қоныс біткенде шарлап, жел маяқтай, жортумен ұялы тобы, кездескенді қағып тастап, қырып кетуді, апат қылып, жөнкіле түскен.

-Жолан сол арада үндемей отырды да, Саржанға: Сен менен артық баптауды білмейсің, білмесең үйренгенің дұрыс, Шыңғыс ылғида сенің қасыңда жүрмес!-деді. Саржан қызара бөртеп: Оттама! Сенба маған билік айтып, қалай баптауды үйрететін, өз жөніңді дұрыстап ал!-деп дүрсе қоя берді.

Алмас сөзге араласып: Бұларың ұятқой, басқа ауылдан келген кісілерден, олар қостың сыртында тұр, естіп қалса, мыналардың өзі симай жүрген қулардың, нағыз өзі деп, күліп кетуі әпден!-деді құлақтарына сыбырлап. Жаратқанға жарым ырыс, кеппе қарын, боп атанып, күлкіге қалар жайым жоқ!-деп, Жолан сөз сарабын тарта бастады.

-Құлақ асты мен қойдым!-деген Саржан ақылға келгендей болып, өз-өзін тоқтата бастады. Алмаста күле сөйлеп: Ә! Бәсе білетін бас, осылай істер еді!-деп, езу тартып ыржия түсті. Олардың арасын осылайша Алмас, тоқтатқанын айтып, Қанышқа жеткізді, Шығыста сезді білем, екеуін екі жаққа бөліп, қос ішінде өзі қалды, құсбегін баптауды керек етті.

-Мезгілде таянып, күн кешке ауа бастады. Әсет, Жандос, Божан, бұларға Аралбайда қосылып, биіктен сырғанап, құлаған беті, талды аймақты қоршап, сүзе бастағаны сол еді, тағыда түлкі қашты, жонға бауырлап алып ұшты. Саржан бірден көріп қалып: соңына түсті, шауып отырып «сып» етіп қолынан шығып кеткенін аңғармай, делебесі қозып, тоқтар емес, бүркіті дәл тұсына бара бергенде, құлама сайдың астына жалт беріп, тығылып үлгірді, құсбегі қалықтаумен жар басындағы, шыңға қонып, қала берді.

-Қаныш көзін алмай, қарап тұрып: Қаршыға өте баяу, салғырт ұшуынан, түлкіден айрылып қалдық, Шыңғыстың құсбегі болмаса, бұлар бәлендей алып жарытар емес, қасқырды қайтпек!-деді бойын ыза кернегендей ыңғай танытып.

-Түлкі сайдың таса жерін, пана етіп шықпай қойды. Қаршығада аңдумен ұзақ отырды. Бұны байқағандардың шыдамы таусылып, Шыңғыс Саржанға: Құсың құс емес, ылғида бөгеліп, сылбырлық танытып, айрылып қалғанын, бірақ білеміз, онда дұрыс жемдеп, баптамайсың ба, енді менсіз түлкіге жіберуші болма!-деп, зекумен ауыр сөздер айтып, қос басынан шықпауды тапсырды.

-Алмас, Жандос, Әсет, Божандарды Қаныш бастап, ертеңіне бәріде, шатқал биігіне жинала бастады. Алшан мен Шотбайда осында, құсбегін жемдеп, кешегі Алшанның қаршығасы, ұстатпай жүрген түлкіні алып, қанжығасына байлады.

Шотбайда қоянды, көп алып, жем-сауына дайын етіп үдгірді. -Осыларды көзімен көрген Қаныштың

назары, бірден жақсылыққа жорумен болды: Енді міне үлкен қауымға айналып, аң деген сендерден құтыла алмайтын болады!-деді. -Алшанда көңілденіп, Өтей баласы екенін танытып, белсенділік жасап, құсын ұшыруға, баптау үстінде болды, Шотбай көмектесіп, астауға ет дайындап, қатар отырған құсқа, астауды толтырып, жемін беріп жатты.

Қаныш барлығын қос ішіне жинап алдыда: Осында Сүгір, Өтей, Қыбышақтың бел баласы, Керей, Тағышы, Татаның және бар, бәріңде бір уысқа сиғандай, әр рудың бәйбішесінен туған, бел баласыңдар, осы жерде сендердің бастарыңды қосып отырған «аңның көптігі, арпалысқан дала қасқыры мен айласын асырған қызыл түлкі» бүркіт өнерімен аңды қолға түсіріп, басымдық ету, қайраттылықты керек етеді, соған бар өнерлеріңді паш етіп, ақылдылықпен пайдалана білсеңдер ғана, «Шалқып жатқан кең даланың, нағыз батыр-кемеңгері» болғандарыңды қалаймын, болу тек сендердің ұйымдасқан «бір жұдырыққа» кіргендерің керек!-деді.

-Айтылған сөздің тамаша тұстары осы болды «қайрат пен жігер, ақыл ойдың парасаты» міне осында еді. Қаныш бастап, жотаға сырғанап, барып, бет түзеді.

Қаныш оларға бірден айтып: Сақ болыңдар ызалы қасқырдың тарландары, көздерін қан басқан, жұмырлы қалпымен, ат үстіне атылуы ғажап емес, ол тек жарақат етіп қоймай, кеміс қылуыда әпден, «кезінде атан түйге де шабуыл жасап, жемтік еткен, үстіне қарғып мініп, өркешіне ауыз салып, шөктірген» ат үстінде адамды кетірсе, атты өз еркімен жемтік ету қолында!

Оның салып жіберген арандай ауызы, пышақтай біткен, өткір тістерімен бірден жұлып әкетіп, құлатуға дайын тұрады!-деді. Ат тобыры, бұталы жердің бәрін қоршап алып, дамылсыз жүріспен, жұмсақ жердің, әліде қатпаған құм балшығын, бұрқыратып сыртқа шығарды, сайдауыттай күйлі аттардың жүрісі қоятын емес.

-Қаныш шауып отырып, жоғарыға көтерілді де, Шыңғысқа: Тез дайын тұр, көкжалдың арсылдаған дауысы біліне бастады!-деп, айтқанша болған жоқ, бұралаңдап атыла шығып, аттарды соға, кең жазыққа, қалың қарды, боранша бұрқыратып, алай-түлей тұман жасап, көрінбестей етіп, періп келеді.

-Шыңғыстың бүркіті бірден байқап қалып қолынан «зып» етіп, зулаумен артынан салды. Қос қанатына дауыл желдің күшін сыйғызып, бара беріп, оң қанатымен салып жібергенде «сатыр-сұтыр» дауыс шығып, алмас-қылыштай, қанатының пышақтай біткен қыры, дәл тиіп, домалап барып, басы тасқа соғылып, бірден құлады, сол жерде өліп кетті.

-Әлден соң тағыда біреуі, атыла басып, көтеріліп ұшумен адымдап өтіп кең алқапқа шыға бергенде, алдынан тосып алып, құлдилап жоғарыдан ағып өтіп, тағы берді, домалаған қасқыр табанда өліп кетті. Шыңғыс, Алмас шауып отырып, құлаған қасқырдың орнына жетті. Алыстан бағыдарлап көріп отырған Қаныш Алшан мен Шотбайды шақырып алып: Көрдiңдер ме? Кереметтігін, ұшқанда найзағайдың отындай жарық-жұрық еткізіп, салып өту, шыдамай бірден құлатып түскені «ғажап» күштіліктің кереметтігі емес пе?-деді.

-Әрине көрдік, көз алғанымыз жоқ, бұл құс емес, «құстың патшасы»періштеме дерсің!-деп, қалды Алшан, Шотбай екеуі бірден. Алшан құсын жемдеп дайын отырды, бірақ ол қасқыр емес тұлкіге ыңғай етті. Қаныш бүркітін өзі қарап, баптауын бақылап, жемін қалай беретіндігіне, көз салып отырды. Алшанның ықшамы тез, құсы қоңды көрінді, Шыңғыста қолымен ұстап, біраз байқағандай болды. Жарайт! Онда тұлкіге жіберіп бақ, қасқыр көрінбеді, қос тұлкі, елең еткізіп, аттылардан ығысып, жота бойындағы, талшыққа қарай бет алды.

Тұлкі болғанда ең ірісі, көсіле шауып, ұзай берді. Алшанның қолында бүркіті, еттекке түсіп, жотамен соңынан салды, бүркіті жұлқына сығылып, аптығып барып, зымырай ұшты, қанатын бауырына тартып, дәл үстіне секіріп мніп, азулы үшкір, найзадай тұяғын батырып, жібергенде шабысы бірден бәсеңдеп, құлай берді, орақ тұмсығымен тамағынан орып жіберіп бір жола құлатты, сол жатқаннан тұра алмай өліп кетті.

-Алшан астындағы жүйрік буырмен тез жетіп, бүркітінің үстінен түсті. Алшан кешеден бері, тұлкімен қоянға байытты. Шотбай ол кезде, қырдан сырғанап, қолында құсбегі, екінші тұлкіге шауып отырып, құсына қарасын көрсетіп үлгірді.

Артына жалт-жұлт етіп қараумен, тұлкі бір кезде, қаршығаның шүйлігіп ұшып келе жатқанын, байқап қалып, тікенек шеңгелдің ішіне кіріп жоқ болды. Құс айналы өтіп аспаннан бірақ шықты, тұлкі жоқ, қалықтаумен аспанды шарлады, көп кешікпей төмендеп

барып, шеңгел маңындағы, дөңес бигіндегі шыңға барып қонды.

Шыңғыста: Құсбегі өте нашар екен, асықпай ұшып, құнжауы жоқ, күтімі аз!-деп, бағалады. Қанышта ұнатпаған қалып танытып: Шыңғыс сен жіберер алдында өзің бақыламасаң, бұлардың бәлендей опыты жоқ сыяқты, тек Алшандікі пысықтау, ол бабын білетін сыяқты!-деді. Шотбайдың жолы болмай, кеш оралды, кешегі қалпы, өзгермеген жем сауыда ойдағыдай емес, ерініп барып, бірақ рет бергенге ұқсайды, Қаныш : Ол дұрыс емес, өзі қанша тойғанша жемді берген дұрыс, әсіресе жұмсақ етіп, қоян етін беру керек!-деді.

-Алшанда Шотбайға жақындап: Сенің құсбегің тек түлкіні жайқап өтті, үлгіре алмады, түлкі ол кезде, шеңгелден құйрығын көрсетіп, жоқ болды. Шотбай көңілсіз қалпы, құсын қостың бұрышына тастадыда, өзі ішігін жамылып, қос ішіне қисая кетті.

-Дамылсыз соққан желде, ызыңдап қос ішін суыта бастады. Алмас отын әкеліп, маздатып жағып, шай қойып, Қаныш бәрі ішуге жинала бастады. Отқа жылынған қалпы, бәріде шай ішіп, елік етінен жасаған қуырдақты жеп, тыңайып алды. Шыңғыс кетерде қазанға су құйып, еліктің семіз етін аса бастады! -Кешке әліде біраз уақыт бар, Құмкешу жағын барлап келуге, Әсет, Дулат, Серікбайлармен бірге Жоланды бас етіп, алыс емес, ат шаптырым биікке барып келуін тапсырып, Шыңғыс жолай шығып, ат үстінде бұлардың келуін күтті.

-Құмкешуде қасқыр ізі өте қалың, түлкімен қоян барған бетте бірнешеуі қашып, өзен боындағы талға

тығылды!-деп айтып оралып, Шыңғысқа жеткізді, ол кезде Қанышта қасында болатын. Алмас: Тіптен жақсы болдығой, нағыз қасқырдың «апаны» сол жерде екенғой!-деп, растады.

-Ендігі сойқан Алшанның бүркітінен көрейік, жаңа орын, ыңғайлы көрінеді, ат шабысынада жазық жер ешбір қыраң бүртігі жоқ!-деп Шыңғыс атына отырып Қаныш екеуі бастап бет бұра бастады. Неде болса, дала қасқырын байқап, алу еді, нағыз күштің серпілісі, сонда керек болды, олар өте мықты, бірнеше жылдар бойы, малға шауып жемтік еткені, ауыл адамдарының ойынан шығар емес!-деді Қаныш бәріне ой салып, Алшан, Шотбай, Жолан, Саржандардың назарын өзіне тартып, айтқан еді. Құп!- дегендей бас иіп, Алшан иек қағып, қатарласып майда жорғасымен жол беткейіне шыға берді.

- Қасқырдың ізіне түсіп, екпіндеп жорта жөнелді. Қаныш, Шыңғыс, Алмас қатарласып, Алшанның соңынан салды, құсының қасқырға кереметтігін көру еді. Шыңғыс ат үстінде тұрып, Алшанға нұсқап, жібер тез қасқыр қашты!-деп, айқайға басты.

Қасқыр бір сәт айалдап, шоқ талға тығылғандай боп, тасасынан бағыдарлап тұр екен, оны ешкімде байқай алмады, тек Шыңғыстың көзі қырағы, алдамшының жолын сезіп үлгірді. Қаршыға ағындаған бойы, қасқырды аттаттырмай, тасада тұрған жерінен үстіне «гүрс» етіп құлап, үлгірді! Тырнағымен басынан басып, көзін ағызып, сұқ тұмсығымен талап тастады, басым еткен құстың күштілігінен, құлап түсіп, сол жерде, дымы бітті.

Бұл құстың алғашқы бастамасы еді. Арыстай үлкен қасқырды, екі бүктеп, Қаныш, Алмас, Жандос құсқа қарай шабумен, жанасалап келіп бірақ тоқтады. Алшан бұлардан бұрын жетіп «Кеу!» «Кеу!» леп құсын қолына қондырып жатып, олжасын жамбасына Шыңғыс екеуі әрең көтеріп, байлады: Бұл өте керемет үлкені екен!-деп таң қалған Шыңғыс Қанышқа айтып үлгірді. Алшанның арқасынан қағып Қаныш: Жарайсың! Жігітім, аңшы сендей-ақ болсын, бірден мындай кереметті қағып тастау, нағыз құстың батылдығы екен!-деді.

Басқаларыда ат үстінде тұрып, сүйсініп тұр. Бұл құста, Шыңғыстың құсына ұқсас, батыл екен!-десті. Шыңғыстың құсы, қандай жер болмасын, бұталы ағаш, тікенді шеңгел болса да, алдынан аң құтылған емес!-деді Қаныш күлімсіреп, көңілі толғандай, мақтаумен айтты.

- Жолан, Балжан, Шотбайдың құстары, баптау үстінде болды, бір-екі күннен кейін жіберіп, бақылармыз сонда ғана белгі береді, қазір табанда айту қиын! Құстың тамағын беру, қоянның етімен тойғызу басты міндет еді. Жолан көзді ала беріп, түлкінің жамбасын, кесегімен тастап, тойдыруға тырысты. Құс айнып, аңға шапай, шыға келетінін түсінбей, көз боюлыққа салынды, Шыңғыс біліп қалып, құстың аузынан жұлып алып, далаға атып жіберіп: Неткен адамсың, көрмеймісің қаншама айтылып жатқан, зілді сөз, санаңа кірмегені ма? Қолыңнан келмесе, бірге болғаныңнан не пайда, өз жөніңді тап!-деді.

Шыңғыстың зілді бұл сөзі, бәрін елең етті. Қанышта маңына келіп: Сіз жас емессіз, әр істе бір жауапкершілік

болу керек, Шыңғыстың айтқанының бәрі дұрыс, оған бағынуың керек, ол өзі осының бәрінің жауапкершілігін алған соң, ақыл мен айтып, болмаса зекіп, түсіндіргені орынды, бұра тартып, бұйрығын орындамағаның, қауып қатердің жолы!-деп, түсін.

Алшан шыдамады ма? Құсын қолына алып, Жоланнан алшақтап барып, бұрышта отырып, қос ішінде жемдеуге кірісті. Басын шайқап: Құт жауы кеткен екен, енді болмаса, түлкінің өзі «быт-шытқып» қанатын сындырып, табанға салады емес пе?-деді.

- Алшан әптен қарап шықтыда, қанатынан бастап, аяғының тұяғынан дейін қатып қалған саз балшықтан тазартып, борбайының жүнінін тарап, қатып қалған кірден босатты, қанатын сүртіп, тамағын беріп, астаумен мол етті. Бұл бірінші күн, келесі күнде, қайталаумен болды. Асыл дүниенің азабын тартқанша, қарамағаны бәрінде қынжылтып тастады. -Жоланның түсі жоқ, басын төммен салып, қарауға батылы бармай, қайысты. Оның іздегеніде сол еді, опасыз қылығы, опат қылады деген осы. Сол бетімен далаға шығып, байлаулы атына отырып, Кеңшар ауылына кетіп отырды.

-Алшанның намысы бар екен, үш күн бойы, баптаумен әлекке түсті, қайтседе құс қалпына келтіру, қатардағы құс құсатып, аңға жіберу есінен шықпады. Солай болды да. Табан тірескен ашудан не пайда өзінің кемістігін, көпшілікке жария етіп беделін түсірді!-деді Қаныш, сөз арасында, кемістігін айтып қалды.

-Біраз күнді артқа тастап, Шыңғыс Алшанның баптаған құсын сынамақ болды! Шыңғыс, Алшан,

Қаныш соңына еріп, қашқан қасқырдың жолын тосумен, қорған жасады.

Алмас бастаған топ, бұталы жердің шаңдағын аспанға шығарып, шабысты көбейтіп, жүре бергенде, тағыда қасқыр інінен ытқып шығып, қорғанға қарай басып өтті.

Алшанның қолындағы құсы, бірден байқап қалып, зымыраумен алып тұяғын көлденең тартып, ұзын тұмсығын ұзарта түсіп, белінен басып, көзінен шұқып, шабысын бәсеңдетті, көзінен айрылған қасқыр, орнында тұрып құлады, құс ішін жарып жіберіп, табанда бітірді.- Көз алмай қараған Қаныш, Шыңғыс, Алшан шауып отырып, бүркітке бірақ жетті. Кереметтігін байқаған Шыңғыс: Айтқаным келген жоқ па? Бабын келтірмеген құс-құс емес, иесіз қалған бір жанның, сопыиып-собы шығып, құн жауы кеткен адамнан қандай үміт күтерсің?! Алшан болмағанда, қасқыр түгіл, қоянның өзі жоқ еді!

Баптың түбі-базарлы!-деген осы. Бұл мекен, бұталы тау жотасы, Керейлердің қоныс тепкен жері екенін, артынан білді, Қаныш сұрастырып өзі анықтады, аңға бай, таулы аймақ сыяқты қатпарлы жотасы, жазықпен жалғасқан, сырт маңында, үлкен сайдың ізі қалғандай, алысқа болжам етеді.

Керуен жүрген талай көште, осы жерді басып өтіп, кең жолдың, бар танабы ашылғандай елес береді. Жотаның қары қалыңдай қоймапты.

-Келе жатқан Қаныш: Бұрын ертеректе, осы қоныстағы, Керейдің бір сұлу қызы, шалға ұзатылып, осы кең Жарықты жырға қосып, «Қоштасу» әнімен,

елінен ұзағанша жылаумен мұңды әнін айтқаны есімде!- деді. Аттар семіз күйлі, аяқтары тегіс тағаланып, аяқ алысы, арғымақтың жолын құшқандай селт береді.

-Тынық күндер, аз жауған ақша қардың, аязы болмаған соң, үлпілдеп түсіп, тебіндікпен ілескедей күй тартады. Майда жорғасымен Қаныш топайкөгіне, әптен сенім артып, жолда қалмайтынын айтып жеткізді. Ұлпа қарда бұрқырағанмен аттың аяғын бөгер емес, шабытты жүрісті, еселеп келеді. -Шұбыра жортып, Алмас бастап, алдағы дөңестің өзін бұрын көргендей, тік басып, жолсыз тартты, қалғаны соңынан өре басып, ызғып келеді. Алмас бұл жүріске ысылған, Қанышта өзі сеніп, бастауды Алмастың өзіне тапсырған. Бөктерлі етегі буылдыр тартып, тұман басқан.

-Аспанды бұлт айналып, күн сәулесін көрсетпей, тұтасып жасырған қалпын, көк жиекке дейін алып жатыр! Жолан екі күнді артына тастап, құсбегіне оралды. Көңілі жаман емес, Шыңғыспен ақылдасып, құсбегін өзі қолына алды, Алшанға рахметін айтып, жемдеуін бірге жасауға келісті. Ол оның адамгершілік алғашқы қадамы еді, түсінбестігін мойындап, Шыңғыстан кешірім сұрады.

-Шыңғыс тағыда қасқырдың жолын кесті, Балжан, Шотбай, Алшан, қалың іздерді кесіп, қалың ағаштың астындағы ұясын тапты, аңдыс осы жерде!-деп, жобалап, енді ырылдаған дауысын естіп, қоршауға көшті, Шыңғыс, Қаныш: Сақтаныңдар қазір тобымен «лап» қоюы мүмкін дегенше болған жоқ, екі қасқыр бөлтіріктерімен, арсылдап атылып, жолын бөгетпей, атыларды ығыстырып, жонға тартты.

-Екі бүркітте, бірінен соң бірі ұшып, Шыңғыстың құсы, бәрін қырып салды, атылар бірге шауып Алшанды алдыға салып, құсбегі бөлтіріктерді жеткен жерінде соғып алды!

Осымен ұш-төрт күн өтседе, қаншама қасқыр алып, түлкіні байытып тастады. Шыңғыс пен Алшанның құсбегі, қасқырдың көкжалымен болған шайқас, дамылсыз қозғалыста болып, әрбір ұшқан сайын, өзінің кереметтігін көрсетіп, жұртты қарық қылды.

Бұлда бір, ерліктің ұмытылмас, «дала қасқырымен соғыстың, аласұрып жан бермей, қарсылық көрсетседе» жеңіп шығуы, қажымас істің, жарқыраған бейнесін көрсете білгендігі «ғажайып күштіліктің сарқылмас құдыретін» жасап үлгірді.

Кеш батып, күн қарайып, жел тұрып, қостың ішін суытып тастады. Шыңғыстарды тастап, ауылды-елге бет алды. Шұнақ аязда, етектен тартып, бөктерді суық ауа басып, ызыңдаған дала төсінің ызғары, бойды алып, төпей бастады.

Айдалаға қарасаңда аппақ қардан, не бір жоталы жер, пана табар ештеңе болмады, жол алыс, бөтен ел, белгісіз сапар Қанышты көп қызықтырмай, енжарын түсіріп, бойын суытып тастады. Қаныш берілмеуге бекінді, мазасызданса қасындағы жолдастары күліп, мазақ етер!-деп сақтануда болды.

Қасындағы өңшең. Қайратты жігіттер, қажымас қажырлы қалпын ұстап, боранның суғын елең етпеді. Қоңыраттан асып түсіп, Дүзбайға ораламыз деген беті, түкке аспай, қайда кетіп бара жатқанында, білмеді. Қаныш әлден соң, атыларды тоқтатып, Алмасқа: Сен көп

жүріп, осы аймақты жақсы білесің, сен өзің баста!-деп, нұсқау етті.

- Сол бетімен Алмасты алдыға салып, қалғандар тоқтаусыз жүріп отырды, қарсы соққан жел, боранымен аттыларды, бөгей берді! Керей ауылына шығып, ара - қонып, жетеміз асықпай!-дегені жайына қалды. Аттары күйлі, қар қалыңдап жүргізер емес, тек бірінің ізімен, Алмас бастап, жортумен отырды.

-Алмастың жүріске берік, қайраты мол, талай жол жүріп, әптен ысылғандығы байқалады. Қаныш қыс кезінде көп жүріп, көрмеген, бәрі анайы, танымастың «қыл көпірі» сыяқты.- Белден оралған бұлтта асапан әлемін алып, күн көзін көрсетпей, бұлыңғыр қалпын сақтаумен, тұр.

- Қаншама жол жүрсекте, түткейілден соққан жел, ұйпа-типаңды шығарып, есіңді тандырады. Қаныш осыларды ойлап, келе жатқанда «селт» етіп, ойын бұзып жібергендей болады. Қаныш ауа райының енді ғана бұзылып, ойрандағанын көрді. -Алмас сол бетімен ұзақ жортты, тоқтамады! Қарсысынан қатты жел, бой бермей, ысқырып соғады. Аспаннан жауған қардың өзі, қиыршықтанып бетіңе соғып, бойыңа тыққылап, басының тымағынан бастап, қаптал шапанның арасына кіріп, тақымға дейін орап, денеңді суытып, әуреге салды.

-Алмастың атыда желге қарсы сәл, бұра тартып, аялдауға ыңғай тартып келеді, қаншама тебінседе, жүрісі баюлап, ықтасын іздейді. Топайкөгімен артта қалап Қаныш, жүрген аттың ығынан шықпай, желіп ілеседі. Жалына түскен қарда қалыңдап, ат мойын қоса суытып, мазасын кетіріп сілкініп қояды.

-Самайдан соққан үскірік жел, өңменіңнен өтіп, өзегіңді өшіргендей кейіп танытып, аязымен үзенгіні, аяғымен қатырып тастады, тебініп қозғалар күш жоқ, мұз босатар емес. Арттан айғай шығып: Азырақ тоқтап, ақылдасып алсақ қайтеді!-десті.

Олардыңда тоңғаны біліне бастады, кейбіреуі үсуге жақын, жыларман үстінде болды. Аттылар топтасып, аттарын жел бағытына қойып, аздап ықтасын етіп, Қаныш: Біз қатты адастық, енді ақылдасып бір шара жасамасақ, өліп кетуіміз ғажап емес!-деді. Алмаста қиналып: Енді бастап, қатты жүрмесек, тез бір қараны тауып алсақ жан сақтар ек, ықтасын болса, атымызда тоңбас еді, бір сөтке болды адасқанымызға, әлі қашанға созылатынын кім білсін!-деді. Қаныштың жағыдайыда мәз емес, солармен пара-пар.

Сол уақытта, ұйысып тоқтағанда, аттарда өткір желді боранға, қабырғасын беріп, ығына тұрып қалды, аттарынан секіріп түсіп, бұл боранның кереметтігін айтып сөз қылды.

-Міне қалай, керемет суытып кетті ғой!-деп, Алмас айтып салды. -Оңалса екен, болмаса мынауың өте қауыпты әкеліп тыққалы тұр! Салған жерден, бойыңды суытып барады!-деп, Қаныш айналаға көз салып, ақ түнегі дамылсыз ызғып соғып тұрған, боранға қарады.

-Қалыпқа келіп, беті қайтар! Енді қайтпекпіз, елсіз даланың соры, біздің маңдайымызға біткен, қатерлі қауып, жан беруге бола ма?!-деп, Алмас, Жанжос қайрат беріп, жолдастарын жұбатқандай болды. Құлақшын ішінен, бет орамалдарын байлап, азырақ жылы болатындай, қауыпсыз етті.

-Алмас суыққа берілмейтін түрі бар, жүрісі ширақ, көп қозғалып, бәрінің жағыдайын жиі сұрап, беріспеуге шақырды, оның ақылдылығы осында еді, үсіп кетсе жүре алмайтынын, алдын-ала сезіп, қимылдатыып отырды. –Көп адастық, қайда барып, соғыларымызды ешкім болжап айта алмады, есін кетіріп, ақылын алды. Адам қалпымыз, алыс жолдың, жобасын білмей, Шатқал өзенінің қай тұсы екенін, жоғалтып алдық. Соққан боран, еркімізге жіберер емес, аяңдап басқан адымымызды, суық жел жіберер емес, қатырып, сендіруге күш алып, соғып тұрды.

Алмас бойына күшін жинап алып: Сендер ұйысып отыра бермеңдер, тез жортып, бойымызды ширатып, әлсін қозғап қойып, соңымнан бірің қалмай, Қаныштың топайкөгімен жарыса түскендерің дұрыс!-деп, алға түсіп, жортып ала жөнелді.

-Қандай болмасын, осы жүріспен бірнеше қырат асып, біраз жүрді, сол жүріс бәрінеде ұнағандай болып, қалпын сақтады. Жол бойы ызыңдаған, желдің соққан дауысы, құлақтан кетпей, пана іздеген жолаушыны, қабаттасып мазасыздантип қояды.

-Үскірік аязын тыққылап, тайымады талмас құлаққа, ұлыған қасқырдың, жан дауысы, пәле кетпестей, ұлуы үзілмеді. Айдаладағы қасқырдың, бой көрсетіп ұлығаны, баспана іздеп құтырып, жас қан кездесуін күтумен ой мен қырды шарлап, жүріспен дамыл табар емес. Осы бір жатқан меңіреу даланың ызыңдағаны, Қаныштың өзі туып, өскен жері, бүгінде танымастай жат болып, өгей шалдай, мазасызданып керек қылмағаны байқалады.

-Жаздың самал, көк лебі, сарқырап аққан бұлағы, таулы өңірдің гүлденіп атқан шапағаты, сар даланың кетпестей, жұпар иісі, бар әлемнің жүрегін тербеген алтын бесігі құсап, көрінгенін әркімде біледі, ал қазір сол өңір, соққан дауылды желдің күштілігімен, қатты аязды тудырып, керем суық кәбірдей, қырауытып алып кеткен жер табытындай болып, есіңді ала түсті.

Кейде бір сол бейне, өзіңді асау толқын өзеннің бетінен алып кетіп, тұйшықтырып барып, өміріңді бір уыс қылып, арман дүниеден өткендей, өкінішпен кете барасың! Жолаушылар жортуы тоқтаған жоқ, бірақ тоңу үстіне, шаршауда қосылды, қарындарыда ашып, әліде кете бастады. Күн манағы қалпы, соғуын қояр емес, енді қайттік?!

Бәріде уайым басқан, мұңды сөздерін айтып, ашуызаның, кеудеден соққан, дүмпілі күйгелектеп бойыңды тартып, бәр тарапқа әкеткендей сезінесің, өкінесің! Әлденсоң жел бәсеңдей беріп, үзіліп тоқтады. Қозғалмай, ат үстінде Қаныш: Манадан тілеген, тілегіміз қабыл болды ма?! Саябір тұтқан күннің райы өзгере бастады!-деді барлығына жария етіп, қуантып тастады.

Алмас атының басын тартып: Бәріңде бір мезгіл тоқтаңдар!-деп бұйрық еткендей болды. Алланың өзі көмектескен шығар, басылды білем! Жағалай жарық болып, кеңістік ашыла бастады!-деді Алмас, енді бір жерге ұйысып, ақылдасып алғанымыз дұрыс, қандай бағытпен жүретінімізді, айқындайық!-деді. Жел тоқтап, қар жауып тұр, қиыршық болмай тұрғанда, күн тынығымен, біраз жерге жетеміз!-деді.

- Бәріде аздап атқа тыным беріп, уәделесіп алуға бет бұрып, ақылдасты. Жел басылып, боран тоқтағанмен, айнала төнген қою қара бұлт, буылдыр тартып, күмбезден кетер емес!

-Ашыла бастаған, кеңістіктен көрне бастаған қарауытқан, қыстақ көрінгендей болды, маңайында толған ағаштар, айқын көрінді. Көрінседеде жолаушылар анығын білмеді, тек болжам, оларды жетектей берді. –Қап! Әнеу қоныс па? –Үлкен болып созылған қыстақ па?-деп, әр жақты жобалап, айтумен жол жүріп келеді, жүрістері ширақ неде болса, жетіп жығылу! Алыстан болжам еткені, қора-қыстақ, қалың ағаштар, бәріде қалың қарда көрінген, жай нәрселер болып шықты, алдамшы көздің кесірі екенін аңғарды.

-Топшылаған тобыр, айнымас қалып танытып, жоқ болды. Бұлар ат үстінде тоқтаусыз жортумен сай саламен жыраларды басып, Шалқар биіктігін, тұтас алып түскендей болып, тоқтамады. Желпіген желдей болып есліп отырды.

-Амал таусылып жүрек қобалжып, бас айналды. Осы шақта аяздың ызғары дамылсыз тоңдырып, құлаққа ұрады. Есіңнен танып, кейде не сөйлеп, айтқаныңды ұмытып, басың мең-зең болып, ат үстінде талып түскендей, есіңнен айырласың! -Шыңғыс алаңдап, бұлардың адасқанын сезіп, жолдастарын қосқа от маздатып, қондыруға сонда қалдырып, бозжорғасымен жолға тартты. Шыңғыстың айғыры, әкесінен қалған: Қасиетті жылқының тұяғы!-деп, тастап кеткен еді.

-Бозжорға қандай болсада, түн демей, алыс жол демей, елді мекенді иісінен тауып алып, Шыңғысты

төтесінен бірақ түсіретін! Әліде сол қалпы, елді қонысқа бірақ тартты, Шыңғыс күннің суығына болмас етіп, жылы киініп берілместің амалын жасап, бозжорғаны жолға салып қойып, сүрлеумен салып отырып, Қоңырат ауылынан бірақ шықты! Керейлерден сұрастырып көріп еді, ешкім білмеді, аттылардың қарасыда, ауыл маңында болмағанын айтып, жеткізді.

- Шыңғыс бірден байқап, олардың қатты адасқанын біліп, тез құтқару амалына көшті, кеш қалса, бүкіл адамнан айырлып қалуымыз ғажап емес!-деп, іштей топшылады.

-Атына қайта қонды, келер бағытын межелеп, тіке тартты, бозжорға басын төмен салып, шабумен отырды, басын тартпай, еркіне жіберіп, алыстан көз тастап, Шыңғыс қараумен болды. -Бір мезгілде қалың қарды бората түсіп, ойға төмен түсе бергенде, аттыларды көріп, алдынан шықты!

-Алмастар келген Шыңғысты бірден танып, аттарынан жалма жан түсіп, құшақтап қоршап алды: Сен болмағанда өлген жеріміз еді, қандай жақсы болды!-деп, Қаныш құшақтап қуанды. Шыңғыс әлден соң: Тез жиналыңдар, еріңдер соңымнан, күн қарайып ұясына батпай тұрғанда Қоңыратқа жетуіміз керек!-деді.

Аты күйлі, бозжорға келген ізімен, дамылсыз жүріп, Қоңырат бауырына түсе берді! Әлден соң, үлкен ауылдың ішіне кіргізіп, өзі тапсырып кеткен үлкен үйге әкеліп түсірді.

Бәріде тоңып, денлері қатып қалған илікпей, көтеріп алып, кейбіреуін сүйемелдеп, Шыңғыс бәріне жұсақ көрпе салып, жылы үйге отырғызып естерін

жината бастады! Шай беріп, бойын жылытып, дайын ас бергізді! Боран басылғанша, осында болып, естерін әрең жинады, Шыңғыс бармағанда, өмірлері «қыл» үстінде тұрғандай болды.....Шалқыма өзенінің жағасы.

Көктемнің жаңа келіп, жайлауға қоныс аударғандар, ертерек өтіп, үй тіккені бір шама, отауды қаптатып, мал өрісіне қолайлы аймақ деп, ұлаңғайыр жанталас туғызғаны қаншама! Кешкі кез. Асау толқынды өзеннің кең арнасы, бүгінде тыныш, сәулелі ай, сәулесімен қабаттасып, күмістей жарқырап, ұшқын шашқан өзеннің су беті, нұрлы шапағатқа толы, әсемдене түскендей.

Сол жағада, Күлімкөз құрбыларымен ән салып, ұзақ кешті бірге өткізіп жүретін. Бойында алқызыл көйлегімен жараса түсіп, мойнына байлаған қызыл жібек орамалы, аппақ ажарын ашқандай, жағадағы ай сәулесі, бетіне түсіп, сымбатты келбетімен, ән айтудан жалыққан емес. Бүгінде сол.

Бірақ оның, сүйген адамы бар, алғаш бір көрінді де ғайып болды. Соны ойладыма, көзінің алдында мойыншақтай жабысқан, бір тамшы, көзіне жас алғандай, ән айтқан сайын, есіне алып, ағып барып, орамалымен сүртіп қояды. -Кім екені белгісіз, бірақ жас жігіт, сұлу тартқан ажарымен, ұзақ отырып, әнге қосылып, олда шырқады. Қоңыр назды дауысы, өте сүйкімді естіліп, құрбыларымен бірге болды.

Содан бері көз жазып көре алмай, өкініш болып, нұрлы жүзінің, әсемі суалғандай уайыммен, кеш болысымен күтумен жүрді. Сұрастырған құрбыларыда,

ештеңе айталмады. «Жалт еттіде жоқ болды» дегендей, күткенмен келмеді.

Күлімкөздің ажары түсіп, уайымға батты, не бір сөз алалмай, налыды. Қайран жүрек соғысады тербеліп, айтар уәзі болмағансоң, отырды ма қамығып, «ғашық» болып қалғанын құрбылары сездіме? Іздестіре бастады.

-Хабар болмады, ол бұл ауылдың адамы емес, келген жігіт, жолай соққан «қонақ» болып шықты!-деп қызға жеткізді. Күлімкөз сондада оны ұмытқысы келмеді. Өзі әдейі ән шығарып, құрбылары бірден алып кетті, оларда айтып, көпшілікті ұйытты. «Іздегенім сен едің, келші менің жаныма»-деп, үзіліп барып, іркіліп айтқаны, көзіне жас ұялап, сағынышпен күткеніде сол еді. Кеш болысымен шырқала түсіп, өзен жағасын алып кетті, қайырмасына құрбылары қосылып, жатқа айтатын болды.

Өзеннің арғы бетінде, жағамен өтетін бірғана өткелден, бір ат мінген кісі, сымбатты ажарлы келген ұзын бойлы жігіт, күн ұясына бата бергенде, шауып келіп, өткелден өте берді!

Таныған құрбылары алдынан жүгіре шығып, тоқтатты! Неге асығыс қайда барасың?!-деп, сауал тастады. Мен көрші ауылданмын жылқы жоғалтып, іздеген жерім қалмады!-деді. Кеш болып қалды, бәрібір даладан табар емессің, анажолы қоңыр дауысыңмен әдемі ән шырқап, айтқан едің, соны айтшы, біз бәріміз жағада отырып, ән айтуды күн сайын, Күлімкөз құрбымызбен осында көңілді өткіземіз!-деді. Жігіт атынан түсіп, шылбырынан жетектеп, қыздарға еріп, жағаға кіре берді.

Жағада қасында екі құрбысы бар Күлімкөзді көріп: Сіз бастап, сол кезде қаншама ән айтып тамаша дауысыңмен шырқадың, менің есімде сол дауысың, біразға дейін бойымнан кетпеді, болса тағыда тыңдайық!-деді Аққозы өзін таныстырып, көпшіліктің есіне салды.

- Күлімкөз бірден танып, қолын беріп, танысып амандасты. Жігітке домбыра ұсынып, Күлімкөздің әнін салып, күмірлетіп ала жөнелді, артынан қосылып шырқап, жиналғандарды таң қалдырды, қосылғаны қандай жақсы дауыстар, жандарын ұялатып, бүкіл жағаны алып кетті, аспанда қалықтап, өзеннің айдын дариясымен, алысқа сермеді.

-Аққозы жігітің төресі, оның сұлулық келбеті, қыздар үшін алымбас қамал болғандай болды. Бірақ ол өзінің сүйгеніне жақындаумен болды. Екеуі алғаш қатар отрып ән салғанда, көрген адамдар бұлардың, бұрыннан таныс па?-деп ойлап қалды. Біз қазыр ғана, бір – бірімізді, айқын көрдік, анажолы құр, жолай келгенім болмаса, Күлімкөзге жақындай алмақ түгіл, білмеймінде көп қыздың қайсысын есіңе сақтайсың, тек өзіме ерекше ұнағаны, мөлдір көзді, шалып қалып, көзімді айырмадым!-деді Аққозы, жанындағы жаңа танысқан қыздың қолын ұстап.

Аппақ қолын, салалы саусақтарымен, ұстай алғанымда, бойымды жылытып, жүрек соғысы билеп, не болғанымды білмей, састым бақсам мен қызға «ғашық» болып қалғанымды сонда ғана сездім. Олда жұмсақ қолын, көп ұстатпай тартып алды. Көңіліме ұялаған, дертім қайта сөнгендей болды. Қыз қолын

тартып алғаны, құрбысымен жағаға бет алды. Мен күтумен отырдым, қызға сырымды айтып, жағада болуды жеткізгім келді.

- Бір кезде, көп айналып, қабағы түйулі, солғын тартқан келбетімен, көңілсіз болып, отыра кетті, құрбысы қасында, жасырын өздері, ешкімге естіртпей, «бітпес әңгімені» іштеріне сақтап, ұзақ отырды.

-Күлімкөздің табанда бұлай өзгеруін, мен өзімде түсіне алмадым, тек бір пәленің ат үстін болғанын сездім. Айтуға дәрменім болмады, жаңа таныс болғансоң, қыздың сырын сұрауға батылым жетпеді, және төтеден киліккенім орынсыз ғой!-деп, ұқтым. -Енді маған олда жақындаған жоқ, қолында жолатқысы келмеді. Тек мөлдір көзінің, алдына бір шұғылалы «көздің жасы» білінседе, ол жасырып білдірмеске бекінген болып, төмен қараумен болды, құрбысына басын жақындатып, сөз айтып, тыңдауға құлағын ұсынғандай болды.

-Екеуі жабыса бітіп, бұрын көрмегендей, айырлысқысы келмеді. Әлден соң өз ара сөздері біткендей болды. Ойым енді маған жақындап, қолының ұшын беретін шығар деп, күтумен отырдым, бірақ еш қозғалыс қыз жағынан болмады!

- Неде болса, өзім ішімнен ой қорытып, қыздың қолын сұрауға бекіндім. Күлімкөз сенің неге, көңілің келмей отыр бірдеңе болдыма?!-деді Аққозы жақындай түсіп.

Айта отыр бізде білейік, жаңа таныс болсамда, сіздің бұлай іренжулі қабағыңды білгім келеді, айып болмаса, айтшы?!-деді жігіт суырлып сөйлеп, қыздың

бозарған түрін көріп, аяап кетті. Құрбысыда айт дегендей иек қағып, белгі берді.- Күлімкөз ақырын шыққан дауысымен: Құрбыммен жағаға шығып кеткенім, үйдің маңында толған атылар мен арба жеккен, топ кісілер түсіп, үйді қоршап алғанға ұқсайды «олар маған құда түсуге келгендер» мен енді бұл дүниеде жоқпын, әкем құда түсіп, барып келіп, топ жылқыны үйірімен алған, бір емес, олар тағыда беріп тастады!-деп көзіне жас алып, мұңын Аққозыға жеткізді.

Аққозы орамалымен қыздың көзін сүртіп: Жылама! Мен бір амалын табармын!-деді. Қыз көңілі басылғандай болды! Ашыла сөйлесіп: Маған не айтпағың бар қымсын ба?-деді.

- Аққозы көңілденіп: Айтар сырым бар, қазір құрбыларың кеткен соң, жеке қалғаныңды қалаймын!-деді. Оның дұрыс, әрине қаламын, енді кездесе аламыз ба? Жоқ па? Бір құдай біледі! Әкем біледі!-деді қыз жұлып алғандай. Қыздар кетіп, оңаша қалып, жағадағы биік шөптесін көгалға барып отырды. Аққозы қаптал шапанын шешіп, астарына төседі. Мұңайған қалпы, бұрынғыдай күлкісі бойынан мүлдем кетіп, жүдеулік тартқан келбетімен көңілсіз болып отыра берді.

Аққозы шыдамы таусылып: Сен көп ойлай берме, өз өзіңді құртып аласың, жігерлі қыздың жастығы қайда?!-деді. Мен құр жүрген жанмын, кеудемде тек жаным ғана бар, ертең әкем, күз болысымен, Уақтың жесірісің деп атастырған шал Қапалға беруге уәде еткені, бір жылдың жүзі болды, енді міне олар келіп, айтыстың уажін, туғызып, берген малын сөз етіп, жолдан тайғызбай, бір

жола мені әкетпекші!-деді қыз егіле жылап, көзінің жасын тия алмады.

-Қыз менің ақырғы кездесуім, оң қолымды ұстасы, деп қолын ұсына түсті. Қыз басын көтеріп алып, мөлдір көзін жігітке қадап: Мен сені сарғая күтіп, алғашқы көргеннен бастап «ғашық» болғанымды айтып, ұзақ күттім, көп күттім, келмедің арнап әнде шығарып, қыздармен жағада отырып, бірге шырқадық, өмірлік жарым осы болса екен депте тіледім, бірақ әкенің қатыгездігі, мені «мәңгілікке» құрбан етіп жібереме, деп қорқамын!-деді қыз, уайымға батып.

-Аққозы батылдық танытып, қызды құшақтап, жұмсақ аузынан сүйе бастады, Күлімкөз жібектей созылған денесін жігіттің баурына беріп, кіре бастады, қос қолымен мойнына оралып, ыстық денесін бойына түйістіріп, Жаным! Деген асыл сөздерімен, жігіттің денесіне жабыса түсті.

Бұл олардың алғашқы кездесуі, сүйген жандардың, бір-біріне деген, асыл махаббаты осылай жалғанды! Шын «ғашық» жандар!-десті деумен, құрбылары айтумен болды!

Аққозы құшағын алмай, қыздың көңілін көтеріп, мойнындағы, тұмарын қыз мойнына тағып: Сені әр қашан қорғап жүретін болады, қандай қиындық болсада сүйеп, өзіңе қамқоршы, күш береді, бұл қасиетті тұмар!-деп, айтып ескертті. -Аққудың аппақ мойнындай болған қыздың келбетті мүсініне, әдейі өзі әкелген «қызыл жібек» орамалды мойнына тартты! Бұл менің алғашқы сүйген «ғашық жарым!» -деп, құшақтап, бетінен сүйді. Ынтызары басылмады, арман еткен қызын қалай қиып,

кетерін білмеді. Қыздың көп күткен адамы, өзі армансыз жігітінің құшағына еніп, сүйген жары болып, табысты.

- Қаншама түндерді ойлаумен өткізіп, атқан таңды күтіп, көрем ба?- деген үмітте болды. Ақыры, сүйгені атымен оралды. Алғашқы көргенде-ақ, өзіне лайықты жанды, бірден сезіп, «қыз қылығымен» деген үмітпен, сөз айта алмай қапыда қалғанын, еснен шығармады. Жігітте менің бақытым «сол қызды, іздеп тапсам екен» деумен, қаншама жол жүріп «жайлауға» келуге, уәде етті! -Бұлар отырған Шалқыма өзеннің бір сағасы, көк жиектеніп, өскен ағаштар иіліп барып, су деңгейіне құлаш ұрғандай, сәулесімен, су бетінде қала берді. Бірақ тұңғыық, өте терең, ағысымен жағаны бойлаған.

-Гүлдерге толы саға етегі, жазыққа созылған, жайлаудың жиі біткен, көк бидайығымен жалғасып жатты. Қыз мұңы толастамай, жігіті қанша сүйіп, бауырына тартсада: Мен бақыр, ертең біреудің меншігі болып, күң болып «отымен кіріп, күлімен шығар» жаным бар, ол бәйбішесі, бірінші әйелі, соның үстемдігі жаныма батып, бар арманымды таптап, аяқ етер, қос дұшпанға бермек!

- Соны ойлап, есіме алғанымда, қас дұшпаным, әкем Бошаннан бастап, күйеу сымақ шал Қапалға беріп, мені күз әкетіп, қатын етпек! Қыз кезімде, жас кезімде шалқып өткен өмірім, енді қыспаққа түсіп, саудаға іліктім «қалың малдың» құрбаны болып, өмірім өшкендей болып, қапаста қалдым.

-Әкеме анам мен ағайындарға айтқызып көріп едім «отырған қыз орнын табады»-деген келте жауаппен,

айыптап өздерін балағат етті. Түні бойы ойлаумен, ұйықтай алмай, қаншама жылаған күндерім, басымнан өтті!

Мен сыяқты, жас қыздар қазақтың көз жасын төгумен арман етіп, өзінің сүйгеніне кете алмай, шалдың құрбаны болып, қойнынан бірақ шықты «заманның қасарысқан торын бұза алмай» арманда кетті! Кейде мені осы, Шалқыма өзенінің арнасы, тік жар болып біткен жағасы, мені өзіне тартып, айдаһардай жалмап, жеуге дайын тұрғандай, көз алдымнан кетпей тұрады, мұңды өлім осы ма?!- деп қалам.

Сүйген жарыма, ақтарылып бар сырымды, айтуға тура келді! -Арманым оңынан туса «оралар» деген ойда болып, жаныңда «мәңгілікке» қала берер едім!-деп, жылаумен егіле түсті. Көпке айтылмаған сыр, сол өмірдің өшпей тұрғанында, жарына жеткізу, арманының бар өлшемі «осы сыр» болды.

Аққозы әптен тыңдап, есін жиғандай болып: Жарым! Сәулешім! Күлімкөзім! Мен сендікпін, «өмірлік» сендікпін, мен тірі тұрғанда, сені ондайға жол бергізбеймін, әкеңді сөзге тоқтатар, дұшпанға қарсы тұрар, күш жинап, қанды қолды жендеттердің жолын кесу, бүгін ауылға жетіп, қол жинаймын!-деді, сол бетімен құшақтасып сүйісіп, қимастықпен әрең айрылысты.

Қыз қорқып, үйіне жоламай, құрбысының үйінде, тығылумен болды. Ешкімде іздеп, таба алмады. Қара бұлт аспанды кезіп, күнді шығармай, қара түнек етіп, айналаны солғын ете бастады. Жел тұрып дауылда, жауын болмай, бұлты айдап, әкетіп жатты, бітер емес.

Көңілсіз күй, ел мекенге орнағалы бүгін айтыс пен тартыстың үшінші күні. Бошанның маңайы толған, атты кісілер, іште бір шама Шотабай бастаған Сеңгір, Итбақ, Шөмішбай, айтыстың майталмандары, төрден орын алып, жұмсақ көрпенің үстінде, керіле батып, жеңілденіп сөз майын ағызып «алым-берімді» көп айтып, Бошанды өздріне қаратып «құлаң құйрық самалмен» еркінсініп отырысты.

«Қыз дауы» бітіспестің қамалы болғандай, аяғы таусылар емес. Кезекпен сөйлеп, Шотабай қыз жағын сөзбен басып, дыбысын шығармасқа, тізгін ұстап, қақтырмады.

Еселеп сөйлеп, өзегін түсірді. Бұл атадан қалған, дәуір қазақ- қазақ болып өрбігенде осыдан «төсек жаңартып» жас қыздардың өмірге сәби әкелгені, ата дәстірдің жалғасы, «әкенің өмір жалғасы» бала деп, салды. Сол бала қайдан келді, осы сыяқты, рулы елдің, тумалық жалғасы, құда болып, ағайын -туыстың арасының жалғасы, жан- жанастырып жалғаған «қыздардың» өз тұрмысын, өз орнын тапқаны!

- Мен әлем жердің, бірнеше рулы елдің, сонау Сысыңнан бастап, Батпаққараға дейін, аралап құдалық құрып, силы қонақ болып, қошеметпен шығарып салғаны әлі есімде, тек өздеріңе бір ғана, шет жағын баян еткенім болмаса, қазіргіні басып айтар едім!-деді.

Бошанда қостап: Біраз жерді аралағаның көрініп тұр, бәрініңде ата-дәстірі осындай дегенің орынды, бірақ мен кейінгі әкелген, үйір жылқыны көзім көрген жоқ, өзім санап алып, иешілік ету, менің міндетім, ол

маған берген «қалың малың»бірге сенімен адам жіберіп, сөз түйінін сосын шешерміз!-деді.

Шотабай қызара бөртеп: Біз алдамаймыз, ондай көңіліңізде, күп болса, мен қазір, адам жіберейін, бірақ тез шаруанды бітіріп қайт!-деді. Ол орнынан тұрып, сыртқа тартты, онда өзінің жетерлік адамдары бар болатын, біреуін шақырып алып, әкелген жылқыны, аздық еткізбей, сол жерден, Бошанның көзін ала беріп, бұрынғы әкелген жылқының үйірін қос!-деп, бұйрық жасады, ешкімге естіртпей, құлағына сыбыр етті. Түсінген ол басын изеп, бірнешеуін алып, жайлауға тартты.

Біраз жер, атты адамға алыс емес, бірден Шотабай айтқан «қулыққа» кіре берді. Бұл Бошанның ойынада кіріп шықпады, оған үш-төртеу кемелді биелерді ұстатып, көңілін аулай берді! Бұрынғы әкелген жылқыларын араластырып, орындарын толтырып, Бошанның қасындағы санақшыға, өткізіп үлгірді!

Бошанның көңілі бұрынғыданда өсіп, енді бұлар жағына сеніммен қарауға көшті. Айласын асырған қулар, сол бетімен Бошанмен келіп, Шотабайға алғандығын баян етті. Керей жағындағы, малшының бірі, бұл қулықтарын біліп қалып, санақтың дұрыс өтпегенін Байекенге келіп, жеткізді.

-Жақсыбай, Өтеген, Сабыр, Көшек біліп, іштеріне сақтап «қулықтарын» бетіне басу үшін, амалын күтті. Бірақ олар, оңаша Бошанмен сөйлесіп алуды қалап, Өтеген өзі міндетіне алып, әзірге сөз бастап, сөйлемеді! Істің шындығына жетіп, өтірікті бетіне басу еді. Оларға деген ызасының қайнағаны, көп мөлшерсіз, айтылмай

сөздері кетті. Жас қызды дауа етіп, қалай қимақ, шал өзіде бітіп отырған, бір тісі жоқ, кем иек, айтқан сөздерінің бәрі, түсініксіз еріндерінен шығып бүркемелеп, бірдеңе айтқандай болады! Шотабай жіберген адамдары, айтқанын орындап, құлығын асырып келген соң, бұрынғыдан да ашыла сөйлеп: Мен айтқаным, айтқан қызды осы күзде, кең жайлау, керуен көштіғып, жөнелтуге уәде еткен Бошанның өзі, біздің шешімімізді қабылдағаны құптарлық, мына өзіде отырғой, пікірін айтсын!-деді.

-Бошан бірден: Құданың айтқанына келісем, уақытын өздері белгілесін, біз дайынбыз!-деді. Әне! Жігіт-ақ! Өзімізде осы сөзді күткен едік, болар іс болды ағайын, ендігі елдегі дайындық біздің мойнымызда, отау тігіп, үш күн тойын жасап, отауға қызды түсіру ғана қалды!-деді. Керей жағы бұл шешіміңді қолдамайды, қыз Бошанның қызы емес, «халықтың қызы» жиналған мына қалың жұрт бере қоймас, бергенің болса, алып кет, әйтпесе «құлығыңды асырып, бұрынғы әкелген малыңды екі рет өткізіп» кімді алдамақсың бізді ма?

Ол бола қоймас, алдасаң ашық ауыз Бошаныңмен бола бер, халық бұл қылығыңды жібере қоймас! Нанбасаң мен қазір, екі кісіні шақырайын сыртағы, біреуі өзің жібеген адамың, құлағына сыбырлап, орындалуын тапсырған, ал екіншісі өзіміздің байырға жылқышымыз, солардың сөзін тыңдап көрейік!-деді.

Екеуінде шақырды, көпшілік тек қана болған шындықты айтқызды, Шотабайдың адамы күмілжіп барып, қысыммен болған істі жайып салды! Бошанда аң-

таң, қалай олғанын түсінбей, Шотабайдан көз алмай ұзақ отырды, айтарға сөзі болмады.

Керей жағы басымдық көрсетіп: Аппақ сақалыңмен, бұл қай алдағаның, Бошанды қолдап, құйрығына көпшік қойып, су бүріккенің қалай? Ойлағаның не, алдап, қызды қолға түсіріп, шалыңның қойнына салмақпысың, дұрысыңды айт, ұялмайсың ба?

Бұл ісіңе «өтіріктің түбі-бір-ақ тұтам» деген, біз оған жібермеспіз, тұтасқан қауым ел, оңды шешіміңді күтеді «айла керге, арамза молда» деген, аңдып баспасаң, опық жеуіңің мүмкін!-деді. Жоқ олай демеңіз, біз қай жерде, қай рудың ортасында жүрсекте «құдайға шүкір беделіміз асып, шаруаның басын қайырып, қимастықпен «қоштасып» оралатынбыз!-деді Шотабай тауынан шағылған, мысық құсап!

- Өзің ойлағандай жемтігің болмаған шығар «ұрлықтың-түбі қорлық» деген, осы арада пайда тауып, жылқының денін алып қалып, бөліспек болғандарың, осы отырған көпшілікке айқын «басыймын деп, жасғаныңа» жол болсын!-деп, күле сөйлеп, келемеждеп Өтеген біраз жерге апарып салды, Жақсыбай, Байекенде күлумен болды!

-Бошанда отырып ойласып, ештеңе айта алмай, топшылады. «Алыс-беріс» деген сөздер айтылмай, жайына қалды. Шотабай жақындау үшін: Біз аралас ағайынбыз, татулығымызды берік ұстағанымыз дұрыс, арамыз бұрында ашылып, көрген емес!-деп, мүсәпірсіп көпшілікке ой тастады.

-Өтеген қозғалып: Бұрын қайда қалдың, бет қаратпай, келгеннен бері, барлық сөз «жаман айтпай-

жарым ырыс» деген, өзіңнен шықпады ма? Енді не болды, есегің өліп, тишың кетті ма?!-деді.

- Өтеген мырза: Менің есегімде өлген жоқ, аттарымда сау, тек бір ғана, қыз баланың, өз орнын тапқаны дұрыс болар еді, отырған қыз аталмай тұрғанда, естеріңді жинап, елдігіңді істеп, бізді ақылмен шығарып салсаңдар болғаны!-деді Шотабай. - Шотабай ақсақал! Біз олай істей алмаймыз, жас қызды жылатып, «бақытын үзгіміз» келмейді, оның өзінің өмірі бар, болашақ сүрер дәурені бар, жастық ғұмыр келешегі бар, ақылды-ойлы санасы бар, ешкімнің қолы жетпес сұлулық келбеті бар қызымызды, аспан бетіндегі ай құсатып сақтап отырмыз, бұл көпшіліктің сөзі деп, ұғыныңыз!

- Барсаң еліңеде, осы сөзді жеткізіп, іркілмей айтқаның орынды болар еді!-деді Өтеген, сөз аяғын Шотабайға бұрып. Шотабайдың тишы кетіп, маңдайынан жібсіген тер, орамалымен қайта-қайта сүртумен болды.

- Жанбас қалтасынан қара шақшасын алып, насыбайын ерніне салды, қасындағы түкіргішті жалғыз өзі қасына ұстады. Жеңілденіп, сырт киімін шешіп тастап, қасына қойды. Енді тағыда сөз бастауға, қасындағылармен иек артысып, өздерінше сөйле дегендей, көз қағысты. Ар-намыстың ұяты кеткендей ыңғай танытты, бұл бір емес, әрбір сөздің танабын «қыз дауына» икемдей берді. -Шотабай енді арғыдан бастап: Біз бергенде, молғып тастадық, құданы шала байытып, бірнеше таңдаулы биеге дейін, қолына ұстатып, жуастығын айтып, бергенбіз «алтын көрсе жолынан

тайар» деген сөз бар, сол алтынымыз бүгінде «үйір жылқы» болып бекіді!-деді. Өтеген ұршып түсіп: Шотабай мырза!

Бұл сөзіңнен қайтыңыз, малға сатылар қыз емес, ол елдіктің маңдай алды бетке ұстар қызы, саған оңайлықпен бере қойарма екен, байқап сөйле «сөз білмеген ауырмай өледінің» кебі болып жүрмесін, қазақ-қазақтығымыды жоғалтпайық десең, ымыраға кел, келмесең өз обалың өзіңе!-деді.

-Таусылмас айтыс-жанжалға басты, арам тамақ, арпалыстан қаштының, куәсі болмасын, десең ойланғаның жөн! Барымта қылып, Керей әулеті бере қояр деп, кім айтты?

Қыз әкесі саудаға салған Бошан ба? Ол өмір бойы өкінетін болады, байлыққа қызығып, қызыл итке жем болып, сендердің сөзіңді сөйлесе, халық оны жүнше түтіп бір күнде, ауыл ортасында ұстамайды, бәлкім өздеріңмен кеткенін ұнататын шығарсыңдар, араларыңда құдалық бұдан бұрын басталған көрінеді!-деді.

Өтеген, Жақсыбай, Байекен! Біз адал ниеттің адамымыз!- деп, көкіді. Жорға мінер сендердің реттерің, ақылдасып барып, ауылдан алғызармыз! -деді Шотабай жылы сөйлеп, жылмаң қақты. Жақсыбайда сөзге келіп: Көш бастап келген, өздерің жарылғаныңдар, біз сенен жылқы сұрағанымыз жоқ, бұл не сөзің «оттамай жайыңа отыр»-деп, кесіп тастады.

- Бұл достың сөзі емес, дұшпанның сөзі, қасарысып бір уыс қылып, жеңеміз деп, бәрін салып отырғандарың, түкке тұрғысыз, біз оның адамы емеспіз, құдайға шүкір,

елдімізді сақтап, қызымызды қорғай аламыз!-деді.- Шөп араснан «қоқыс» теріп, қатулы іске мойын бұрғандай, қатал мінез танытып, өз ара бимәлім, мүшкілге тізе бүккендей болды. Сыбыр-гүбір сөздері, басылмады. Не ойлап, неғайбыл істің басын ашпақшы болды. Әсіресе кешкілік, жеке шығып, бітпес сөз танабын, өздері үй маңына шығып «қылмыстың ошағын ашқандай» болды.

-Не ойлағанын, не айтып келіскенін кім білсін? Шотабай қаға беріс жасырын жерге жинап алып, бәріне тапсырма беріп, жөнелтіп жатты! Шотабай арам пиғылын іске асыру үшін: Тез арада, қыздың жігіті Аққозының көзін жойыңдар, ол бізге кедергі болып, ісімізді оңға бастырмай отыр, қыз сонансоң, өзімізде қалады, оны бірге алып кетеміз!-деп, нықып айтты.

-Олардың қайда кеткенін Керей жағы білмеді! Тек олардың ойлағаны «сақтықта қорлық жоқ»деген оймен оңтайланып отыра берді, қалың жұртына сенді. Кеш қарауыта бергенде, Аққозы бастап, ауыл сыртындағы, ағаш арасында, тығылып жолын тосып, бірнеше жігіттерімен, аңдуға көшті.- Сол жерде соққы беру, керек деп, үміттенді. Қалың ағаштың іші, жол осы жердің қасынан шығып, Уақтарға кететін бағыт осылай деп, айтқан болатын. Қолдарында шоқпар мен ұзын құрық, садақ пен үшкір найзамен қаруланған, беріспек емес. Аққозы шыдамы кетіп, шыққан дамылсыз ат жүрісімен ушуды, естіп қасына жолдасын ертіп, Күлімкөз көрсеткен, жағадағы үлкен үйге жақындай берді.

-Күн қараңғы, аңдысқан үй маңындағы топ атыларды көзі шалды. Жақындауға болмайды, өте

қауыпты, досы екеуі, өзеннің ішкі сағасымен, білдіртпей келе бергенде, Аққозының мойнына арқан салып жіберіп, құлатып түсірді!

Тез шақыр!-деп, айтуға келгені сол, арқанмен байлап, терең суға салып, тұйшықтырып, су түбіне жіберді! Сол бетімен Аққозы өліп, өмірден өтіп кетті. Тез жетіп хабар келгенше Аққозы жоқ болды. Аттылар сағаны сүзіп, үй маңындағыларды қирата соқты, ол кезде Қанышта отыз шақты жігіттерімен, жендеттерді атынан аударып алып, соққының астына алып, Аққозыны тез тауып беруін талап етті.

Суға батырғандарды, сүңгітіп денесін алып шығуды жүктеп, бірінен соң бірін суға батыра бастады. Қаныш үй ішіне кіріп: Тоқтат! Енді сендердің ісің бітті Шотабай мырза! Қандай ақымақ адам едің, қыздың сүйген жігітін өлтіртіп, мынау тұрған кәрі қақпасқа қосам!-деп, қаншама күннен бері әурешілікке салып, опат қылғаның жетпеді ма? Енді көксегенің не?-деді.

-Бәрінде түгел ұстауға бұйрық етті: Қыз әкесінде бірге алаңға шығарыңдар!-деді. Алмас, Жандос, Божан Аққозының денесін, судан алып, шығып үй маңындағы алаңға көтеріп алып, табыт үстіне қойды. Қаныш Күлімкөзді іздестіре бастады, ешжерде жоқ, құрбысының үйінеде адам жіберіп білгізді, табылмады.

Әлден соң жылаған құрбысы, асығыс басып өзі келіп: Маған болмады ұстай алмадым, қайдан естігенін білмеймін, Өзеннің жағасына қарай дауыс қылып, жүгіре басып кеткені сол еді, артынан барсам, жібек орамалы ғана жағада қалып қойған, тік жардан құлап:

Аққозымен бірге боламын!-деп тайып отырды, ақтолқын ілезде алып кетті!

Қаныш жендеттерді түгелдей апарып қыздың денесін тапқанша судан шығармады. Алмас пен Жанжос мылтық атып, белгі берді, Аққозыны өлтірген адамның мойнына қыл арқан салып, сүйретумен қара жерге шығарып, денесін жонға тастады. Күлімкөздің денесін әкеп, Аққозының қасына жатқызып, бүкіл ел біткенді жинатып, екі «ғашықтың» өліміне байланысты түгелдей басын қосты, қалыс қалған адам болмады!

Қаныш жиналғандардың алдына шығып, көзіне жас алды: Бұл болмаған, қанды оқиға «ғашық» жандар бір-біріне қосыла алмай, өмірден өтті! Айласын асырған мына тұрған жексұрын Шотабай, қыз әкесі Бошанмен құда түсіп, Уақ еліндегі шал Қапалға беруге уәделесіп, екі жастың өмірін құртып, бақытын үзді, енді олар келмес дүниенің, есігін тасқып жауып, өмірден өтті! Бұған кім кінәлі?

-Мына тұрған сұмырайлар кінәлі, жазасын халықтың өзі берер, енді олар жер бетінде қалай жүрмек?!-деді. Сол кезде бірнеше атты көлік толып кетті, қаладан келген, ояздың адамдары, жауаптыларды ұстап, түгелдей бірін қалдырмай алып кетті. -Көрген ояз басшысы, екі жасты көріп, басын шайқап «қапал өмірде» текке кеткен жандардың, өлімін көріп шошып кетті! Жиналған халық, Қаныштың сөзіне жыламаған адам қалмады, Күлімкөздің құрбылары, Аққозының жолдастастары, қайғыдан қан жұтып, жер қойнауына, бірге тапсырды!

-Ғашық жандар өмірден өтті! Қатыгез заманның, елден есіріп мал жинап, қатын алуды шал біткен кәсіп етіп, тоқтамады! Жас қыздардың өмірін қиып «тоқал» деген жалған атпен айдар тағып, қаншамасын жылатып, бақытын үзді «Шал сипаған денемді, құрт жесіндеп, жартастан қыз құлапты, терең суға» деумен, өлеңді жыр етіп «ұмытылмас ән» қалдырды, сол әнді күнде шырқап, жастар ойын-тойда айтумен, басына түскен «мұңдарын» қосып, шырқап жүрді.

-Қаныш біраздан бері Николаев досымен, хабарласа алмаған соң, Алмас, Жандос үшеуі қалаға жол тартты! Топайкөк алып ұшып отырды, қамшы салғызар емес. Бұл жаздың жаңа басталған кезі, жағалай көк тартып, қалың бөтегеде, гүлге оранған кез болатын.

-Биік дөңестерде тау құсап, көгілдір тартқан әсем келбетін беріп, құлпыра түскен. Жазық даланың сұлу келбетіде, әлі тая қоймаған, жаздың самал желіне ілескен сағымда, алыстан өркеш болып, көзіңді ала берді. Шалқар биігіндегі өзенде, жалпақ суының, дариядай бейнесі, күн сәулесімен күмістей болып, жалтырап жатыр. Көмкеріле біткен ағаштарда, өзен бетіне түсіп, әсем деніп қояды.

-Өзен арнасы дауылды күндері, әсіресе күзде, долдана соғып, жиекті шайып, тік құлама -тік жар еткенін, ауыл адамдары, қорқынышпен айтатын. Сол құбылыс жыл сайын, ағын су болып басталып, арты бұрқыраған көбік шашқан, алып күшке айналып барып басылатын. Ол кезде су маңына балада жоламай, қауыпты «қатерлі» деп, бағалап, айтып қоятын.

-Мұнартқан қала көрнісі, көріне бастады. Биік үйлер, көгілдір тартқан көше ағаштары, дала түзінің бейнесін жасағандай, сәнді болып көрінеді.

-Орталық көше. Алмас аттың басын, орталық кітапханаға бұрды, досыда осында, қызымет еткелі бір шама. Тамаша салынған кірпіш үй, қызыл кірпішпен өрнектеліп, әсем еткен, салушы бір шебердің қолынан өткендей, шеберлігін бірден байқатады! Ат тоқтатып, ішке кіре бердік. Николаев бірден бақылап, келгенімізді біліп, қарсы жүрді, амандасып болған соң, өз бөлмесіне апарып, шаймен силады.

- Қаныш досымен оңаша қалып: Болған оқиғаны жайып салды «екі ғашық» жандарды өлтіріп тынған, аюандардың ісін сөзге тиек етіп, айтып берді. Николаев басын шайқап: Бұл өте аур жағыдай, заманның бұзылып, ескірген өмірдің, өтпелі кезеңі, талай жанның осылай обалына қалып, қайран қылар, ештеңенің болмағаны, әрине өкінішті, тек сақ болып, аюандардың қолына түсіп қалмай, аңдып басу керек!

Олар ға адам өлімі, малдың өлімі сыяқты жаттанп кеткен, бойы үйреніп, әркім өз білгенін істеп, опасыз ойрандап, артына із қалдырмауға тырысады! Қалың қазақ жеріндегі бүгінгі сахара, бау кеспелердің билеген заманы, жауыр-жапа шеккен қара халықты, олар бір сәт есіне алар ма? Екен! Әрина жоқ!-деді.

Қанышта мұқият тыңдап отырып: Дұрыс айтасың, әділдік-адамгершілік түбімен жойылған, билік болыстың қолында, олар өзінің жақтастарына, малы көп, жағыдай жақсы жуандарды топтастырып, ойын-сауықпен жыр еткен, қарапайым шаруа адамды көзіне

қыстырмайды, соларға жаза қолданып дүре соғуға дайын тұрады!-деді. Айтқан сөзің өте орынды, менде осындай пікірде едім!

Бірақ әлі уақыт келер, қаусаған өмір қашанғы тұра бермек, қан төгіс, аласұрған заман, тозып бітер, аларға халы таусылып, халық қостамаған дәуір, өз бетімен шіріп, өлексе болып, құруы ғажап емес, тек бәріне төзімділік пен уақыт керек!-деді Николаев. Қаныш ұйып тыңдап отырды, бұл айтқан ағалық сөзі, өзі оқыған «кітаптың» сөзіндей болып, жүрегінде жаттала берді. Адал ниетті, асыл адам!-деп, бағалады.

Оның әрбір сөзі, өзі көрген, ауыл халқының қазіргі тұрмысы мен тіршілігі, көлденең соққан, опасыз қылықтары, аюандық істерімен, жастардың өмірі мезгілсіз кетумен шектеле берді! Жапа шеккен халықтың күңіренген, ауыр тұрмысы, Қаныштың бір сәт ойынан шықпады, олардың қашанғы дәуірі, іркіліп басылмақ?!- Николаев: Қаныш саған айтар бір жаңалығым бар, Сен Петербургтен оқып білім алдың «инженерсің» жақында Россия жерімен Қазақтың сахарасын қосатын жол құрлысы, басталады!

Солжол сенің қасыңдағы Құшмырын кентін басып өтіп, Орта Азия құрлығына жол тартады, мен соған сенің, мамандығыңды ұсынып, келісіп қойдым, оларда темір жол құрлысшыларының маманы Петербургтен келген, солармен бірігіп істейтін боласың!-деді.

Қаныш бірден қуанып: Өте жақсы болған, бүкіл жастарды өзіммен сол құрлысқа қатыстырамын!-деді. Тек жастар ғана емес, халықтыда тарт, бәріде қолмен атқарылады, тачкамен құм-тас тасып, балшықпен

жұмыс істейтін болады, сондықтан көп қолды керек етеді!-деді досы.

Қаныш бірден: Мен қолда бар өгіз арбамен, ат арбаны жердің топыраған тасып, жол бойына үйуге қоямын, тачкамен тасығанша, өнімде етуге жол ашуы сөзсіз!-деді. Алмас, Жандос қуанып, жұмыс бар, өте тамаша болды ғой, бірақ поезды көрген емеспін, көшкен ел сыяқты, ұзынға созылған бір пәле көрінеді!-десті.

-Қаныш сол бетімен, досымен қоштасып, жолға шықты! Николаев: Мен өзім бастап, басшысын Құшмұрын кентіне барып, таныс етемін, сол жерде жинап алып, халықты жинап, жиналыс өткіземіз!-деді кетерде досы шығарып салып, айтып үлгірді.

-Ауыл адамдарына жұмыс, жақын жерден істеуіне үлкен жол ашылды Қаныш олардың бала-шағалаларын ойлап, тұрмыстары жақсаратынын білді. Келісімен ауыл адамдарына тез тарап кетті, қуаныштары қойнына симай, Қаныштың соңына топтаса бастады. Арбаларын дұрыстап, өгіздерін көлікке үйретіп, мықты ат арбаларының, ауыр топыраққа жарайтын етіп, ауыл шеберлерін жұмылдырып, дайын тұруға бағыт ұстады.

-Қыраң басқан сүрлеу жол, жалпақ даланың төсінен, құмға үйулі жол тартпақ. Ол болашақтың кепілі, қаншама халық келіп, үй салып, маңайына топтасады!-деген сөз. Көп ұзаған жоқ.

-Кешкі кез болатын. Досынан хабар жетті, олар Құшмұрын кентінде, жиналып бүкіл халықты жинап, темір жол салынатындағын айтып, жария ету еді. Қаныш кимелі арбасына отырып, Алмас бастаған топ, Құшмұрын кентіне тартты.- Естіген халықты, өздерінің

ат арбасымен, өгіз арбасына мінген жұрттың қарасы өте көп болды. Алаңғы жиналған халық, сол төңіректегінің бәрі осында, лег-легімен келіп жатты. Николаевтің қасында, бірнеше жол мамандары, басшысы Патухов бар, Қанышты шақырып алып таныстырып, өдерінің қатарын қосып, жиналған көпшіліктің, алдына шыға бастады.

-Петуховтың жанында пероводщигі бар! Сөз бастап Петухов: Темір жол салынатындығын айтып!- таныс етті, осы кенттің басшысы етіп, Қанышты бекітті! Бүкіл жұрт ду қол соғып алып кетті. Қаныш сөзін, осы құрлыс салу ісіне арнады: Адам күші көп керек, топырақ тасып, жердің биіктігін көтеріп, бетіне жарма тастар төселетінін жеткізді.

Сондықтан жұмыстың бәрі қолмен атқарылады, құмды тасуға ат пен өгіз арбасын молғып пайдалау керек, әйтпесе тачкамен, ештеңе шықпайды!-деді. Петухов бірден: Өте дұрыс, ойлап шешкені Қаныштың, еңбек өнімін осылайша арттыру деген сөз!-деді.

-Қаныш тағыда сөз алып: Барлығың бригадаға бөлініп, Алмас, Әсет, Жанжос, Божан басқарып, жұмыс істейтін боласыңдар, тамақты осының басында ұйымдастыратын боламыз, осы мәселелердің бәрін Петуховпен шешетін боламын!-деді.

-Бригадаға бөлініп, жұмыс қыза түсті, тез жол салу, жұмылған халықтың аянбай еңбек етуі арқасында, мыңдаған шақырым жол биіктеліп, тас төселді, енді темір жолдың релісі, тартыла бастады, жол екі-үш айда бітіп, жаңа реліспен поездің келуін күтті.

-Мыңдаған халық келе жатқан керуен көшін көріп, таң қалумен, өгізбен жарысып, атпен шауып, соңынан қалғысы келмеді, қараңғы халықтың өмірінде көрген бір елең болып, қала берді....-Баян Қоңыратқа көшіп келгелі, Маралмен араласы үзіліп, хабарласа алмады. Әкесі ерте қайттыда, нағашысының қолына көшіп келді. Татанның қызы болып, ақылдылығымен, ойын-тойда сөз сөйлеп, жиналған көпшілік алдында әділ сөзді айтқаны, халықтың есінде. Қолынан өнер төгілген қыз, қандай киім болсада өзі тігіп, жарасымды етіп, жұрт көңілінен шыға бастады.

Келісімен жаңа жер, жаңа орын, Баян өзі бастап, қытай жібегінен құрбыларына көйлек тігіп, тамаша желеткелерді, ұлтық оюлармен тігіп, киіндірді. Қыз анасы Айман мен Шолпан Шоқанның анасы, ертеректе Үлкен Қарасуда болып, бірге араласып, апалы сіңілідей, туған болып, біте қайнасқаны ұзақ болды.

-Олар сол жайлауда жыл сайын үйлері бірге болып, қоныстары қатар тігілетін. Айман мен Шолпанның аяғы ауырлап, өздері уәде еткендей босанып, біреуі ұл, екіншісі қыз болып дүниеге келді. Сансызбай, әйелі Айман қызының атын Баян деп атады, Байжұма, Шолпан баласының атын Шоқан деп атап, той қылды. Сансызбай қайтыс болған соң, Айман қызын өсіріп, Баянды қолынан келген өнерге үйрете бастады.

-Өте сұлу қыз барлық өнерді қағып алып, алып кетті. Кешкілік өзі отырған үйдің терезе алдына шығып, ән шырқаумен отыратын. Айман мен Шолпанның арасындағы, бір –біріне сертесіп, ант ішкені, кестелі орамал беріскенін ешкімде білмеді.

-Қыз бір күні мата іздеп, анасының қоржынын қорап отырып, ақ матаға оралған, кестелі орамалды тауып алды. Бірақ ешкімге көрсетпей, арасында тұмары бар, жазылған затты көрді, бірақ оны оқи алмады, құран тілінде, арабша жазылған. Байқап білу үшін осындағы оқыған кіші молдаға көрсетіп, көріп еді. -Молда оқып шығып: Бұл екі адамның арасындағы серті, қыз бен жігіттің аттары жазылған, жігіттің аты Шоқан, қыздың аты Баян делінген! Бұл тұмарды берік сақта, ант беріліп жазылған, оны өздеріңнен басқа ешкім білмеуі керек, сенің қолыңа қайдан түскен!-деді кіші молда.

-Баян шошып кетті, Шоқан деген кім, мен оны білмеймін, бірінші естуім!-деп ішінен топшылады. Үлбіреген саусақтары, сұлу тартқан ажары, қоңыр тартып, қызара бөртеп, бұл оқиғаны білгісі келіп, жұрттан сұрай бастады. Байжұма ауыр науқастан кейін, дүние салды, Шолпан малына қолайлы деп, Үлкен Қарасу бойындағы ауылда баласы Шоқанмен тұрып жатыр!-деді білетін бір қарт кісі.

-Қыз көп ойланып, сол жігітті көруге, ынтығы басылмады, олда жігіт болып, өскен шығар деп, есіне ала берді. Қыз қаншама ой үстінде болды, түні бойы есінен кетпей, алаңдаумен болды.

- Анасынан сұрамады, білмеген болып, жүре берді. Бір күні қыз, ауылдағы үлкен кісіге барып, Үлкен Қарасу ауылы қай жақта екенін сұрап білуге, әдейі жолықты. Қарт кісі: Үлкен Қарасу үлкен өзен, таулы қыраты бар, жайлымға толы жері бар, шағын ауыл, Татандар рулы ел болып, ертеден қоныс тепкен!-деді. -Менде сол жерде туыппын, көргім келеді!-деді қыз. Менің жақын

ағайыным сонда тұрады, барам десең апарайын, ертең осы уақытта дайын тұр! –деді қарт. Баян ақбоз атын дайындап, анасына: «Туған жерімді көріп келемін» қарт кісі жол бастап апарамын!-деді. Онда барсаң, ертеректе көрші болған Шолпанға сәлем айт, мынау сәлемдемені ала бар!-деді анасы.

-Қарттың қасында, тағыда бірнеше кісі жиналып, Баян, ақбоз атымен алға шыға берді. Қарасу үлкен аймақтың, таулы бөктеріне жабыса біткен үлкен өзен, кең жазықпен қосылған өңірдің дариясындай жалтырап, алыстан көз тартады.

- Бұрыннан бұл мекен қазақ баласы үшін қолайлы болып, жайлым еткен көрінеді. Үлкен қарт келе жатып, барлық тарихын айтып, көпшілікке жеткізді. Сондықтан көпшілік «құт» мекендеп айтып кеткен, жайлымыда, суыда жетерлік, дауыл желден қорғайтын, таулы дөңесте, іргелес жатқандай.

-Аттылар келе бергенде, Қарасу ауылы, оймақтай ғана қомақты болып көрінді. Іргесіне дейін бітік өскен жайлым шөбіде әлі сарғая қоймаған, кең жазықты, бөктерге дейін алып жатыр. Шеткі үйге келе бергенде, алдынан жас келіншек шығып, жөн сұраса бастадық. Ол Шолпанның үйін көрсетіп, Шоқан даласында, күреңмен елік атып алып келіп, жанарына байлағанын шеше бергенде, дәл үстінен шықтық! Шолпанның үйі осы ма?-деп, сұрағанша болған жоқ!

-Шолпан үйден шыға келді. Жаным-ау! Баян-ау! Қайдан жүрсің?-деп құшақтап, бетінен сүйе бастады. Бізді іздеп қайдан таптың? Айман шешең аман ба?

-Көрмегелі қаншама жыл болды!- деп, көзіне жас алды. Кел амандас, екеуің осы Үлкен Қарасуда, қатар тудыңдар, Шоқанның өзі ғой! Жүр үйге кіріңдер, Шоқан қонақтың атын байлап, сенде бірге жүр!-деді анасы. Үйге кірісімен Баян : Мынау апамның аманаты, әдейі сізге беріп жіберді, мен туған жерімді көрейіндеп, арнайы келдім, апам мақтап отыратын, әңгімеғып сіздіде айтып, қоятын!-деді. Сұлу Баянның келбеті, аппақ жүзімен жараса түсіп, Шоқанның сұлу жігіт болып өскенін, бірден біліп, көзін айырмады.

-Мөлдіреген қара көзі, жігіттің үстінде болды. Анасы Шолпан бірден екеуінің көз қарасынан біліп, қатар отырғыздыда: Мен Айманмен ашылмаған сырымды айтуға тура келді, екеуіңде ер жетіп, кемеліне келдіңдер, біз бұрын Айман екеуміз, бір кісінің анасындай болып, араласып тұрдық, екуміздің жұбіміз жарасып, қатар босанып, ұл мен қыз туды, осы достығмыз айырылмасын деп, туғанынан атастырып «ант» іштік!

-Сол Баяным өзі іздеп келіп, анасның сәлемін жеткізіп, Шоқанды көріп қайтайын деп, әдейі ат басын бұрып, сонау Қоңыраттан келіп отыр! Мен айтқан уәдемді беремін, Айманда бұған қарсы емес, бала туғандағы, екі үйдің арасындағы аспен жүретін, мәнерлі үлкен тостағанды, беріп жіберіпті, қаншама жыл сақтаған!

- Сол тостаған өзіміздің «антымыз» бұзылмағанының белгісі!-деп, әдейі беріп жіберген! Мен Айманымның айтқан уәдесінде тұрамын, Баяным өзімнің қызымдай болып, сұлу ажарымен, ақылдылығы

жараса түсіп, тамаша болып ер жетіпті!-деді. -Шоқан Баянды алып шығып, ауыл шетіндегі Үлкен Қарасу өзінің жағасна қарай аяңдап, сая- жайға қарай орала берді. Жігітте өзінің сырын айтпақ болып: Баян мен сені бұрыннан естуші едім, анам байқамай, айтып қалғанын бірақ түсіндім, сол есім менің жүрегімде сақталды, бір кездесуге зар болып, ойлаумен жүрдім, сұлу ажарыңа айтумен «ғашық» болып, жүрегімнен шығармадым!-деді.

-Баянда ұнағанын жасырмай: Менде сені, қандай жігіт болды екен деп, күндіз-түні ойлаумен болған соң шыдамадым, барып қайтудуды жөн көріп, өзіңді көріп, танысып білу еді!-деді.

Жігіт қолын созып Банның қолын өіне тартып ұстай берді. Лаулаған от дерсің, жігіттің бойын өзіне тартып ала түсті. Баян: Жаным! Арманым! Қаншама жылдар сағынып, өзіңді іздедім, ешкім білемін деп, айтпады, сол сағыныштан түні бойы көз ілмей, таңды атырумен болдым, тек күткенім сен ғана болып, жүрегімде сақтала берді!

Сол жарқын сұлу келбетің, міне көз алдымда, енді арманым жоқ, «мәңгілік» болып өзіңмен өтемін! Мынау саған арнаған кестелі орамалым, әр қашанда сүйген жарым деп, есіңе алатын боласың!-деп, орамалды ұсынып, қолына бере түсті. Жігіт орамалды қолына алып, құшақтап Баянды, оймақтай аузынан сүйе бастады. Жігіттің сағынғаны, соншалық қос қолымен құшақтап, қыздың асыл денесін бауырына тартып, қыздың қызуын өзіне тарта бастады.

-Қыз Баянда беліне оралып, жібермей, денесін жабыстырып, жігіттің бойын ала түсті. Жігіт өзінің сүйген жұмсақ ернін, жібермей, біраз тұрды. Қыздыңда жанына жағып, құшағын алмай, жігітті өзінен босатқысы келмеді. Ертеңіне Баянды жеткізіп салу үшін, Қоңыратқа атылармен бірге тартты.

-Салмақты қарулы жігіт, сұлу келбетімен, Баянға ұнап, сөз беріп, енді анасы Айманның алдынан өтпек болды! Баянның оралғанын біліп, анасы жүгіре шығып, алдынан: Баянжан!- дей бергенде қыз қасынан бір жігіт шыға келді.

-Айман сасқанынан тұрып қалды. Баян анасына жақындай түсіп: Танымадың ба? Бұл Шоқан емес пе? Шолпан-апаның баласы!-деді. Ойбай-ау! Танымай қалдым, қандай тамаша жігіт болып өскен!-деп, құшақтап бетінен сүйді. -Анасының сәлемін айтып Баян жеткізді. Қонақ болып, қайтарда Шоқан, Айманның алдына барып: Мен Баянның қолын сұрағалы келдім, ұлықсат болса, өзіме жар етіп «мәңгілік» бірге болғым келеді, тек қана сіз ұлықсат етсеңіз болды!-деді.

Әрине беремін, мен берген «антымды»ұмытпаймын!-деді. Олар көп ұзамай отбасын құрды! Қаныш пен Марал құттықтап, тойында болып, ән шырқады....

Ж. Махметов. Қаныш.

Роман.

Формат А5, объем стр. 200. Тираж 20 экз.
«Ұлт ССО» АҚ полиграфиясында басылды

Қазақстан Республикасы.

Астана қаласы. М. Әуезов көш. 28/1

Тел.: 8 (7172) 32-40-15.